

Б 63(5К)

Е59

Қазақ ел балы
шабақ еңбесі



563(5K)
E59

Қанжығалы шежіресі

Павлодар
“ЭКО”
2004

863.2 (5каз)

ББК 63.3(2 К)
И 69

Еңсебаев Т.А.

И 69 Қанжығалы шежіресі. — Павлодар: “ЭКО” ҒӨФ, 2004 ж. - 494 бет.

ISBN 9965-652-65-2

Бұл кітапта Баянаула-Ақкөл Жайылма-Жалаулы өңірін мекендеген Қанжығалы руының тарихы жазылған, ел ішінен жиналған ата-тек кестелері келтірілген, әйгілі адамдарының өмірі әңгімеленген. Сонымен қатар Ерейментаудағы және Көкшетау, Қостанай жерлеріндегі қанжығалылар туралы кейбір деректер берілген. Қанжығалы руының шежіресі толық қамтылды деп айта алмаймыз. Бұл келешекте жалғастырылатын іс. Кітап жеті атасын білгісі келген жастарға, жалпы қалың оқырманға арналған.

ISBN 9965-652-65-2

491436
С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік
университетінің
ғылым кітапханасы
Неучастка Библиотека
Павлодарского государ-
ственного университета
им. С. Торайғырова

ББК 63.3(2 К)
© Инсебаев Т.А.—2004

*Адам ұрпағымен
мың жасайды.*

Алғы сөз

Құрметті оқырман! Шежіре - қазақ халқының ерте заманнан атадан балаға мирас болып келе жатқан қасиетті мұрасы. Адам баласы ержеткенде ойлана бастайды: “біздің ата-тегіміз кім еді, ата-бабаларымыз қай жерлерді мекендеді, қандай ел болдық, арамыздан қандай атақты ел жақсылары, би-шешендер, батыр-палуандар, ақын-жыраулар шықты екен” - деп. Осы сұрақтардың бәріне де шежіре жауап береді.

Арғынның Ақсопысынан Толыбай ұранды Қанжығалы туады. Қанжығалы атауын естігенде бүкіл үш жүздің әскерін басқарған қанжығалы қарт Бөгенбай батырдың есімі ойға түседі. Сол дәуірдің куәгері Бұқар жыраудың бір сөзі былай басталады:

“Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Қаз дауысты Қазыбек,
Шақшақұлы Жәнібек.
Ормандай көп Орта жүз,
Содан шыққан төрт тірек.”

Бөгенбайдың жанына ерген қанды көйлек жолдасы Үмбетей жырау, ақын Олжабай Нұралыұлы, халық композиторы, ақын-әнші Естай Беркімбайұлы, шешен Шәңкі би, арғынның ақсақалы атанған Саққұлақ би, малға бай болған, 10 мыңнан аса жылқы айдағандар Киікбай, Мұрат, Боқты т.б.- барлығы Қанжығалы руының асыл перзенттері. Орта жүздің жамағаты Абылайды ақ киізге отырғызып хан сайлағанда, мереке тойдың қонағасын қанжығалы ағайынды Абыз бен Шомақ екеуі көтерген.

Оқырмандарға ұсынылып отырған бұл шежіре кітабында қазақтың үш жүзіне, Орта жүзге және Арғын тайпасына жалпылама шолу жасалған, Қанжығалы руының тарихына көңіл аударылған. “Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер” дейді халқымыз. Сондықтан ұрпағымыз жеті жұрттың қамын жейтін азамат болып өссін деген ниетпен С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің профессоры Тілеукең Еңсебаевтың жиырмашақты жыл тірнектеп ел арасында жинаған шежіресін жеке кітап ретінде жариялауды жөн көрдік.

“Қанжығалы шежіресінің” жарық көруіне қолұшын берген азаматтарға шын ниетімізбен рахметімізді айтамыз. Сонымен бірге шежіре жинақтау кезінде үлес қосқан адамдарға алғыс сезімін білдіреміз.

Ынтыалы топ:
Кәрімжанов Нұралы, Нүкішев Қуантай,
Рыспанов Бектас, Сүлейменов Құсайын.

*Бұл тарихи шолуды зайыбым
Зеннатқа және
Қанжыгалы қайын
жұртыма арнадым.*

(Тілеукен)

Үш жүз

Көпті көрген қариялар шежірені таратқанда алдымен қазақтың қайдан шыққанына тоқталады. “Атамыз - Алаш*, керегеміз - ағаш” қазақпыз деп шежіреші ақсақалдар қазақтың арғы түбін Алашқа тірейді. Сол заманнан:

“Алаш — алаш болғанда,
Ала тай ат болғанда.
Таңбасыз тай,
Енсіз қой болғанда,
Алаша хан болғанда...”, —

деген ел аузында сақталып қалған сөздер болса керек.

“Алаш” деген сөзге, бұрынғы бір аңызда, былайша түсінік беріледі. Ерте заманда Сыр бойында бір ханның ұлы анасынан алапес болып туыпты. Мұны жаман ырымға жорыған хан, бұл “Алаша” атанған бала өскенде елімді “ала тайдай бүлдіреді” деп, баланың қасына жүз жігіт қосып, шешесі мен баланы ордадан шығарып, Сырдариядан өткізіп, Қаратаудан асырып қоя береді. Айлар өтті, жылдар өтті қуындылар сақара мен тауларды мекендеп, емін - еркін өмір сүреді, кезі келсе бай керуендерден керегін алып қалып отырады.

Мұны естіген хан оларды тәртіпке салмақ болып, жүз сарбазды жібереді. Алайда бұлар барып көрсе, өз еріктері өздеріне тиген жігіттердің тамақтары тоқ, үстерінде жақсы киім, алаңсыз күн кешуде екен. Келгендер де соларға қосылады. Хан тағы жүз жауынгерді жібереді, бұлар да қосылып, осыдан келіп, үш жүз жасақ құрылады. Осы үш жүз жігіт бас қосып ақылдасып,

“Жер таусыз болмайды,
Халық хансыз болмайды”, —

деп, ержеткен Алашты Ұлытаудың басына шығарып, ақ киізге орап, хан сайлап, “Алаша хан” деп атайды. Ешкімге бағынбай, еркін жүріп, ерлік жорықтар жасап, көк найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен төңірегіндегі елдерді бағындырып жүрген жігіттер Алаша ханға ергендіктен “Алаш” деп аталып кетіпті. Қазақтың: “Атамыз Алаш, атымыз қазақ, үш жүздің ұрпағымыз”, — дейтіні осы екен деседі.

“Қазақ” этнонимінің** ескі түркі тілдеріндегі мағынасы - “өз елінен бөлініп шығып, еркін жүрушілер”, “ешкімге бағынбайтын, ер жүрек еріктілер” және “еркін адамдар” деген сөздерді білдіреді.

Ер Тарғын жырында аталған шамамен XIV ғасырда жасаған Сыпыра жырау өз өмірінде қолынан тоғыз ханды өткізіп, толғау айтып, тоғыз ханды түзеткен кісі екен. Сыпыра жырау Алаша хан заманын былай суреттейді:

*“Алаш” сөзін әйгілі түрколог академик В.В.Радлов (т.ж.1837 — 1918 ж.ө.) бүкіл қазақ халқының ұраны деп түсіндірген. “Алаш” сөзі ел, халық деген мағынада да қолданылады дейді ғалым.

** “Этноним” - (грек. этнос - халық, ру, тайпа; онима - ат, есім, атау) - ру, тайпа, халық аттары. Этнонимдердің жалпы жиынтық атауы этнонимия. Этнонимдерді лингвистикалық және тарихи - этнографиялық тұрғыда арнайы зерттейтін ғылым этнонимика деп аталады.

“...Алаш - алаш болғанда,
Алаша хан болғанда.
Аязды күнде қалшылдап,
Арасан оты жанғанда,
Бура мұздан тайғанда.
Шықырлаған буыршын,
Бас көтеріп тұрғанда.
Ханнан қайрат кеткенде,
Биге медет жеткенде,
Хан қашып, би қуғанда...”

Шежірешілер Алаша ханға қараған елдің жазғы жайлауы Ұлытау мен Кішітауда, қысқы қыстауы Сырдария бойында, Қарақұм мен Борсық құмында болған дейді. Ұлытаудан басталатын Жанқабыл өзенінің жағасында “Алаша хан ордасы” деп аталатын үлкен сарайдың орны сақталған. Алаша хан қайтыс болғанда Ұлытаудан ағатын Қара Кеңгір өзенінің оң жағында жерленіп, қабірінің үстіне мазар салынады. Сол “Алаша хан күмбезі” деп аталған әсем жасалған мазар әлі күнге дейін сақталған.

Алаша хан заманында Ноғай, Қазақ, Қалмақ* айрылмай бәрі бір атпен “Алаш ұранды ағайынбыз” деп, бір тақтың билігінде болған. Бұған дәлел ел аузына таралған:

“Алаш-алаш болғанда,
Алаша хан болғанда.
Қазақ, Қалмақ, Ноғайлар,
Бәрі сонда бір болған.
Ынтымағы жарасып,
Жайкүн көлдей бай болған.
Еділ, Жайық, Оралға,
Орған көлдей жайылған...”

дейтін ескі сөздер сақталған екен.

Қазақтың ауызекі шежіресі Алаштан Сейілхан, Жайылхан, Елхан деген үш ұлды тудырады. Қазақ қарияларының: “Біз үш ханның баласымыз” — дейтіні осыдан. Сейілханнан сегіз арыс Түрікмен тарайды, Жайылханнан — Өзбек, Елханнан — Сабиян туады. Сабияннан Айырқалпақ, Айырқалпақтан Майқы би. Қазақта:

“Түгел сөздің түбі бір,
Түп атасы Майқы би”, -

дейтін қанатты сөз бар. Майқы би - әрі шешен, әрі көсем, билік қызметімен қатар сөз өнерін бастаған адам, сонымен қатар алды-артын болжаған әулие кісі екен. Түрік тұқымдас елдер - өзбек, татар, башқұрт, қарақалпақ халықтары Майқы биді өздерінің бас биі деп санаған.

Майқыдан Қазақ, Созақ, Ұзақ атты үш ағайынды тарайды. Созақтан - Қарақалпақ, Ұзақтан - Қырғыз бен Хакас өрбиді. Сол көне заманда өмір сүрген жыраулар айтқан:

“Алаштан қазақ тараған,
Ноғайлы қараған.
Жауға алдырмай ноғайлар,
Бір-біріне жараған.

* “Қалмақ” - ру-тайпа емес, халықтың есімі, ойрат монғолдардан құрылған, қазақтар оларды жоңғар деп те атаған. Монғол тілінде - хальмг. Үлкен тобы Еділдің құйылысына 1635 жылы көшіп келген, қалғандары Жоңғар жазығында, Қытайда. Қалмақ - түркі сөзі, калып қойған, бөлініп қалған деген ұғымнан шыққан.

Ноғайдан қазақ бөлініп,
Үш жүз болып тараған”, -
деген жыр жолдары ұмытылмаған.

Осы жерде түркі тілдес “киіз туырлықты, ағаш уықты” тегі бір алты елдің аттары келтірілген. Ал, жалпы түркі тілдес ірілі-ұсақты халықтардың саны 40-тан асады. Олар - чуваш, гагауыз, әзірбайжан, қарапапах, қаджар, түрік, балқандық, кипрлік, месхет, қырымдық, үрім, түрікмен, қашқай, қызылбас, апшар, шахсыбан (шехсевен), қарадағ, татар, башқұрт, қарашай, балқар (малқар), құмық, қарайым, қырымшақ, ноғай, қарақалпақ, қазақ, өзбек, ұйғыр, тува, ұранқай, тофалар (қарағас), якут (саха), долған, камасин, чулым, сары ұйғыр, хотан, қырғыз, хакас, шор, алтай, салар, бараба. Бұл түрік тұқымдас елдер тізіміне жойылып кеткендерді де қосуға болады. Бұлар: хазар, бұлғар, оғұз, уз (черные клобуки), баджанак (печенег), құман (половцы, кипчаки), көне қырғыз, көне ұйғыр.

Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған, қазақ халқының бірлік-берекесі күшейген заманда (XVII ғасырда) “Алаш” аты жалғыз қазақ емес, “алты алашка”, яғни “алты елге” ұран болған. Қожаберген жырау айтқандай:

“Қазақ, Ұзақ, Созақ пен
Башқұрт, қырғыз, татарлар.
Бір қауым боп біріккен...
Көсемінен бата алған
Алты алаш болып атанған”.

“Елу жылда - ел жаңа, жүз жылда - қазан!” дейді қазақ мақалы. Жәңгір ханның баласы, “адамзаттың данасы” атанған, “Жеті жарғы” заңын шығарған Әз Тәуке хан (1680-1718 ж.ж. қазақ ханы) таққа отырғанда, алты алаштың құрамында өзгерістер болды, алты алаштың тізгінін алты би ұстады:

Ұлы жүзде* - 23 жастағы үйсін Төле би,
Орта жүзде - 21 жастағы арғын Қазыбек би,
Кіші жүзде - 36 жастағы алшын Әйтеке би,
Қырғызда - 45 жастағы Қоқым би,
Қарақалпақта - 85 жастағы Сасық би,
Құрамада** - 52 жастағы Мұхамед би.

Сірә сол заманнан жеткен сөз:

“Бауырымсың қырғызым,
Нанымды бөлген бір үзім.”

Ескі бір аңызда Наурыз Қазақтың ағасы болған делінеді. Қу басты Наурызда ұрпақ болмаған. Әйелі екеуі Қазақтың балаларын бауырына тартып, жақсы көріпті. Көктемде, ұзын сары кезінде, Наурыздың кемпірі: бидай, тары, күріш, қамыр, ет, құрт, сүті бар жеті түрлі азықтан құралған көже жасап, балалардың аузы-мұрнынан шығара бір тойғызады екен. Наурыз өлерінде інісі Қазаққа: “Менде тұқым жоқ, мен өлсем де атым өлмесін, әр жылы менің өлген күнімді тойлап, мерекелендер”, - депті. Сондықтан да, Наурыздың өлген күнін қазақтар жыл басы етіп, “жаңа жыл келді, ырзық келді” деп, ол күн мейрам есебінде, наурыз көже пісіріліп, қазақтар бір біріне қонаққа барған.

*“Жүз” - қазақ жерінде қалыптасқан ру- тайпалық бірлестік. “Жүз” - “дала”, “жак” деген мағынаны білдіреді, “дүз”, “түз” (дала, сахара) сөздермен байланысты” дейді филолог Ж.Досқараев (т.ж. 1887 - 1972 ж.ө.).

** “Құрама” сөзі “қоспа”, “аралас топ” дегенді білдіреді дейді зерттеушілер, қазақтар құрақ көрпені “құрама” деп атайды.

Шежіре мәлімдемесі бойынша Қазақтан үшеу туады: Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс. Оларды Байшора, Жаншора, Қарашора деп те айтады. Ақарыстың ұрпақтары: Жалайыр, Қаңлы, Сіргелі, Қатаған, Сарыүйсін, Шақшам, Шапырашты, Ысты, Ошақты, Албан, Суан, Дулат. Аталған 12 тайпалар* 40 таңбалы Ұлы жүз бірлестігін құрайды.

Ұлы жүз шежіресінде Ақарыста Жұмабай (кей нұсқада Түменбай) деген жалғыз ұлы болған делінеді, одан Кейкі би, одан Төбей туады деп көрсетілген. Төбейдің балалары: Майқы**, Қоғам, Мекіре, Қойылдыр. Қоғамнан Қаңлы мен Қатаған тайпалары шығады. Қатағанның лақап аты*** Шаңышқылы. Майқыдан - Үйсін, Ойсыл туады. Ойсыл ұрпағы - Сіргелі. Бұл жеке дара жіктейтін ірі тайпа. Ал Үйсін ұрпағы Ұлы жүз халқының негізгі бөлігін құрайды.

Үйсіннің ұлдары - Ақсақал мен Жансақал. Шежіре деректерінде Ақсақал абақ таңбалы, ал Жансақал тарақ таңбалы деп көрсетілген. Сондықтан да, кейде Ақсақалды Абақ деп, ал Жансақалды Тарақ деп те атайды. Жансақалдан Жалайыр тайпасы тараған. Туғанда арқасында екі жағына жарылған жалы болған деседі. Содан Жалайыр деп атанған. Шын есімі Құдайберген еді. Басқа бір шежіреде Жалайыр кара күштің иесі, батыр адам болған делінеді. Аншылыққа шыққан бір сапарында құланның үйіріне кезігіп, оны қуып жеткен ол айғырдың кекілінен ұстап тоқтатпақ болғанда, ілгері тартқан айғырдың жалы сыдырылып шоқтығына жетеді. Осыдан кейін ол “Жал айырған”, яғни “Жалайыр” атанып кетеді. Ақсақалдан (Абақтан) – Айдарлы, Сақалды егіз туады. Айдарлы – Бабырәлі, Сабырәлі, Қараша болып үш атаға бөлінеді. Қараша биде екі ұл болыпты: Байдолла, Бәйдібек. Байдолладан Шақшам деген ел таралады. Бәйдібектің ұлдары: Байтоқты, Жалмамбет, Жарықшақ. Байтоқтының баласы Мырзақаз, оны нағашы жұрты Сарыүйсін деп атап кеткен. Жалмамбеттен бес ата Шапырашты, екі ата Ысты, төрт ата Ошақты өрбиді. Жарықшақтың ұлдарының есімдері: Албан, Суан, Дулат. Ұлы жүздің ең көбі дулаттар, дулаттан соңғы көбі – жалайырлар.

Ұлы жүздің “ноқта ағасы” – Жалайыр дейді көпті көрген кәрі құлақтар. Ерте заманда көшті әкесінің үлкен баласы бастаған. Көш алдында ноқталаған түйе жүреді. Түйені жетектеуші, көш бастаушы, “ноқта ағасы” аталған. Бұл атау тегінде қазақ қауымында ерекше мәнді құрмет. “Ноқта ағасына” төрден орын беріледі, рәсім бойынша сый-жоралғысын, сыбағалы тамағын алдымен “ноқта ағасы” атанған елге ұсынады, олар асқа бата жасап, өзге руларға аға болып есептеледі. Орта жүздің құрметтісі “ноқта ағасы” – Тарақты, Кіші жүзде мұндай мәртебе Тама руына берілген.

Қазақтың ортаншы ұлы Жанарыстан жеті арыс ел: Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Керей, Уақ, Тарақты тарайды. “Арыс” сөзі бұл жерде “тайпа” деген мағынада қолданылады. Бұл тайпалық одақ 32 таңбалы Орта жүз деп аталады. Орта жүз тайпаларының арғы ата-бабаларының тарихы, олардың шежірелері бұл еңбектің келесі тарауында қарастырылады.

* “Тайпа” - этникалық қауымдастық, рулық - қоғамдық ұйым. Тайпаның ұраны, таңбасы, шежіресі (генеалогиясы), шығу тегінің бірлігі туралы аңызы болған. “Тайпа - арабтың “тайфа” (жүйе) деген сөзінен алынған” дейді жазушы-академик С. Мұқанов (т.ж. 1900-1973 ж.ө.).

** “Майқы би” - XII-XIII ғасырларда өмір сүрген атақты қазақтың биі, шешені. Рашид ад-Дин өз еңбегінде оны Байқу атымен көрсетеді. Абайдың айтуы бойынша, Майқы би Шыңғысханның замандасы, оны хан көтеруші он екі бидің бірі.

*** “Лақап ат” - кейбір адамдардың түрлі себептермен шын атына қосымша қоятын мадақтау (яғни жалған) ат немесе бүркеншік (жасырын) ат. Лақап ерте заманда атак, данқ деген мағыналарда да қолданылды.

Кіші жүз рулары үш арыстың кішісі Бекарыстан тарайды. Кіші жүз бірлестігі - Әлімұлы, Байұлы, Жетіру тайпаларынан құралады. Әлімұлы: Қарасақал, Қаракесек, Төртқара, Кете, Шөмекей, Шекті деген руларға* бөлінеді. Байұлы құрамында: Шеркеш, Ысық, Байбақты, Маскар, Алаша, Тана, Қызылқұрт, Таз, Адай, Беріш, Есентемір, Жалпас рулары. Жетіру тайпасына Тама, Табын, Кердері, Керейіт, Жағалбайлы, Телеу, Рамадан рулары кіреді. Кіші жүз аталар санына жіктелгенде 25 таңбалы Кіші жүз (алты ата - Әлім, он екі ата - Байұлы, жеті ата - Жетіру) деп аталады.

Кіші жүз руларының жарияланған шежірелері түпкі ата-тегін таратқанда өзара бір-біріне қайшы деректер келтіреді. Біз Кіші жүзге қарасты сол шежірелердің бір нұсқасын ұсынып отырмыз. Кіші жүз Бекарыстан тарайтын болса, Бекарыстан - Мөңке би. Мөңке биден Арғымақ пен Алау батыр туады. Арғымақтан Телеу мырза, Рамадан, Керейіт, Қаракатыс өрбиді. Қаракатыстан он екі ата Жағалбайлы тарайды. Алау батырдың баласы Құдуар Тентек, одан Алшын туган. Алшындар Нәдірқожа, Сәдірқожа, Қадырқожа болып үш тармаққа бөлінеді. Нәдірқожадан үшеу - Тама, Табын, Кердері. Арғымақ пен Нәдірқожаның ұрпақтары қауымдасудың нәтижесінде Жетіру бірлестігін құрайды.

Сәдірқожадан Қаракесек туады, одан Байсары, Әлім, Шөмен тарайды. Байсарыдан - Кете, Шөменнен - Шөмекей, Әлімнің балалары: Ұланак, Жаманак, Қарамашак, Құтгелі, Айнык, Тегенболат. Қаракесектің кара шаңырағына**, атасының қолында өскендіктен, Ұланак ие болған, сондықтан оның ұрпақтарын Қаракесек деп атап кеткен.

Қарамашақтың төрт баласын ел Төртқара деп атайды. Алты ата Әлімұлы ішінде ең көп өскен рулары Жаманак пен Төртқара тұқымдары. Жаманакқа кіретін аталар Шекті атымен танымал, "шекті" деген сөз көп деген мағынада болса керек. Құтгелінің балалары Мамыт пен Түйте, олардың ұрпақтары Кете руына қосылып кеткен. Айнык пен Тегенболаттан тарағандар бір атпен Қарасақал деп аталады.

Алшынның ұлы Қадырқожа малға бай төрт түлігі сай болғандықтан Бай атаныпты. Байдың ұлдарының аттары: Қыдырсиык, Бактысиык, Сұлтансиык, Жалпас, Беріш, Адай, Есентемір, Таз, Алтытабан, Алтыбасар, Дуатимес, Құлақасқа. Қыдырсиыктан - Шеркеш, Бактысиыктан - Ысық, Сұлтансиыктан - Асқар, Маскар, Алаша, Әлке, Тана. Байбақты - Асқар баласы, Қызылқұрт - Әлке баласы. Алтытабан, Алтыбасар, Дуатимес, Құлақасқа үш "Сиыққа" өкпелеп бөлініп көшіп, Іле өзенінің бойына қоныстаныпты деген аңыз бар. Халықтың саны жағынан он екі ата Байұлында ең ірі ру - Адай. "Танысаң алайымын, танымасаң құдайымын" дейтін адайлардан сегіз арыс Сейілхан (түрікмендер) сескенген, - дейді көпті көрген қариялар.

Халық арасында кең тараған үш жүздің сыны:

"Ұлы жүзді қауға беріп, малға қой,
Орта жүзді қамшы *** беріп, дауға қой,
Кіші жүзді найза беріп, жауға қой".

*"Ру" - арғы тегі бір атадан тараған қандық туыстардың тобы. Этнографтар руды "клан", "генс" деп атайды. Руда өз таңбасы мен ұраны болды, ру тайпаның құрамына кірді. "Ұрыстан" - "ұрық", одан "ру" келіп шыққан сияқты" дейді жатушы-академик С. Мүқанов.

** "Қара шаңырақ" - ежелден келе жатқан қазақ дәстүрі бойынша кенже бала ие болатын өке мұрасы, үйі, мал-мүлігі. Бұл дәстүрді этнографтар "минорат" (латын. минор - кенже) деп атайды. "Қара шаңырақ" сол қалпында саятталып "үлкен үй" аталады, ұрпаққа қадірлі, қасиетті ордан болып саналады.

*** Кейбір шежірелерде "қамшы беріп" деген сөздер кездеседі.

Бұл Ұлы жүз – шаруа, Кіші жүз – жауынгер, Орта жүз – бітімшіл, би деген сөз. Қамшы беріп дауға қой дегеннің мәнісі – бұрынғы күнде дауласып, биге келген екі адамның келісімімен би қамшыларын алады екен. Алдына барып қамшыны берсең Орта жүздің биі бітірмей жібермейді деген сөз ғой.

Қазақтың жері ұлан-ғайыр. Мағжан ақынның тілімен айтқанда:

“Еділ, Жайық, Сырдария
Белгілі жұртқа ескі су.
Тәтті, дәмді, тармақты
Ұзын Ертіс, Жетісу.
Осы бес су арасы
Сарыарқа деген жер еді.
Туып өскен баласын
Айбынды алаш дер еді”.

Ұлы жүзге Қазақстанның оңтүстік пен оңтүстік шығысындағы Жетісу, Әулиеата, Шымкент жерлері кірді. Орта жүз Орталық және Солтүстік – Шығыс Қазақстанды мекендеген, бір бөлігі Сырдария, Жетісу жерін алып жатты. Кіші жүз Батыс Қазақстанда Сырдария өзенінің төменгі сағасынан Орал және Тобыл өзендеріне дейінгі кең аумақта орналасқан. Қылыштың* жүзімен, найзаның** ұшымен ұлан-байтақ территорияны ен жайлап жатқанымен көшпелі қазақ елі көрші тайпалармен үнемі берік қарым-қатынас жасап, ат ізін суытпаған. Осыдан да Орта жүз руларының Кіші жүзде сол сияқты Орта жүз тайпаларының аралас жүргені көптеген деректерден мәлім.

Қазақтың тегі туралы сақталған бір аңызда отыз екі рулы елді билеген Қызыл Арыстан деген ханның Қотанбай мен Майқы есімді екі биі болыпты. Қотанбайдың үлкен ұлы Үйсін (Ұлы жүз), ортаншы ұлы Болат (Орта жүз), кіші ұлы Алшын (Кіші жүз) атанады. Ұлы жүз көне Үйсін тайпасының Жетісу жерінде, Орта жүз Арғын тайпасының Сары-Арқа атырабында, Кіші жүз Алшын тайпасының төңірегінде топтасқан. Сондықтанда халық арасында:

“Ұлы жүз - Үйсін,
Орта жүз – Арғын,
Кіші жүз - Алшын” –

деген атаулар кең тараған.

Тағы бір ескі аңызда қазақтың үш жүзі бірігіп, халық болып топтасқанда, ұлыстың туын ұстаған Үйсінге – “Жалау”, ортада жүрген Арғынға – “Көз”, жауға алдымен шабатын Алшынға – “Найза” таңбалары таратылған екен делінеді.

Шежіреші Рахмет ұлы Шынай (Баян Өлгий, Монғолия) ата-тек атауларын былай жіктейді. Жеті ата: 1. Әке. 2. Ата. 3. Әз ата. (Бұл үшеуі Аталар). 4. Баба, 5. Тектін. 6. Төркін. 7. Тұқиян. (Бұл төртеуі Бабалар). Жоғарғы жетеуі бірігіп “Ата-бабалар” делінбек. Енді 3 ағайын, 15 ұрпаққа келейік.

А) Немере ағайын: 1. Бала. 2. Немере. 3. Шөбере. 4. Шөпшек. 5. Өбере.

Ә) Жамағайын: 6. Туажат. 7. Жүрежат. 8. Жекжат. 9. Жұрағат. 10. Жамағат.

*“Қылыш” - ат үстінде айқас жүргізуге ыңғайлы шабу - шаншуға арналған имек жүзді, болаттан соғылған өткір қару. Қылыштардың түрлері: алдаспан, наркескен, зұлпықар, сапы, семсер. Аттары: “қайқы”, “имек бас”, “ақ берен”, “алтын балдақ”, “ақ балдақ”.

** “Найза” - түйреп, шаншып, лақтырып қадау үшін қолданылатын ұзын ағаш сапты соғыс қаруы. Алты құлаш болат найза жалаулы, шашақты, қоңыраулы болады. Ақ найза - асыл найза, көксерек - көк найза, қияқты-ұшы екі дүзді өткір найза, темір ілгегі бар найза - жауды атынан іліп түсіруге арналған, селебе - ұшы қанжар сияқты найза болып бөлінеді.

Б) Қалыс ағайын: 11. Өркен. 12. Әулет. 13. Зәузат. 14. Жаран. 15. Қалыс. XIX ғасырдың 40-шы жылдарында, орыс шеноуниктерінің деректеріне қарағанда, Ұлы жүзде кибиткалар* (шаңырақ) саны 95000-ға жеткен. Ұшан-теңіз Орта жүзде 116500 шаңырақ болды. Кіші жүзде шаңырақ саны 100000-ға жуық деп көрсетілген. Қазақтың белгілі қоғам қайраткері және тұнғыш инженер-теміржолшысы, атақты этнограф Мұхамеджан Тынышбаев (т.ж. 1879-1937 ж.ө.) 1917 жылға дейінгі қазақтың ру-тайпалық құрамын анықтап, олардың санын болжамдаған ғалым. М.Тынышбаевтың болжаулары бойынша 1917 жылы Ұлы жүздегі адам саны – 1170000 болса (25 пайыз), Орта жүзде – 2720000 (41 пайыз), Кіші жүзде – 2040000 (34 пайыз), сонда жалпы қазақ халқының саны 5930000 (100 пайыз) жеткен. Осы 1917 жылдың деңгейіне “мың өліп, мың тірілген” қазақтардың саны 50 жылдай уақыт өткеннен кейін, тек 1969 жылы ғана қайта көтеріле алды.

Демограф - ғалым Мақаш Тәтімұв қазақтың жоғарыда көрсетілген жүздердің құрамының сандық қатынасы 1917 жылдан кейін қатты өзгеріске ұшырады дейді. М.Тәтімұвтың зерттеуі бойынша “Ақтабан шұбырындыда” (1723-1725 ж.ж.) Ұлы жүздің 70 пайызы қырғынға ұшыраса, Қазан төңкерісінен кейін басталған азамат соғысы жылдарында (1918-1920 ж.ж.) Кіші жүздің 50 пайызы, ал 1930-1932 жылдардағы Сталин-Голощекиннің геноцид** саясатының салдарынан Орта жүздің 65 пайызы қырылған. М.Тынышбаевтың кестесінде қазақ тайпалары сан жағынан мынандай тәртіпте орналасқан: 1)Байұлы – 1030 мың; 2)Арғын – 890 мың; 2)Найман – 830 мың; 4)Әлімұлы – 580 мың; 5)Дулат – 460 мың; 6)Керей – 460 мың; 7)Жетіру – 430 мың; 8)Қоңырат – 310 мың; 9)Қаңлы (Шаңышқылымен қоса есептегенде) – 190 мың; 10)Қыпшақ - 160 мың; 11)Жалайыр – 130 мың; 12)Албан – 80 мың; 13)Шапырашты – 70 мың; 14)Уақ - 70 мың; 16)Сіргелі – 70 мың; 17)Ысты – 50 мың; 18)Суан – 40 мың; 19)Сары Үйсін – 10 мың. М.Тәтімұв болжауы бойынша қазақтың ең ірі рулары Қаракесек 200 мыңнан, Адай – 100 мыңнан асқан.

Әр адамның өмірге келуіне әке және шеше жағынан жеті буында $2+4+8+16+32+64+128=254$ адамның қатысы бар (бұлар: әкесі мен анасы, атасы мен әжесі және нағашы атасы мен нағашы әжесі, т.б.). Олардың барлығын еске сақтау мүмкін емес. Сондықтан қазақ қауымында қандас туыстық қатынас тек әке жағынан (еркектер тарапынан) ғана есептелген. Этнографтар бұл туысқандық түрін патрилинидж (әке тармағы) деп атайды. Қазақ халқы “жеті атаға” дейінгі аралықтағы туыстарды “қандастар”, “аталастар” деп санаған. “Ата” шежіредебуын деген ұғымда қолданылады. Қазақ халқының арасында ежелден қалыптасқан салт-дәстүрлердің бірі ағайын туыстардың жеті атаға дейін қыз алыспау заңы. Жеті атаға дейін некелескендер қатаң жазаланатын болған. Бұған дәлел “Қалкаман-Мамыр” оқиғасы. Бұл тәртіп қазақтың өз ұрпағының қамын ойлап, халықтың, ұлттың генетикалық қорына жасаған қамқорлығы. Халқымыздың ру ішінен қыз алыспау, қыз беріспеу дәстүрі сәбилердің (ұрпақтардың) денсаулығының мықты болуына игі әсерін тигізіп отырған. Бұл біздің мініміз емес, мақтаныш тұтар қасиетіміз деуге тұрарлық. Бабаларымыздың ғасырлар бойы қолданып келген бұл шектеуі (нормасы) нағыз дұрыс әдіс екенін қазіргі генетика, медицина саласындағы белді мамандар да, басқа халықтар да мойындауда. Үйленудің, ұрықтың тым

*“Кибитка” - патшалық Ресейде әрбір жеке үй, сакля, жер үй немесе киіз үй деп есептелді.

** “Геноцид” - нәсілдік, ұлттық немесе діни себептер бойынша халықтың бір тобын әлде тұтас бір халықты қырып-жою.

жақындап кеткен жағдайында ұрпақтың әлжін болып (дебильный) туатындығын медицина ғалымдары дәлелдеп жүр.

Қандас туыстардың қан араласқан тұқымы әлсіреп азғындауы, мүгедек балалардың кемтарлардың көбеюі, кейде тіпті тұқым бермейтін бедеулікке душар ететіндігі ғылыми жолмен дәлелденген мәселе. Жақын қандылық некеден пайда болатын қауіпті кеселдердің бірі — тұқым қуалайтын аурулардың көбеюі. Олар — гемофилия (қанның ұйымауы, яғни оның жараланған жерден тоқтамай ағуы), нақұрыстық (идиотия), мықырлық (іштен бірнеше саусақсыз туу) т.б.

Қазақ еліндегі ежелгі дәстүр бойынша бір кіндіктен тараған ұрпақ жетінші буынға жеткенде бөлек елге ұласып отырған. Туыстық аралары жеті атаға толған соң

“Жеті атаға толыстық,
Жеке ел болыстық”, -

деп, өсіп-өнген аталар елге ұласу рәсімін атап өтетін. Ол үшін жеті рудан кісі шақырып, ту бие шалып, той жасап, өз алдына енші бөліскен.

Бір өзектен бөлініп шыққан екі елден сәйгүлік мінген екі жігіт қолдарына ұзын ала арқан керіп, екі елдің қақ ортасына тұрады. Ақсақалдар арқанды ортасынан қиып жібереді. Арқанның кесіндісі екі үлкен қара шаңырағында сақталады. Енді туыстық араға жеті ата толған соң ежелден жекжат екі ел сүйек жаңғыртып, құда болысады.

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы ру-тайпалардан құралып халық болған. Туыстас елдер бір-бірінен бөлек ру болып саналу үшін арада 13-тен 15-ке дейін ата өтуі шарт болған. Бұл туралы басқа рулардың қатысуымен бүкіл тайпаның мәжілісінде жария етілген. Онда рудың өз алдына ұранын, таңбасын белгілеген.

Бір атадан тараған ру мүшелері өздерін туыс деп санаған, оның жыртысын жыртып, намысын жоқтауға жұмылдырған. Қай ру болмасын намысын қолдан бермеген.

“Ағайынның азары болса да безері жоқ”,
“У ішсең - руыңмен”,
“Адассаң, руыңмен адас”

дейтін бұрынғы қариялар. Жайлаулық жерлерге жалпы рулық меншік сақталған. Тек қыстаулық, пішендік, егіндік жерлер ғана жеке адамның меншігінде болған. “Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді” дегендей, ру мүшесінің жасаған қылмысы бүкіл руына жағылған күйе деп есептелген. Мысалы, егер “қанды қол” кісі өлтірсе, бүкіл туыстары болып құн төлейді, оның үстіне “бүлінген елден бүлдіргі алма” деп, ондай рудан басқалар шеттеп, “қанды қолдығын” беттеріне басқан, қыз беріп, қыз алмауға тырысқан.

Әрбір рудың өзіне тән таңбасы мен ұраны болған. Парсы тарихшысы Рашид ад-Динның (т.ж. 1247-1318 ж.ө.) “Жылнамалар жинағы” атты еңбегінде таңба Оғыз* ханның баласы Күнхан тұсында руларға бөлініп берілген белгі деп тұжырым жасалады.

Шыңғысханда** әрбір бекке арнайы ұран, таңба, қасиетті ағаш пен құсты үлестірген екен. Қоңырат Сеңкеле биге ағашың - алма, құсың - сұңқар,

* “Оғыз хан” — аты аңыз болған, VIII-XI ғасырларда Сырдария сағасында өмір сүрген оғыз тайпаларының бабасы. Ол туралы “Оғызнама” деген көне эпикалық көркем туындыда баяндалады.

** “Шыңғысхан” (т.ж. 1155-1227 ж.ө.) Қият тайпасынан, Борджығын руынан шыққан монғол ханы. Өз аты Темучжин, Есукей батырдың ұлы, Хабул ханның шөбересі. 1206 жылы Онон өзенінде жиналған ақсүйектердің ұлы құрылтайында біртұтас монғол мемлекетінің ұлы ханы болып сайланды да, “Шыңғысхан” лауазымын алды.

ұраның - “Қоңырат”, таңбаң - ай болсын, ал Үйсін Майқы биге ұраның - “Салауат”, құсың - бүркіт, ағашың - қарағаш, таңбаң - сырық (үш ашалы) болсын деп шешкен.

Таңбаның ерекше мәні болған. Оны ел аузында айтылып жүрген мақалдардан көруге болады:

“Найзасыз ер болмайды,
Таңбасыз ел болмайды”,
“Ақ найзасы болмаса, ерді қайдан танырсың,
Ең-таңбасы болмаса, малды қайдан танырсың”.

Таңба - әр рудың ерекше белгісі, мөрі. Жалайырдың таңбасы – тарак, Қаңлынікі – шылбыр, көсеу, Қатағандікі - қолтаңба, Сіргелінікі – сірге, құрай, Шақшамдікі – ай, тұмар, Ошақтынікі – тұмар, Ыстынікі – көсеу, шылбыр, Албандікі - құлақты дөңгелек, Суандікі – екі құлақты дөңгелек, Дулаттікі – дөңгелек. Кіші жүз руларының таңбалары: Шеркеш, Алаша-таңбасы бақан, Тана-әліп, көсеу, Таз-қамшы, Адай-садақ, Есентемір-бақан, Жаппас-түйемойын, Телеу-балға, шылбыр, Рамадан-шөміш, Тама-көсеу, тарак, Кердері-тостаған, Керейіт-шылбыр, қылыш, Табын-тарак, көсеу, шөміш, Жағалбайлы-балға.

Таңбаны қызған темірден қарып, жылқының санына күйдіріп басқан. Сонымен қатар ру басылары таңбаны елтаңба және мөр ретінде де қолданған, сол сияқты өлген адамдардың моласының басына құлып тастарға ойып орнатқан. Ру таңбасы сол рудың нысанасы ретінде қолданылған және рудың жалауларына салынған. Таңбаны зергерлік бұйымдарға, қару-жарақтарға ойып, бояп, қашап, құйып безендірген.

Шәкәрім қажының (т.ж. 1858-1931 ж.ө.) шежіресінде түркі халықтарының таңбалары туралы деректер V ғасырдан белгілі екендігі көрсетілген. Түркі халықтары V-VIII ғасырларда ұлы империяларды құрып, түркі оймақ, руникалық* жазбаны қолданған. Орхон-Енисей жазуы деп аталатын, құрамында 35 әріпі бар, түркі алфавитін кейбір шығыстанушылар көне түркі рулардың таңбаларынан туған жазу деп санайды. XI ғасырда өмір сүрген Шығыстың ғалымы, атақты филолог Махмуд әл-Қашқари** өзінің әлемге әйгілі “Түркі тілдерінің сөздігінде” “таңба”сөзіне “ел билеушілердің ерекше белгілері” деген мағына береді. Бұл сөзді бергі XVII ғасырға дейін орыс княздері де пайдаланған. Қазір орыс тіліндегі “таможня” (қазақша “кеден”) деген сөз де өзіміздің “таңба бажы” деген төл ұғымымыздан шыққан екен.

Түркі тектес халықтар ескі аңыздарда өздерінің арғы тегін ғұн ханзадасы мен қасқыр-анадан тараған деп есептейді. Сондықтан түркі халықтары байрақтарына бөріні бейнелеуді салт қылған. Түрік қағанаты заманында (535-745 ж.ж.) көне түріктер жасақтары бөрінің басының бейнесі салынған көк байрақты ту қып ұстаған. IX ғасырдан тарихта белгілі Найман тайпасының Матай, Садыр, Қаптағай руларының таңбалары – көк бөрі болған.

Сонау VI ғасырда ірге көтерген Түрік қағанатында өмірге келген “Бөрілі байрақ” пен “Бөрі басы ұраны” өшпей, құламай халықпен бірге жасап, ұрпақтан ұрпаққа ауыса отырып XIX ғасырға жетіпті.

“Бөрі басы” - ұраным,
Бөрілі менің байрағым.
Бөрілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер қайдағым.

* Руникалық, руна тәріздес, руна – көне скандинавтардың тасқа қашалып жазылған ескі жазуы.

** Махмуд ибн ал-Хусейн ибн Махмуд Қашқари 1072-1083 жылдары “Диуан луғат-ат түрік” түркіше-арабша сөздігін жасаған.

Бөрілі байрақ астында,
Бөгеліп көрген жан емен.
Бөрідей жортып кеткенде,
Бөлініп қалған жан емен.
Бөрілі найза ұстаса,
Түйремей кеткен жан емен.
Бөрілі байрақ құласа,
Күйремей кеткен жан емен, -

деп келетін Сүйінбай Аронұлы (т.ж. 1815-1898 ж.ө.) ақынның жыры осының куәсі.

Ұран соғыс кезінде тығыз таян үндеу ретінде, руластарды бір жерге жинау үшін шақырылған. Жауға аттанғанда ру ұранын атаса, шаппайтын еркек қалмаған. “Өз ұраны” шақырылғанда, атқа мінбеу, сойыл ұстамау ездiк саналған. Жиындарда төбелес шыға қалса, не барымта болса, жер дауы, жесiр дауы сияқты жанжалдарда ру ұраны шақырылған, әр ру өз ұранымен топтанып, өздерiне қарсылас елдi төтеп берген. Әдетте ат бәйгесi, балуан күресi кездерiнде рухын көтеру үшін жанкүйерлер дабыл* қағып ұран тастаған.

Рудың ұраны ретінде ортақ рубасының есiмi алынған, немесе сол рудан шыққан батырдың аты аталған. Ұлы жүз тайпаларының жауынгерлiк ұрандары: Қаңлынікі – “Байтерек”, Қатағандікі – “Айрылмас”, Жалайырдікі – “Қабылан”, “Бақтияр”, Сiргелiнікі – “Тоғанас”, Шақшамдікі – “Бақтияр”, “Майемген”, Сарыүйсіндікі – “Байтоқ”, Шапыраштынікі – “Қарасай”, Ошақтыныкі – “Бақтияр”, Ыстынікі – “Жауатар”, Албандікі – “Райымбек”, Суандікі – “Сикым”, “Рысбек”, Жаныстікі – “Жаныс”, “Төле”, Ботбайдікі – “Ботбай”, “Сәмен”, Шымырдікі – “Шымыр”, “Қойгелдi”.

Кіші жүз руларының ұрандары: Кете ұраны “Майлыбай”, Әлім-“Бақтыбай”, Шөмекей-“Дөйт”, Шеркеш-“Шағырай”, Ысық-“Бәйтерек”, Масқар-“Қаратай”, Алаша-“Байбарақ”, Тана-“Тана”, Байбақты-“Дәуқара”, Қызылқұрт-“Жиенбай”, Таз-“Төремұрат”, Беріш-“Ағатай”, Адай-“Бекет”, Есентемір-“Алдоңғар”, Алтын-“Баймұрат”, Жаппас-“Баймұрат”, Телеу-“Арғымақ”, Рамадан-“Дулат”, Тама-“Қарабура”, Кердері-“Қожахмет”, Керейіт-“Ақсақал”, Табын-“Тостаған”, Жағалбайлы-“Малатау”.

Бар қазақтың әскери ұраны – “Алаш”. “Алаш, алаш!” деп ұрандап айғайлағанда басқа түркі халықтар да ілескен. Ал, ноғайдың жеке ұраны “Ормамбет”, қазандықтар “Ұлығ Мұхаммед” ұранын қолданған, сарт** ұраны – “Көк мазар”. Орыс әскері уралап шабуыл жасайды, мұны да орыс халқының жауынгерлiк ұраны деп атауға болады. “Ура” сөзі ұр (соқ, саба) деген мағынада түркі тілдерінен орыс тіліне ауысқан болса керек.

Рулық қауымнан тыс болып, жүзге кірмейтіндер: қожалар***, төрелер және төлеңгіттер. Қожалар өз шежіресін арабтың Құрейш тайпасынан бастайды. Құрейш, онан Мәлік, онан Таһир, онан Ләуи-Ғалиб, онан Қағиб, онан Мера, онан Қалаб, онан Құссы, онан Әбді Манаф, онан Хашим. Хашим есiмi ру атына айналды. Хашимнің тегінде шын аты Омарвайт болатын. Сол дәуірдегі бір жылы Меккеде қуаңшылық болып, ел ашыққанда, халық

*“Дабыл” - жаугершілікте, жорықта қолданылған соқпалы музыкалық аспабы. Шанағының екі жақ беті терімен қапталып, бір бүйіріне қайыс ілмек немесе ағаш тұтқа бекітіледі.

** “Сарт” - өзбектердің ежелгі отырықшы бөлігінің, түрік болып кеткен тәжіктер мен парсылардың ескі атауы. “Сарт” сөзі үнді тілінен енген-көпес, саудагер деген ұғымды береді. Сарттарда руға бөліну болмайды. Қазақ арасында: “Өзбек өз ағам, сарт - садағам” деген мақал бар.

*** “Қожа” деген сөз араб тілінде – муддарис, аударғанда “оқытушы”, дәріс беруші діни мұғалім деген мағынаны білдіреді.

тасаттық* жасап, сол тасаттықта Омарвайт сорпаға нан тураушы болған, содан арабтар оны Хашим (тураушы) деп атап кеткен.

Хашимнан Әбді әл-Мүтәліп, бұл он ұл көрген. Әбді әл-Мүтәліп туғанда анасы Сәлима атын Шибе деп қойған. Әбді әл-Мүтәліп Мәдинада өсіп, жеті жасқа келгенде Хашимнің інісі Мүтәліп Мәдинаға барып, оны Меккеге алып қайтқан. Жолда Меккеге кіре бергенде, көрушілер: “Артыңа миңгестіргенің кім?” – деп сұрағанда, Мүтәліп: “Бұл менің әбдім (кұлым)” деген. Сонан кейін арабтар Шибені Әбді әл-Мүтәліп (Мүтәліптің құлы) деп атап кеткен.

Әбді әл-Мүтәліптің ұлдарының ішінде ең кенжесі Абдаллах, бұл Мұхаммед с.ғ.с. (т.ж. 570-632 ж.ө.) Пайғамбардың әкесі. Әбді әл-Мүтәліптің ұлдарының біреуі Әбу Талиб, онан төртінші халиф (әмірші) болған Әзірет Әлі. Мұхаммед с.ғ.с. Пайғамбар әйелдерінен Қасым және Ибраһим атты екі ұл көріп, олар кішкене шағында өлген; Зейнеп, Рақия, Мүгілсім, Фатима** дейтін төрт қызы болып, Мүгілсімі бала шағында өлген. Мұхаммед с.ғ.с. Пайғамбардың Расул-Аллах екенін алғашқы мойындаушылар - әйелі Қадисша, інісі Әлі (Ғали), қызы Фатима, асырап алған баласы Зайд, достары Әубәкір (Әбу-Бәкір), Омар (Ғұмар), Оспан (Ғұсман). Сондай-ақ құлы Әбдірахман болған. Міне осылардан тараған ұрпақтар Қожа аталып, қазақтың бір тайпасы ретінде кірігіп кеткен. Әубәкірден тарағандар – Шәмші қожа, Қылауыз қожа; Омар ұрпақтары – Сейітқожа, Қырықсадақ қожа; Оспаннан тарағандар – Смайыл қожа руы аталады. Әбдірахманның ұрпағы Құтайба бабтан тарағандар - Құтайбан қожа, Мүсілім қожа, Көдей қожа, Құйрықты қожа.

Әзірет Әлі ұрпақтары 10-11 руға бөлінеді. Әзірет Әлі мен Фатимада Имам Хасан, Имам Хүсейін, Имам Мұхасан атты үш ұлы болған. Имам Мұхасан 20 жасында жан тапсырған. Одан Мұхаммед Ханафия (анасы Ханифа руының қызы) атты ұлы мен Зұбайда атты қызы қалған, бұлар Бибі Батима ананың қолында тәрбиеленген. Имам Хасанның ұлы Омардан қожалардың Бақсайыс, Қылышты рулары тарайды. Мұхаммед Ханафиядан Әбдрахим Баб (лақабы - Әулие Ата), Әбдіжамил Баб (лақабы - Хорасан) пен Ысқақ Баб (лақабы - Бабата) дегендер тарайды. Бұл үш баб Әзірет Әлідің алтыншы ұрпақтары болады. Әбдірахим Баб ұрпақтары Әулие Ата қожа, Қарақан қожа деп аталады. Әбдіжалил Бабтың үш ұлы болған: Хүсейн, Шәмші Ахмед, Азиз Шайбан. Бұлардан тарағандар – Хорасан қожалар. Ысқақ Баб ұрпақтары Аққожа, Аққорған қожа; осы Ысқақ Бабтың жетінші ұрпағы күллі әлемге белгілі ғұлама Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Иассауи (т.ж. 1103-1166 ж.ө.).

Қазақтың жер-жеріне қожа нәсілдері келіп, жұртты мұсылмандық жолға бастап, діни медреселер ашып, бала сүндеттеп, өлік шығарып, тіпті сол елді басқару жұмыстарына да араласқан. Қожаларды қазақтар “асыл сүйекке” жатқызыған. Өздерін Мұхаммед с.ғ.с. Пайғамбардың тікелей ұрпақтары деп санаушы қожаларды Орта Азияда әулиелер деп санайды, оларды “Сеид” деп атайды.

“Төре” қазақтың байырғы сөзі, жоғары құрметті төр орнының иесі деп танылады. “Төр иесі” деген сөз қысқарып “төресі”, “төре” болып өзгерген деп түсіндірме сөздікте көрсетілген. Ескі түркі тілінде “төре” сөзі “тәртіп орнату, реттеу” мағынасында қолданылған. Қазақ халқы төрелер деп Шыңғысханның үрім-бұтағын, яғни қазақ хандары мен сұлтандарының ұрпақтарын атаған.

“Төбесіз жер болмайды,
Төресіз ел болмайды.

* “Тасаттық” - құрғақшылық болып, жаңбыр жаумай, шөп шықпаған жағдайда халық ортадан мал шығарып, оны қорым басына, өзен жанына апарып сойып, асып, жеп, құран оқып, жауын тілейді.

** “Фатима” - қазақ фольклорындағы Бибі Патима пірім, Бибатима ана.

Төрелі жерге ел тоқтайды,
Төбелі жерге мал тоқтайды”, -

деген аталы сөздер бар.

Орта ғасырларда қазақ қоғамын, қазақ мемлекетін билеуші қазақ ханы деп аталды. Хан өлсе оның тағына мұрагерлік ретінде ұрпағы – ханзадасы отырған. Сұлтан (араб тілінде- билеуші, әмірші) деп ханның хандыққа ие болмаған ұлдарын атаған. Көшпелі қазақ хандығында басқару жүйесі былай жіктелген: отағасы, қос ағасы, ауыл ағасы, ата (аймақ) ақсақалы, (ел ағасы) ру басы, тайпа (арыс) басқарушы биі, ұлыстың сұлтандары. Онда сұлтан орта ғасырларда жергілікті билеушілердің лауазымы деп түсініледі.

“Ұлттың құты – хан,
Рудың құты – би,
Аймақ құты – ақсақал,
Ауыл құты – бәйбіше”, -

деген сөз сол ескі заманнан сақталса керек. Дәстүр бойынша қазақтың хандары мен сұлтандары да өздерінің ата-бабаларының шежірелерін сақтап, ұрпақтан ұрпаққа қалдырып келді.

“Әлем сілкіндіруші” Шыңғысхан құрған империясын Жошы*, Шағатай, Үгедей, Толы деген төрт ұлдарына бөліп, еншілеп берген. Сонда Ертістен батысқа қарай Жетісудың теріскей бөлігін қамти отырып, төменгі Еділ бойына дейінгі жерді қоса бүкіл Дешті-Қыпшақ** Жошының үлесіне тиген болатын.

Қазақ хандығының болашағы үшін өмірлерін аямаған, ғұмырларының көбін ат үстінде найза ұстап өткізген төрелер Жошының Тоқай-Темір деген ұлынан тарайды. Тоқай-Темір, онан Өз-Темір, онан Қожа, онан Бадағұл, онан Орыс хан. Орыс ханнан жеті ұл туады. Сол ұлдардың үлкені – Тоқтақия, екіншісі - Құтылық-Бұқа. Тоқтақиядан Болат, одан Керей хан (шамамен 1456-1473 жылдар арасындағы Қазақ хандығының ханы). Керей ханның ұлы Бұрындық хан (1480-1511 ж.ж. қазақ ханы). Ал Құтылық-Бұқадан Құтузақ, одан Барақ, одан Жәнібек хан (1473-1480 ж.ж. қазақ ханы). Сонда қазақ хандығының негізін қалаушылар Керей Орыс ханның шөбересі, ал Жәнібек шөпшегі болып келеді.

Жәнібек ханның 9 ұлдарының бірі Қасым хан (1511-1518 ж.ж. қазақ ханы) мен Хакназар хан (1538-1580 ж.ж. қазақ ханы). Жәнібек ханның ұлы Әдік, онан Таһир хан (1523-1533 ж.ж. қазақ ханы) мен Бұйдаш хан (1533-1534 ж.ж. қазақ ханы). Жәнібек ханның ұлы Сөк, онан Бөлекей-Қоян, онан Батыр, онан Айшуақ, онан Ырыс, онан Қажы, онан Әбілқайыр хан, онан Кіші жүз хандары тарайды. Жәнібек ханның ұлы Жәдік, онан Қожа Махмұд хан (1534-1535 ж.ж. қазақ ханы), Тоғым хан (1535-1537 ж.ж. қазақ ханы) және Шығай хан (1580-1582 ж.ж. қазақ ханы). Шығай ханнан Тәуекел хан (1582-1598 ж.ж. қазақ ханы) мен Есім хан (1598-1645 ж.ж. қазақ ханы). Орыс ханның қызыл туы Есім ханның қолында қалған. Тарихшы Құрбанғали Халид (т.ж. 1843-1913 ж.ө.) төре төрт туға*** бөлінген дейді, мысалы, бертінгі әйгілі төрелер: Әбілпейіз - қызыл тулы, Абылай (т.ж. 1711-

* “Жошы” (т.ж. 1187-1227 ж.ө.) – монғол ханы, Шыңғысханның тұңғышы, үлкен баласы. Анасы Бөрте- Қоңырат руынан, Дайсечен қызы. Жошы ханның 17 ұлы болған делінеді.

** “Дешті-Қыпшақ” - XI-XV ғасырлардағы Еуразияның далалық бөлігі. Оның құрамына Сібір тайгасынан Сырдарияға дейінгі және Алтай жотасынан Карпат тауларына дейінгі кең байтақ дала кірген. Қазақшаға “Қыпшақ даласы” деп аударылады.

*** “Ту” - найза ұшына байланатын жібек мата, қолбасылық белгісі. Оның түрлері: байрақ - әскербасылық белгісі, жалау-әскер бөліктерінің айыру белгісі. Батырлар белгісі - дулығаға тағатын шашақ, жыға, бау.

1781 ж.ө.) жасыл (көк) тулы, Санияз — ақ тулы, Жолбарыс (т.ж. 1690-1740 ж.ө.) шұбар тулы.

Шығай ханның екінші әйелінен асылзада Оңдан сұлтан туады. Бұл Оңдан батыр болып, аңызға айналған Қорама деген алысқа ататын білтелі мылтығы* болып, Ұзын оқты Оңдан сұлтан атанған. Оңдан қызыл ту астынан шығып, өзінше дербес ақ ту көтерген. Оңдан сұлтанның бесінші ұрпағы- Барақ. Барақтан тарағандар - Қарқаралы, Семей уездерінің төрелері. Барақтың ұлы Бөкей хан, Бөкейден- Әлихан Нұрмұханұлы Бөкейханов (т.ж. 1866-1937 ж.ө.)- 1917 жылы Орынбор қаласында құрылған Алашорда үкіметінің басшысы.

Есім ханның ұлы Салқам Жәңгір (1645-1680 ж.ж. қазақ ханы), немерелері Әз Тәуке (1680-1718 ж.ж. қазақ ханы), Уәли сұлтан, Бақи сұлтан. Тәуке ханның ұлы Болат хан, онан Әбілмәмбет хан- қызыл тулы төрелердің бабасы. Әбілмәмбеттен Әбілпейіз, онан Бопы, онан Семей уезінің төрелері тарайды. Әбілпейізден Көгедай, онан Ажы, онан Қасымхан, онан Жеңісхан, онан Әлен. Бұлар 1785-1934 жылдары Монғолияда Абақ Керейлердің хандары болып сайланған. Әбілмәмбеттен Болат, онан Сатемір, онан Құдайменді, онан Әкім, онан Қарқаралы уезінің төрелері тарайды. Тәуке ханның ұлы Сәмеке хан, онан Есім, онан үбірлі-шүбірлі Қоңыркұлжа Құдаймендин, онан Ақмола уезінің төрелері тарайды.

Жәңгірұлы Уәли сұлтаннан Қанішер Абылай туады, онан Көркем Уәли, онан Абылай хан. Тәуке ханның ұлы Болат хан баласы Әбілмәмбет ханзадаға қызыл ту беріп, өз орнына қойып, Абылайға жасыл (көк) ту беріп, кейбір тайпаларға басшы қойған. Соңынан Абылай хан өз қабілетімен Орта жүздің бәріне, Ұлы жүздің көбіне, Кіші жүздің біразына ие болды (Құрбанғали Халид. “Таурих хамса”).

Белгілі ғалым - саяхатшы “қазақтың шамшырағы” атанған төре Шоқан Уәлиханов (т.ж. 1835-1865 ж.ө.) Абылай хан он екі әйелдерінен 40 қыз және 30 ұл көрген дейді. Абылайдың тұңғышы Уәли хан, оның ұлдарынан Көкшетау төрелері тарайды, ал Уәлидің Тәуке деген баласының ұрпақтары Павлодар уезінің Баянауыл төрелері. Абылайдың бір ұлы Қасым сұлтан, Қасымның бес әйелінен 15 ұл туған, олардың ішінде қазақ сахарасының атақты ханы Кенесары және ерекше ерлік, зор қайрат көрсеткен тамаша найзагер** Наурызбай батыр. Кенесары (т.ж. 1802-1847 ж.ө.)- Орта жүз ханы (1841-1847 ж.ж.), Абылай ханның немересі. Орыс патшасына қарсы 10 жыл бойы (1837-1847 ж.ж.) ұлтазаттық қозғалысты басқарған. Қазақ хандығын патшалық Ресей езгісінен босатып, бұрынғы қалпына келтіру, елдің бүгіндігін сақтау, іргесін бекіту, қазақты халық ретінде сақтау үшін соғысқан. Кенесарыдан Шымкент уезінің төрелері тарайды.

Жәңгірұлы Бақи сұлтаннан жасыл (көк) тулы Ибақ туады, онан Жолбарыс пен Сұлтанбет, Сұлтанбетте 11 ұл болған, олардың есімдері: Орыс, Иман, Үкібай, Тортан, Ботай, Ботакөз, Матай, Шаншар, Құлтай, Құлшық, Қараш. Бұлар Павлодар уезінің төрелері, Орыстың ұрпақтары- Маралды төрелері, Иманнан- Күрлеуіт Қыпшақ төрелері тарайды. Үкібайдан- Қызылқак, Сілеті төрелері, Тортаннан- Жарымбет Қыпшақ төрелері, Матайдан- Актілес Бәсентиін төрелері, Құлтайдан- Жолаба Қыпшақ төрелері, Құлшықтан- Сағал Қыпшақ төрелері, Қараштан- Құлатай Қыпшақ төрелері тарайды.

* “Мылтық” - бертін садақтың орнына қолданған батырлардың оқ дәрімен атылатын қаруы. Алысқа ататын ауыр білтелі мылтықтар “самқал”, “қозыкеш”, “күлдыр-мамай” деп аталған.

***“Найзагер” - найзаны шебер меңгерген батыр. Жақсы қолданатын қару түріне қарай атты жауынгерлер балташы, қылышкер, найзагер, шокпаршы, садақшы деп бөлінген.

Төрелер ұраны- “Арқар”, таңбасы- тарақ, қожалар ұраны- “Қожахмет”, таңбасы- өліп. Арғын төрелерінің ұраны- “Абылай”, Найман төрелерінің ұраны - “Санқай”. Халық:

“Арқар ұранды төре,
Алла ұранды қожа,
Алаш ұранды қазақ”, -

дейді.

Тәуке ханның “Жеті жарғы” заңында төрелер мен қожалар ақсүйектер тобына жатқызылған. Рулық қоғамның ескі салтының бірі- “қанға- қан, жанға-жан” дәстүрі, яғни “күн”* алу. Күн сұраушыларды “құныкер” деп атаған. Егер жер дауында, жесір дауында, мал дауында, ар (намыс) дауында, барымтада кісі өлтірілсе, “Жеті жарғы” бойынша өлтірілген еркек үшін кісі өлтіруші (қанды қол) оның туыстарына 1000 қой, әйел үшін 500 қой төлеген, ал сұлтан мен қожаны өлтірген үшін жеті адамның құны алынған. Сол заманда қазақ арасында: “төресіз ел болмайды, қожасыз қазақ арам қойылады” деген сөздер кең тараған.

Кім болса да ханның жанында жүрген, төреге ерген, төренің күтушісі болған “төлеңгіт” атанады. “Төлеңгіт” деген сөз қазақ сөзі емес, ол Алтай тұрғындарының “теленгіт” деген сөзінен алынған. Теленгіттер оңтүстік алтайлықтарға жатады, өздерін жер атына байланысты Чу кижі (Чу өзенінің кісілері) деп атайды. Олар Кош-Ағач және Усть-Коксин аймақтарында тұрады. Шәкәрім қажы қазақтар теленгіттерді шапқанда, тұтқын болғандарды төлеңгіт деп атаған дейді.

Төлеңгіттер хандардың, сұлтандардың басыбайлы әскери қызметшілері, атарман-шабарман жасауылдары және малайлары болған. Көшіп-қонып жүргенде төрелердің малын бақты, отын жақты, төрені күту мен қорғауында жүрді. “Төлеңгіт- төренді күт” деген нақыл сөз сол дәуірде айтылса керек. Төлеңгіттер көбінесе жаугершілік кезінде қолға түскен тұтқындардан құралған. Басында бостандығы бар қазақтар да төлеңгітке айналған. Олар малы жоқтар, жетім-жесірлер немесе жазықты болғандар, жазаға тартылудан сақтанып төрелерге баруға мәжбүр болды. Хандар мен сұлтандарға тәуелді төлеңгіттер мыңдаған отбасынан құралды. Мысалы, Абылай** ханның өзімен бірге көшіп-қонып жүретін мың үйден астам төлеңгіттері болған.

XIX ғасырдың ортасында Қарқаралы дуанының бір болысы*** “төлеңгіт болысы” деп аталған (қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Шұбартау ауданының жерінде орналасқан). Болыс төрт рулардан құралды: Мамадайыр, Мамашық, Құсшы және Қалмақ төлеңгіттерден. Мамадайыр мен Мамашық аталары ерте заманда Арғын тайпасының Қуандық руының Алтай тармағынан бөлініп шыққандар. Құсшылар Алатаудағы қырғыздардың ұрпақтары, қазақ-қалмақ соғысы кезінде Қазақстанға көшіп келгендер. Ал, Қалмақ төлеңгіттері қайдан шыққанын осы рудың аты көрсетіп тұр.

* “Күн” - кісі өлімі үшін төленетін айып. Қазақтар “алдына келсе - әкенің құнын кеш” деп, көбінесе өлім жазасының орнына күн сұраған. “Ердің құны - екі елу”, “Ердің құны жүз жылқы. Ер жігіттің ары мың жылқы” деген қанатты сөз - көненің көзі.

** “Абылай” (т.ж.1711-1781 ж.ө.) қазақ ханы (1771-1781), Көркем Уәли сұлтанның ұлы. Азан шақырып қойған аты-Әбілмансұр, лақап аты - Сабалақ, лауазымы - Абылай хан. Абылай хан - атақты қаһарман, батал қолбасшы, шебер ұйымдастырушы, дарынды мәмлегер, өктем әкім болды.

*** “Болыс” 1. Болыс (волость) — дуанның (округтың) бөлімшесі, құрамына 10-12 әкімшілік ауылдар кірді. 2. Болыс (волостной управитель) — болысты басқаратын әкім, болыс басшысы. Болыс екі жылға қазақтан сайланған.

491436

Төлеңгіттердің тарихы мен қазіргі жағдайы туралы мәліметтер үшін қолдануға рұқсат етіледі. Алматы облысының тарихи-өлкетану орталығы. Алматы қ. 2014 ж.

XVIII ғасырдың аяғында Абылай ханның арнайы жарлығымен төлеңгіттер теңдік алып, жеке тайпа болып атала бастады. Төлеңгіттер өздерінің руларының жеке шежірелерін жүргізген, олар Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз жерлерінің бәрінде де кездеседі. Сан жағынан аса көп болмағанымен қауымдасып өмір сүріп, қай жерде кездессе де төлеңгіттер бір-бірін қандас, қарындас санап қыз алыспайды.

Қанша руларға бөлінсе да қазақ бірін-бірі жатсынбаған, түбі бір тұысқан еншіміз бөлінбеген “қаны бір қазақпыз” ғой деп, бір-бірімен қыз алысып, қыз берісіп, өзге рулармен құда - құдағи, нағашылы-жиенді, жезде-балдыз, бөле, бажа, абысын-ажын, жекжат болған. Ру қазаққа бөліну, араздасу үшін емес, достық, бауырмалдық, туыстық қатынас үшін қажет болған. Қазақта: “Сұраса келсең, қойыныңдағы қатының қарын бөле болып шығады” деген мақал бар.

Орта жүз

Үш Арыстың ортаншысы Жанарыстың екі әйелі болыпты. Бірақ әйелдері көпке дейін бала көтермепті. Бір күні бала көрмей зарығып, қамығып жүрген Жанарыстың үйіне ойламаған жерден мейман болып, ел аралап жүрген алты қожа кез келіп: “Біз құдайы қонақпыз”, - деп ескерте кіреді.

Ой, құдайым-ай, берді ғой,

Бала беретұғын әулие-әнбиелер келді ғой,
деп отағасы қонақтарына қошемет көрсетіп, үйде барын алдарына төгіп, алтауына қонақ асына алты қой сойыпты. Осы қойлардың етін жеп тауыспай, жібермейтін болыпты. Кетерінде үй иелерінің көрсеткен қонақжай пейілдеріне, тартылған мол сый-сияпатына қатты риза болған қожалар алты ұлға әке боласың деп, перзент тілеп, шын ықыластарымен “Жалғыз басың мың болсын!” деп ақ бата береді.

Халықтың:

“Батамен ер көгерер,

Жаңбырмен жер көгерер”, -

деген дана сөзі бекер айтылмаған. Көп ұзамай қожалардың тілегі қабыл болып, Жанарыс отауында бірінен соң бірі алты ұл дүниеге келеді. Жанарыстың бәйбішесі төрт құрсақ көтерді, тоқалынан екі ұл туыпты. Оларға сол аяғы құтты қожалардың құрметіне орай Қарақожа, Аққожа, Ақтанқожа, Дарақожа, Есімқожа, Қасымқожа (Ақтанберді) деп ат қояды. Бәйбіше баласы Қарақожадан-Арғын тарайды, Аққожадан-Найман, Ақтанқожадан-Қыпшақ, Дарақожадан-Қоңырат. Тоқалдан туған Есімқожадан-Керей, Қасымқожадан-Уақ тарайды. Орта жүз тайпаларының ең көбі Арғын “аға баласы” саналып, жол-жүлдені өзгелерінен бұрын алады.

Арғынның апасы Тоты қыз күнінде оң жағында* отырып бір төреден бала көтеріп, оның атын Тарақты деп қойыпты дейді көп жасаған көне құлақтар. “Қыздан туғанның қиығы жоқ” яғни бөтендігі жоқ, деп оны Арғын өз бауырына салады**. Тарақтымен қосылып, Орта жүз жеті арыс ел атанған.

“Атадан туған алтау едік,

Өле-өле жетеу болдық,” -

дейді халық нақылы.

Жазушылар Ақселеу Сейдімбеков, Медеу Сәрсекеев (Тарақты тайпасының тумалары) жария еткен шежірелерде Жанарыстан Қарақожаны тудырады, Қарақожа үш әйел алған адам дейді. Бірінші әйелі Әлимадан Нұржан атты қыз, Тарақты есімді ұл туады. Екінші әйелінен Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат туса керек. Үшінші әйелінен Керей мен Уақ туыпты-мыс.

* “Оң жақ”. Салт бойынша бой жетіп отырған қыздың өз үйіндегі орны оң жақта болады да, қыз осы оң жақта отырып, күйеуге кеткенше ойнап –күлу, қызықтау салтын жасайды. “Құлынтайдай ойнаған оң жақ” дейтін қазақ.

** “Бауырына салу” – біреудің баласын асырап алуы, яғни “бауырына салуы” ежелден бар қағида. Асыраушы адам баланың оң қолына асық жілік ұстатады. Асық жілік ұстаған бала сол үйдің баласы деп есептеледі. Бұл үлкен дәлел, куәлік есебінде жүреді.

Қарақожаның балаларының ішінде қыздан үлкені Нұржан, ұлдан үлкені Арғын, ең кенжесі Тарақты екен. Қарақожаның қара шаңырағы ең кенжесі Тарақтыға қалған делінеді.

Орта жүзге жататын жеті арыс елдің арғы аталарының есімдері әр шежіреде әртүрлі.

“Арғыннан әрі барсаң адасасың,
Ми жетпес көп дүниеге шатасасың.
Ол кезде сен де жоқсың, мен де жоқпын,
Несіне шежіреге таласасың?” -

деген екен Орта жүздің шежірешісі Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Тағы бір шежіре нұсқаларында Үш Арыстың ортаншысы Жанарыстан Дана би туады, оның үш баласы: Қоянбай, Жарғақ және Тарғақ екен. Қоянбайдан Сары Керей, Жарғақтан Қара Керей, Тарғақтан Уақ Керей тараған деседі. Келесі бір шежіреде Сары Керейден Абақ және Ашамайлы керейді таратады. Енді бір шежіреде Найманның бес жасында әкесі өліп, үлкен атасы Сарының тізесінде отырыпты дейді-мыс.

Ел арасында ескі ғұрыптан сақталған:

“Аға өлсе- жеңге мұра,
Іні өлсе- келін мұра,
Ат өлсе- сауыры мұра”, -

деген мақал бар. Найманның шешесі Күнке әмеңгерлік* әдет бойынша қайнысы Қоянбайға тиеді, олардан Керей туады. Осыған байланысты ел аузында:

“Арғын-Найман аталас,
Найман-Керей енелес”, -

деген сөз тараған.

Басқа шежіре дерегі бойынша Найман тоқсан жасқа келгенде бір қызға үйленіп, көп ұзамай қайтыс болады. Оның жас әйелін Қоңырат алады. Екеуі жесірлес болғандықтан, Найман-Қоңырат туысқан екен деген сөз сақталған.

Ел арасында тараған аңыз бойынша Уақтың анасы ері Жаубасар қайтыс болған соң, ата жолымен оның ағасы Керейдің әкесі Ойшыбайға тиеді. Сондықтан да Уақ Керейдің інісі болып есептеледі. Кейін олардың ұрпақтары да жайлауы ортақ, өрісі бір болып, көрші қонып, аралас-құралас жүреді.

Орта жүз тайпаларының таңбалары: көз (екі бүйірі біріккен қос дөңгелек ∞) — Арғындардың, қос әліп** (тік қос сызық ||) - Қыпшақтардың, босаға (П-әрпіне ұқсайды) - Қоңыраттардың, тік қосылған сызықтар — Керейлердің, тарақ - Тарақтылардың, бақан, ашамай — Уақтардың, бақан, босаға, шөміш — Наймандардың ру тайпалық белгілері деп саналады, Найман тайпасының ішіндегі рулардың таңбалары: Қаракерейдікі — мүйіз, Матайдікі — бөрі, Қаптағайдікі — босаға, бөрі, Сарыжомарттікі — ергенек*** (Н-әрпіне ұқсайды), Бағаналынікі — бақан, Балталынікі — балта.

Орта жүз тайпаларының жауынгерлік ұрандары: Арғындікі- “Ақжол”, Наймандікі-“Қаптағай”, Қыпшақтікі-“Ойбас”, Қоңыраттікі-“Алатау”,

* “Әмеңгерлік” (латын тілінде - левират) - қазақтың ескі неке заңы бойынша жесір әйел жас болса, ол қайтыс болған ерінің ағасы не інісіне, яғни әмеңгерге тұрмысқа шығады. Бұл жөнінде:“Жесір ерден кетсе де, елден кетпейді” деген мәтел бар.

** “Әліп” - араб әліпбиінің бірінші әрпі, тік сызық болып салынады.

*** “Ергенек” — киіз есіктің сыртынан көлденең қоя салатын тосқауыл ағашы, есік бастырғыш. Ергенекті киіз үйге мал, ит кіріп кетпеу үшін істеген. Мұны ит кірмес деп те атаған. Сондықтан да, “есіктен ергенек кетсе, ит еруге еркіндік алады” дейді мақал.

Керейдікі- “Ошыбай”, Уақтікі- “Жаубасар”, Тарақтынікі- “Жауқашар”. Олардан тараған бергі рулардың да аталық ұрандары бар, Қанжығалынікі- “Толыбай”, Тобықтынікі- “Маябоз”, Қарауылдікі- “Қарақай”, Бәсентиіндікі- “Барлыбай”, Атығайдікі- “Ошбай”. Найман тайпасына жататын рулардың ұрандары: Қаракерейдікі- “Қабанбай”, Садырдікі- “Алдияр”, Терістаңбалынікі- “Жарылғап”, Қаптағайдікі- “Бөрібай”. Есімі ұранға айналған әйгілі адамдардың ішінде аса қасиетті әйелдер де бар: Арғынның Қаракесек руы Қарқабат анасының есімін ұран тұтқан, Арғынның Сүйіндік руының ұраныда асыл аналарының есімімен “Жолбике” деп аталған.

Найман- қазақ халқын құраған ең ірі тайпалардың бірі. Мұхамеджан Тынышбаев (Садыр руының тумасы) 1917 жылы наймандардың жалпы саны 830 мың адам болған дейді. Қалың Найман туралы Қалжан ақын қаракесек Кемпірбай ақынмен айтысқанда, былай депті:

“Көзіңді аш, ауыр жатқан Найман елмін,
Көз жібер ауданыма кімнен кеммін.
Жүз елу болыс болған Найман заты,
Қаз қонып, үйрек ұшқан шалқар көлмін.
Балталы, Бағаналы, Терістаңбалы-
Арынды тау суындай қалың селмін.
Өрдегі тоқсан болыс елді қоссаң,
Алдыңда асу бермес сары белмін”.

Қазақ шежіресінде Найман “тоғыз таңбалы Найман” деп те аталады. Олар Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл, Көкжарлы, Бура, Бағаналы, Балталы, Терістаңбалы. XVIII ғасырда өмір сүрген Сарышуаш жыраудың:

Тоғыз таңба найманнан,
Тоғыз құйрық ту алып,
Тоғыз түмен қол шықса,
Қол ағасы - Қабанбай!, -
деген өлең жолдары бар.

Шежіре деректері бойынша Найман тайпасы үш үлкен рулар бірлестігінен тұрады. Біріншісі- Сарыжомарт, бұл таңбасына байланысты Ергенекті Найман деп атанған. Екіншісі- Терістаңбалы, оны Елата деп те атайды. Олар таңбаларын теріс, яғни жылқының сол жағына басады. Үшіншісі- Өкіреш, одан Төлегетай, одан Қытай, одан Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл. Бұлар “төрт Төлегетай” атанып кеткен, ұрпақтары Семей, Жетісу өңірінде. Олардың негізгі тобы XIX ғасырда Зайсан уезін*, біразы Семей, Өскемен, Лепсі уездерін мекендеген.

Қаракерейдің Қожамбетінен тараған аталар монғолдармен шекарада, Алтын тауында, екі болыс ел. 8 старшын** Қожамбеттер Зайсан уезінің Қалжыр болысында Марқакөлді айнала қоныстанған. Алтай тауында, Қытаймен шекарада Ақнайман елі тұрады, бұлар бір болыс ел. Қазақтың азаткер батыры атағы жер жарған Ер Қабанбай (т.ж. 1691-1769 ж.ө.) Қаракерейдің Байжігіт атасынан. Оның есімі Қаракерей руының ұранына айналған. Қабанбайға ілесе, оның туып-өскен ортасынан Жұмықтан- Дәулетбай, Өмірден- Шағалақ, Тоғастан- Қосай, Дәуленнен- Күшік деген арыстан жүректі батырлар шыққан. Най-

* “Уезд” – Ресей империясының облыс құрамындағы әкімшілік аймақ. Колониялдық Қазақстанда 1867-68 жылдары құрыла басталды. Уезд 15-20 болыстарға бөлінді. Уезді патша офицері (уездный начальник) басқарды. XX ғасырдың бас кезінде қазақ жерінде барлығы 26 уездер болды.

** “Старшын” – 1. Старшин – болыстың бөлімшесі, құрамына бірнеше ауыл кірді, 100-200 түгін болды. 2. Старшын (старшина) – елдің, рудың бір тобын (атасын) басқаратын адам, сайланып қойылатын басшы.

ман жоңғар* жаугершілігі заманында талай ел қорғаған ержүрек батырларды дүниеге әкелді. Олардың ішінде жауға ойран салған Матай Бөрібай, Садыр Алдияр, Мұрын Боранбай, Тума Шынқожа, Тоқпақ Қасабай, Байғана Шөрек, Қаптағай Қарашоқай, Қызай Есенгелді, Бағаналы Оразымбет т.б. бар.

Қаракерейдің Сыбан атасынан ажалға қарсы шапқандар, айбынды ерлер Еспенбет батыр, Ақтамберді жырау шыққан. Ақтамберді (т.ж. 1675-1768 ж.ө.) Найманның рубасы, көсемі, әскербасы батыры. Сонымен қатар

“Жауға шаптым ту байлап,
Шепті бұзым айғайлап.
Өлім деген ойда жоқ,
Жалынды жүрек қан қайнап.
Ерлер жұртын қорғайды,
Өлімге жүрміз бас байлап”, -

деген Ақтамберді жортуыл жыршысы, әлуетті жырау да болған.

Найман ішінде ең танымал аталардың бірі- Сыбанның Жанкөбек тармағы. Үмбетей жырау Абылай ханға сүйеу болған қоғам қайраткерлерін былай атайды:

“...Аруағына болысқан,
Әділ билік қылысқан.
Қашпаған қандай ұрыстан,
Керейде батыр Жәнібек.
Қаз дауысты Қазыбек,
Қу дауысты Құттыбай,
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай”.

“Сұңқардан сұңқар туар саңқылдаған” дегендей Жанкөбектің жеті буын ұрпағы тілге шешен, ақылға бай, беделді билер болған. Халық көңілінен шыққан әділ қазылар Нарынбай би- Қу дауысты Құттыбай би- Байқара би- Ақтайлақ би (т.ж. 1720-1820 ж.ө.)- Кеңесбай би- Жарқынбай би- Жұмақан би (1925 жылы 55 жаста). Бұлар Найман тайпасын, Қаракерей руын, Сыбанды басқарған төбе** билер болды.

Жеті атасы би болған —
Жеті жұрттың қамын жер,
Кенеттен би болған —
Құлақ-миын, жағын жер, —

деп қазақ бекер айтпаған.

Матай рулар бірлестігіне Аталық, Кенже, Қаптағай рулары кіреді. Аталықтан Құттымбет, Тәттімбет, Сүттімбет туады. Құттымбетте екі ұл болады, олардың есімдері Құтым мен Шағыр. Аталық Ұлы жүздегі Қараша бидің баласы Бәйдібекке арнайы құда түсіп, оның Қызайым деген қызының некесін қидырып*** өз немересі Шағырға алып береді. Қызайымның мінезі

* “Жоңғар” - ойрат монғолдың бұрмаланып айтылған есімі. Монғол тілінде - зүүнгар. “Зүүн” - монғолша “сол” (жақ), “гар” - қол (әскер), сонда жоңғар “сол қол” деген мағынада. Шыңғысхан әскерінде ойрат тайпалары әскердің сол қанатына жатты.

** “Төбе би” - негізгі шешімді айтатын бас би. “Би” деген қазақ ұғымында азамат ісінің соты. Бидің міндеті дауласқан жақтың ісімен танысып, екі жақтың пікірін, өтініш, арызын айғақтар арқылы тындап, қолына үкілі қамшы ұстап, кесім, билік, шешім айту. Төбе бидің кеңесшісі “сүбе би” деп аталған.

*** “Неке қию” — қасиетті ұғым, беріктік шарты, көпшіліктің алдында жасалады, бас қосқан ер мен әйел жұпты болғандығын мақұлдайды, неке суын ішеді. Үлкендер жақсы тілек тілеп, қол жайып бата береді. Жеті атаға толмаған (туысқан) қыз бен жігіт некеге отырғызылмайды.

дарқан, адамгершілігі жоғары, бітім-болмысы, ақыл-парасаты анасы Нүри-лаға тартады.

Қызайым сұлу он жеті жасында алыс Найман еліне ұзатылады. Барған жерінде Қызайым тәрбиелі мінезі, тәлімгерлік ісімен елге танылады. Кейде ел ішіндегі даулы істерге араласады, әділ шешімдерімен халыққа ұнайды. Ел даналары: Қызайым айтса болды, біз келісеміз деп, оған сенім білдіреді. Найман еліне Қызайым есімі кең таралып, кейін ол “Қызай” этнониміне айналып кетті. Қызайымнан- Дербіс, Бегімбет, Итемген, Меңіс деген төрт ұл дүниеге келген. Сөйтіп, Аталықтың ұрпағы шешесінің атымен “Қызай Найман” аталып кеткен. “Білсең қызайыңмын, білмесең құдайыңмын” дейтуғын олар Қытайда Шынжаң өлкесінде, Құлжа қаласының маңында тұрады. Қызай руы орыс патшасының езгісіне бағынбай XVIII ғасырдың орта шенінде бұрынғы Талдықорған облысына карасты Тоқты-Барлық таулары бойынан қоныс аударып Ілеге құятын Кеңес, Текес, Хас деп аталатын үш өзеннің бойына көшкен. Қазір бұл аудан Іле аймағы деп аталады. 1840 жылғы дерек бойынша Қызайлар 16 болыс, 40 мындай шаңырақ болған. XX ғасырдың алғашқы ширегінде олар 19 болыс елге жетті.

Қаптағай Жетісу бойындағы ел. Қаптағай руы Лепсі, Қапал уездерін мекендеген. Мұның екі болысы Қарауылжасық деген ел, Қарауылжасықтан екеу: Болат, Мұрат, бұлар Өскеменге қарайды, Бөкен өзені деген жерде. Кеңже Матайдан екеу: Мәмбет, Үмбет. Үмбет Қапалдан Қараталға дейін жеті болыс ел. Кеңженің ұрпақтарының қоныстары Семей уезінде болған. Садыр наймандар Лепсі, Жаркент, Қапал уездерінде орын тепкен. Төртуылдар кара Ертістің екі жағасын мекендеген бір болыс ел болған.

Сарыжомарттар - үш болыс ел. Өскемен мен Семейге екі болысы қараған. Ал үшінші болыс ел Ертіс жағасында Бесқарағайда. Көкжарлылар Өскемен уезін мекендеген. Бұлардың жартысы Алтай тауында, жартысы Ертіс бойында. Барлығы 8 болыс ел болған.

Елатадан - Келбұқа, Кетбұқа, Келбұқадан- Балталы, Кетбұқадан- Бағаналы руы қалыптасқан. Кетбұқа жырау Шыңғысханның биі болған. Шыңғыстың ұлы Жошының өліміне “Ақсақ құлан” деген күйді тудырған атақты күйші.

“Ертеде ел бар екен қалың Найман,
Қытайда қалың Найман қанат жайған.
Қалың Найман ішінде Бағаналы,
Қазақта бақсы асқан жоқ Қойлыбайдан”, -

деп жырлайды Мағжан Жұмабаев. Қойлыбай бақсы Қорқыттың шәкірті болып саналады. Балталы, Бағаналы елі Атбасар уезіне қараған, Ұлытаудан Қаратауға дейінгі жерлерді қоныстанған. Бұлар 15 болыс болып, Шудың бойында, Сарысуда бытырап жүрген елдер.

“Тоғыз таңбалы Найманның” бірі Бура деген ру. Бурадан Досық, Сырдақ, Сұрша, Шеге тарайды. Досықтан шыққан аталар: Қара Қондыбай, Сары Қондыбай, Жәуетей. Сырдақ- Ақтаз, Қаратаз, Мұңсыз болып бөлінеді. Сұршаның тармақтары- Айдаболым, Бозқозы. Шегеден екеу: Шарық, Дүрбеуіл. Қазір бәріде өсіп-өнген елдер.

Қаржас Атамбектің қызы Мөр Дүрбеуіл Найманға ұзатылған. Дүрбеуілдің немересі Қаңлы Қаржас шешелеріне еріп келіп, нағашысында тұрып қалған дейді. Қаржастар оған әйел алып беріп, енші бөлген екен. Қаңлы тұқымдары Қаржас ішінде өскендіктен, түгелдей “біз Қаржаспыз” деп кеткен.

Қазақ хандығы мен Жоңғар хандығы арасындағы соғыста* Бура елінен жауынан әке, ана кегін қайтарып, ерен ерлік көрсеткен Ақпантай, Байко-

* “Қазақ – жоңғар соғысы” Қазақ Ордасы мен Жоңғар Одағы (кейін Жоңғар хандығы, 1635-1758 ж.ж.) арасында 1520 жылдары басталып, азғана үзілістермен 1758 жылға дейін, яғни екі ғасырдан астам уақытқа созылған. Қалмақ пен қазақ шабысқан кезді халық “Құба қалмақ заманы” деп атаған.

шқар, Қонақай деген қайсар, ержүрек батырлар шыққан. Бура руы- үш болыс ел. Бұлар Семей, Павлодар уездерінде Ертіс бойында орналасқан.

Қазақ шежірешілері “тоқсан екі баулы” Қыпшақ тайпасын Қарақыпшақ, Қытайқыпшақ, Сарықыпшақ, Құланқыпшақ деп төртке жіктейді. Ең көбі- Қарақыпшақ. Қыпшақтардың жалпы саны 1917 жылы 160 мың адамға жеткен екен. Басқа түркі тілдес халықтардың құрамында да қыпшақтар бар.

Ел арасында кең тараған, қазақ халқының сүйіп тындайтын “Қобыланды батыр” жыры былай басталады:

“Қарақыпшақ Қобыланды,
Атасы мұның Тоқтарбай.
Көздікөлді жайлаған,
Қалың Қыпшақ жағалай.
Қыс қыстауы- Қараспан,
Әліп таңба Қыпшақтың,
Атағы озған Алаштан”.

Қарақыпшақтан бестаңбалы Қыпшақ- Бұлтың, Торы, Ұзын, Көлденең, Қарабалық тарайды. Анай шешей, Қарақыпшақтың зайыбы, өз балаларының кім боларын құрсағында жатқанда байқаған. Әр ұлының мінез-кұлқын алдын-ала болжап, соңынан олар қандай адамгершілік қасиеттеріне ие болатындығын да дәлелдеген. Анай шешей былай жырлапты деген аңыз бар:

“Бұлтың бітті бойыма,
билік кірді ойыма,
Торы бітті бойыма,
зорлық кірді ойыма,
Ұзын бітті бойыма,
ерлік кірді ойыма,
Көлденең бітті бойыма,
саудагерлік кірді ойыма,
Қарабалық бітті бойыма,
байлық кірді ойыма”.

Бұлтың екі буынға бөлінеді: Уәріс, Бегіс болып. Уәрістен тараған аталар: Ожыралы, Сағал, Қосқұлақ, Жарымбет, Қосайдар, Құлатай, Мадияр, Жанайдар, Сандық. Бегістен екеу- Жолаба, Күрлеуіт. Ел аңызы Қосқұлақ пен Жарымбетті егіз туған дейді. Беттері мен құлақтары жабысып туған егіздерді емші ажыратқанда, бірінің құлағы екіншісіне, ал екіншінің бет терісі алғашқысына ауысып кеткен. Бір бетінің терісі кеткені Жарымбет, ал қосқұлақтанып бөлінгені- Қосқұлақ атанса керек.

Бұлтың руының Түтел, Жазы, Қожым деген жалаң төс, жүнді балақ батырлары қазіргі Павлодар облысының солтүстігіндегі Сілеті өзенінің бойында, Жалаулы көлінің жағасында ел іргесін сақтаған, ойрат*-монғол шапқыншылығына қарсы күресте ерлікпен қаза тапқан, мәйіттері сонда жерленген. Бұлтың қыпшақтар Павлодар уезіндегі Ұрық пен Қызылағаш болыстарын мекендеген. Павлодар уезімен шекаралас Көкшетау, Ақмола, Омбы жерлерінде де Бұлтыңнан тараған аталар қоныс тепкен.

* “Ойрат” - орта ғасырларда Батыс Монғолиямен Жоңғарияны мекендеген монғол тайпаларының ортақ атауы, монғол тілінде “жақын, туыс адамдар”, яғни бір рудың, тайпаның адамдары деген мағынаны біліреді. Ойраттар құрамына Дербет, Торғауыт, Хошоуыт, Чорос тайпалары кірген. Олар Дурбан Ойрат (Төрт Ойрат) деп те аталған. Қазақтар оларды қалмақ деп атаған.

“Торымын, құдайдан басқаның зорымын” деген Торыдан: Қитаба, Түйішке, Көкмұрын, Шашты (шын аты - Кенжеғұл) тарайды. Белгілі әнші-ақын, ардақты балуан-сері Иманжүсіп Құтпанұлы (т.ж. 1863-1931 ж.ө.)-Шашты атасынан. Созақта 1930 жылы болған шаруалар көтерілісіне қатысқан Иманжүсіп ОГПУ*-дің үштік қаулысымен 1931 жылдың 2 наурызында Жамбыл қаласында атылған.

...Әкем- Құтпан болғанда,
Ағам- Шоңай,
Кісі емеспіз біз шыққан
Жерден оңай.
Атшабарын болыстың
Сабаушы едім,
Аяғын байлап тастап
қойдан да оңай.

...Тумай жатып өш болды маған болыс,
Аударылды сол үшін талай қоныс.
Сатырлатып сабаушы ем шеттерінен,
Мынау ояз демеуші ем, мынау болыс!

...Бұл жалғанда мен қалай тұрақтайын,
Желді күнгі от тиген құрақтаймын.
Аузы түкті кәпірдің талайларын,
Бақыртып сабаушы едім ылақтайын.

... Сусыз жерге ауылым қона алмайды,
Кері кеткен тірлігің оңалмайды.
Жүз қатыны қыпшақтың ұл тапса да,
Бәрібір Иманжүсіп бола алмайды!

Шаштыдан алаштың атақты азаматы, “Қоқан автономиясының” үкімет мүшесі, Ұлы Отан - Түркістан үшін от кешкен Мұстапа Шоқаев (т.ж. 1886-1941 ж.ө.) шыққан. Торы қыпшақтар Торғай, Қабырға, Жыланшық, Сырдария өзендері бойын мекендеген.

Ұзын - Алтыбас, Алтыс болып екі тармаққа бөлінеді. Ұзын қыпшақтар арасынан батырлар мен күш иелері көп шыққан. Кенесары ханның үзенгілес досы, майдандас серігі Иман батыр, оның немересі даңқы елге жайылған Аманкелді батыр (т.ж. 1873-1919 ж.ө.), күш атасы, түйе палуан Қажымұқан Мұңайтпасұлы (т.ж. 1871-1948 ж.ө.) осы Ұзынның ұрпақтары. Торғай жерінде 1916-шы жылғы ақ патшаға қарсы ұлт-азаттық көтерілісті басқарған атақты Нияз бидің немересі Әбдіғапар (т.ж. 1870-1919 ж.ө.) Ұзын қыпшақ руынан. Торғай елі Әбдіғапарды ақ киізге көтеріп хан сайлаған. Шежірені өлеңмен жазуды бастаған ақын Нұржан Наушабаев (т.ж. 1857-1919 ж.ө.) Алтыс атасынан тарайды. Ол әрі ақын, шешен, әнші, күйші, балуан болған адам. Онын 1903 жылы Қазан қаласында шыққан “Манзумат Қазақия” деген кітабында өлең түрінде қазақ шежіресі жарияланды. Ұзындар 1887 жылы 2000-дай түгін болған екен. Ыбырай Алтынсарин (т.ж. 1841-1889 ж.ө., бұл да Ұзынның ұрпағы) тек Торғай уезінің Қарақопа, Сарықопа, Қараторғай болыстарында ғана шамамен 1600 түгін болғанын жазады.

Көлденеңнен Мимық, Биғашты деген аталар тарайды. Мимықтан: Шаңдыаяқ, Сасық, Көккөз, Арық, Бұлғашы, Қыжық деген алты ұл туады, ал

* “ОГПУ” - біріккен мемлекеттік саяси басқармасы (объединенное государственное политическое управление при СНК СССР). 1923-1934 жылдары мемлекеттік қауіпсіздігін қорғаған жазалаушы орган.

Биғашты екіге тармақталады: Берді, Бейімбет боп, Бейімбеттен- Тыныбек, Науша. Көлденең қыпшақтар Омбы, Челябині, Қорған облыстарын қоныстанған.

Қарабалықтың ұрпақтары Жолжақсы, Қарсақ, Қарта, Жантілес, Шуманак, Танабұға. Қарабалық өнерпаздарға бай ел болған. Аты әйгілі Өске ақын, сауықшыл Наурызбай би, жазушы Бейімбет Майлин (шын ныспы Бимұхамет Жармағамбетұлы, т.ж. 1894-1938 ж.ө.) Танабұға атасынан. Танабұғадан шыққан Елдес Омаров (т.ж. 1892-1938 ж.ө.) 1918-1919 жылдары Қостанай уезінде Алаш-Орданың комиссары болды. Қарабалық қыпшақтар Қостанай жерін, Үй, Тоғызақ өзендерінің бойын мекендеген.

Құланқыпшақтан төрт ата тарайды. Олар Пұсырманкүл, Қайдауыл, Қырымқожа, Бұғаз. Бұлардың ішінде көбі Бұғаздың ұрпақтары. Пұсырманкүл мен Қайдауылдың ұрпақтары Жетісуды мекендеген. Қытай жерінде де кездеседі. Ал, Қырымқожа мен Бұғаздан тараған ұрпақтар Қарағанды, Ақмола, Ұлытау, Жезді, Есіл, Торғай, Ертіс өңірлерін қоныстанған. Құланқыпшақтан қазақтың ата жауы жоңғарлармен қан майданда талай рет кескілескен Қошқарбай батыр шыққан. Әлихан Бөкейханов “Қазақ” газетінде (1913, №10) патша кабинеті жеріндегі* қазақтар туралы сөз қозғап отырып, мынандай аңыз-әңгімені келтіреді. “Абылай хан жоңғарды шауып, Ертіс басынан қуған соң, біздің қазақ Ертістен өтіп, Ертіс пен Обь арасындағы далаға келіп орныққан. Абылай хан мен жоңғар ұрысы 1750-ші жыл шамасында болған. Қыпшақ Қошқарбай батыр 1755-ші жылы жоңғарды Обьтан өткізе қуған. Осы Қошқарбай ауылы бұл күнде Ақмола облысында, Омбы уезінде, Чарлак болысында, Қараөзек деген жерде отыр. Қошқарбай батырдың жолдасы Қосайдар қыпшақ Тілеуберді сонан бері Құлынды, Қарасуық даласында қалған. Оған 150- жылдай болады.”

Қоңыраттың азан айтып қойған шын есімі Нағанай, оның балалары өңкей қоңыр атқа мініп жүргендіктен, ел оларды қоңыр аттылар деп атайды екен. Нағанайды жан білмейді, Қоңырат атанып кеткен. Нағанайдың жеті әйелі, отыз екі баласы болған. Нағанайдың бір әйелінің есімі Қалампыр екен. Қалампыр ананың үш ұлы болыпты: Орынби, Мелдеби, Жығалымырза. Нағанайдың осы үш баласынан тараған ұрпақ қазақ халқын құрған іргелі рулардың біріне айналған. Ал, қалған Қоңыраттың 29 баласы өзбек, қарақалпақ халықтарының құрамына енді.

Қазақ шежірешілері Қоңырат тайпасын “алты ата Көтенші, жеті көше** Көктің ұлы” деп екіге жіктейді. Көтеншіден тараған алты ата Саңғыл, Сүйімбай, Сүттібай, Аққошқар, Амантай, Жаманбай. Көтеншінің шын аты Құдайберген, Көктіңұлыныкі- Тәңірберген. Тәңірберген туғанында анасы Жезбике оны көкке орап, көкті жөргек қылғандықтан “Көктің ұлы” атанып кетіпті дейді. Көктің ұлынан тараған жеті көше Байлар, Жандар, Оразкелді, Қарасирақ, Тоқболат, Құлшығыш, Алғи.

Қазақ елінде кең тарап, халықтың ең сүйіп тыңдайтын жырларының бірі “Алпамыс батыр” дастаны. Осы жырдың бас тұлғасы Алпамыс Қоңырат тайпасынан шыққан. Батырдың әкесі Байбөрі туралы жырда былай делінеді:

“Баяғы өткен заманда,
Дін мүсылман аманда.

*“Кабинеттік жерлер” - аса мәртебелі император Кабинетінің қарамағындағы патша тегінің иелігіндегі жер. Ресей империясының ең шурайлы, өдемі жерлер (Қырым, Кавказ, Алтай, Украин, т.б.) ақ патшаның жеке меншігінде болды. Сібірде кабинеттік жерлер 67,6 млн. га аланды алып жатты.

** “Көше” сөзі туыстық бірлікті, туыстық топты, руды білдіреді. Мұндай бірлікті қазақтар “бау”, “сан” деп те атайды. “Көше” сөзі “ата баласы” мағынасында көбінесе қарақалпақ елі арасында кездеседі.

Жиделі Байсын жерінде,
Қоңырат деген елінде,
Байбөрі деген бар екен.
Байбөрі малға бай екен,
Төрт түлігі сай екен,
Бір перзентке зар екен”.

Қоңыраттар негізінен Қазақстанның оңтүстігінде тұрады, олар Түркістан қаласының маңын мекендеп, ұлан-байтақ жерді қоныс еткен. Бір шеті Сырды алып, бір шеті қырды (Арқаны) жайлаған, Ақмешіт пен Ташкентке дейінгі аралыққа кең тараған Қоңырат елі осы өңірдің көп ғасырлық тарихына өзінің ізін қалдырды. Мұны сөз шебері көрнекті Майлықожа ақынның (т.ж. 1835-1898 ж.ө.) жоқтауынан аңғаруға болады.

Түркістанда мекені
Көтеншілердің халқының,
Үргеніште қалды сүйегі
Телқожа батыр алпының.
Талай жауды жайратып,
Көрсеткен еді салқынын,
Егесіз көлдер тартылып,
Қайраңы қалды артының.

Қылбелбеу мен Қараман,
Қаптап жатқан халқы еді,
Жаманбайдың бағы озған,
Елғонды датқа жалқы еді.
Қоңсы еді Қоқанға,
Көңілі жақын Жантелі,
Он жеті жасар күнінде
Абылай ханды шақырған
Атасы оның Байтелі...

...Дәуренбек бимен шаншысып,
Үй ара жау боп аңдысып,
Мұсабек өтті Қоңыраттан,
Сар даланы шаң қылған,
Қоқаннан олжа мал қылған.
Мырзабиді өлтіріп,
Батырлығын даң қылған
Мұсабек батыр Жандардан,
Құлшығашта ер Тәнен,
Байбақ өтті Алғидан.

Көктіңұлы ұрпақтары Қызылорда, Шымкент облыстарында орналасқан. Байлар, Жандар Шымкент облысының оңтүстігін мекендеген. Құлшығаштар Ташкент, Шымкент облыстарында тұрады. Алғи руы Шымкент облысының Шәуілдір, Түркістан, Созақ аудандарын қоныстаған. Көтенші руынан тараған сегіз ата Божбандар Қызылорда және Шымкент облыстарында орын тепкен. Божбанның туғанда қойылған аты Игілік екен, әкесі “Боз жігітім”, “Боз жаным” деп жүріп, ол “Божбан” атанып кетіпті деседі. Саңғылдың ұрпақтары Шымкент облысының Созақ, Түркістан, Қызылқұм аудандарында.

1917 жылы Қазақстандағы қоңыраттардың саны 210 мың адамға жетсе, Өзбекстандағы қоңыраттар 100 мыңға жақын болған (М.Тынышбаев мәліметтерінен).

Ұлы жүздің бас биі, орақ ауызды шешені, Тәуке ханның кеңесшісі дулат Төле би Әлібекұлы үш жүздің руларын салыстыра келіп былай деген екен:

“Асыл тусаң Керей бол,
Үш қазаққа мерей бол.
Уақ болсаң Шоға бол,
Даулы істе жорға бол.
Арғын болсаң Алтай бол,
Найман болсаң Матай бол.
Байұлы болсаң Адай бол,
Үйсін болсаң Ботбай бол.
Бұл атаулы болмасаң,
Қалай болсаң солай бол!”

Керейлер Абақ және Ашамайлы болып екі тармаққа бөлінеді. Абақ Керей “он екі арыс Абақ Керей” деп те айтылады. Абақ Керей тайпасының таңбасы- абақ*.

Қытай билеушісі Цяньлуннің** әскері 1755-1759 жылдары Жоңғар хандығын тас-талқанын шығарып, халқын ұлын-ұрықсыз, қызын-ұрпақсыз қырып жойды, 600 мың ойраттардан 30-50 мың адам ғана тірі қалды. Қытайлар батыс Монғолияның кейбір елді мекендерінде жоңғарларды түп тамырымен жойды, адамын былай қойғанда үрерге ит қалдырмады. Тайван тарихшысы Лю Итан бұл туралы “200 мың адам отбасы, 600 мың халқы болған жоңғар әулетінің 180 мың адам қытайлардың қылышынан, 240 мың адам аурулардан қырылып, 120 мың адам өз ата мекенін тастап кетуге мәжбүр болып, халықтың 60 мың адам ғана ата мекенінде тірі қалған”.

Жоңғар мемлекеті жойылған соң, Абақ керейлер Бердәулетұлы Ер Жәнібек батырдың (т.ж. 1724-1795 ж.ө.) басқаруымен бұрынғы ата қонысы Тарбағатай жеріне көшкен екен. Керейлердің көшін тоқтатуға Абылай хан Бұқар жырауды жұмсайды.

“Керей қайда барасың,
Нұра бойын көбелеп.
Сен қашсаң да мен қойман,
Арғымағым жебелеп.
Енді алдыңнан шығайын,
Жауған күндей себелеп”, -

деп әйгілі жырын Бұқарекен сонда айтса керек.

Абақ керейлер қазақтың патшалы Ресейге бағынуына қарсы болып, “мойнымызға арқан салдырмаймыз” деп Алтайға көшіп, бір ғасыр бойы 1881 жылға дейін Қытайға да тәуелді болмай еркін өмір сүрген.

Он екі ата Абақ керейлер әуелі “Абақ”, бертін келе “Кокбөрі қонған”, көк дөнен мінген, аруақты батыр, ақылгөй дана Бердәулет ұлы Жәнібектің құрметі үшін “Жәнібек” деп ұран салған. Әр рудың да өз ұраны бар: Жантекейлер- “Шақабай”, Молқы- “Машан”, Жәдік- “Жанат”, Сарбас- “Сартоқай”, Ителі- “Бұқарбай”, Қарақас- “Қаптағай”, Меркіт- “Құлсары”, Жастабан- “Жобалай”, Көнсадақ- “Жабай”, Шұбарайғыр- “Қожаберген”, Шеруші- “Байтайлақ”, Шимойын- “Әлмембет” деп шабады.

* “Абақ” таңба қасқыр, түлкі секілді аңдарды қолға түсіру үшін құрылатын қақпан тектес абақ деп аталатын аңшылық құралға ұқсайды. Ол төрт бұрышты ортасынан қаққа бөлінген таңба (□□).

** Цяньлун (Чиалун патшасы, т.ж. 1711-1799 ж.ө.) - Қытайдағы маньчжур Цин (Чин патшалығы, қазақша - “қасиетті”), династиясының 4-ші императоры (1736-1799 ж.ж.). Қазақтар оны Ежен хан деп атаған.

Темучин ноянның Бөрте бәйбішесін бір шабуылда меркіттің ханы Шіліңгір олжалап тартып әкетеді. Кейін Бөртеңі қайтарып береді, содан Жоңшы туады-мыс. Темучин Шыңғысхан болып, монғолдарды бағындырғаннан кейін, меркіттерден өшін алады. Оның жарлығымен монғолдар арбаның күпшегінен бөйы асқан еркек кіндікті меркіттерді түгел қырған, мал-мүлкін талап алған.

Абақ керейлердің ежелгі мекені Ертіс, Тола, Керулен жағалауы, Алтай, Қанқайдың қойнауы. Абақ керейлер XIX ғасырдың басында 15000 үйге жеткен. Олар негізінен үш мемлекеттерде: Қазақстан, Монғолия және Қытайда тұрады. 1864 жылғы Шәуешекте қол қойылған мәжіліс хаты бойынша және 1881 жылғы Санкт-Петербург келісімінің құжатына байланысты бір уақытта тәуелсіз қазақ елі ресми түрде екіге бөлінді, жері екі империялардың Қытай және Ресей құрамына енді, халық егемендіктен біржолата айырылды.

Қытайда керейлер Гансу, Цынхай өлкелерінде тұрады (екі автономиялы аудан), сонымен бірге Шығыс Түркістан өлкесінің Үрімжі уалаятына қарасты Баркөл, Нори аудандарында да (екі автономиялы қазақ ауданы), Тарбағатай аймағына қарасты Майлы, Жәйір, Түркістан; Іле аймағында Ластай, Талқы, Бесағаш деп аталатын жерлер мен Сайрам көлі атырабында тұрады. Бұнымен бірге Абақ керей елінің бір бөлігі Есенқабырға, Боғда, Қаратау маңында да бар. 1940-1950 жылдары Алтайдан қоныс аударып кеткен 600 отбасы (3 мыңнан астам жан) ауа көшіп, Пәкістан, Үндістан арқылы Түркияға, Германияға орналасты. Монғолияда Баян-Өлгий аймағында Ителі, Жәдік, Жантекей, Шеруші, Молқы рулары көбірек қоныс тепкен.

Ашамайлы* - Сибан, Балта, Көшебе, Ақсары, Күрсары, Еменалы, Нұралы, Нұрымбет, Ақымбек, Самай т.б. үлкенді-кішілі рулардан құралған. Керей елі арасындағы көне сөздер бойынша Ашамайлының әуелгі аты Ғали екен, әкесі оны бала кезінде ашамайға мінгізіп барып, келіншек алып бергендіктен Ашамайлы атаныпты делінеді.

Ашамайлы Керейдің Көшебе руынан аса ірі тұлғалар Маянбайұлы Бөгенбай батыр және Толыбайұлы Қожаберген жырау шыққан. Халқы үшін үзенгіде, үнемі ат үстінде өмірін өткізген Бөгенбай сардар өз заманында (XVII ғ.) қазақ, ноғай, карақалпақ, башқұрт, Сібір татарлары халықтарының біріккен әскерін басқарған. Еділ бойы қалмақ шапқыншыларының жойқын да үздіксіз шабуылдарынан қорғауда асқан ерлігі үшін Баһадүр атанған. “Елім-ай” дастанын шығарған әйгілі қолбасшы, төкпе тіл Қожаберген жырау (т.ж. 1663-1762 ж.ө.) керейлер мекендеген жерін былай баяндайды:

“Атанған бабам Ғали-Ашамайлы,
Өсірген мыңдап тайлақ, құлын-тайды.
Сібірге ұрпақтары қоныстанып,
Ел болып ерте кезден қанат жайды.
Шалқар көл, ну орманды Сібір жері,
Сібірді мекен еткен Керей елі.
Егін сап, күн көрудің камын ойлап,
Бас қосып кеңес құрған би мен бегі”.

Қожаберген жыраудың ағасы Қарабас би- шешеннің ұрпақтары шетінен бір сырлы, сегіз қырлы өнерпаздар, сал, серілер болды. Бұлардың ішінде Дә-

* “Ашамай” - жас балаға арналған, тайға салатын, кішкентай ғана ер ағаш. Ашамай деп аталу себебі: оның қастарын ағаштың аша бұтағын қақ жарып жасайды. Ашамайдың ньшаны (символы) “Х” әрпі тәрізді, “ашамай” таңба деп аталады.

стен сал*, Дүйсен сері**, Қамбар сері, Жанкісі сал, Жанак ақын, Салқара ақын, Шағырай сал, Жанат сері, Қозыбай шешен, Сегіз сері (т.ж. 1818-1854 ж.ө.), Сапарғали ақын.

Керейлер тайпасы Алтай, Тарбағатай қойнауы, Зайсан көлінің атырабы, Ертіс жағалауы және Солтүстік Қазақстан жерлерін қоныстанған. Ашамайлы Керейлер негізінен Семей, Павлодар, Қарқаралы, Петропавл, Омбы, Ақмола уездерін мекендеген. Олар 50 болыстан астам ұрпағы көп жайылған, іргелі ел болған.

Керейлер төрт түлік мал шаруашылығымен, егіншілікпен және қолөнер кәсібімен айналысқан. Ағаштан түйін түйетін шеберлер бұл елде көп болған. “Керейде ұл туса, ағаштың күні туады” деген мақал осы кәсібіне байланысты айтылған. Керейлер ұлан -байтақ территорияға тарап, ХІХ ғасырдың орта кезінде олардың 13-15 мың түтіні Қазақстанда, 12400 түтіні Монғолияда, 12 мың түтіні Қытайда тұрған. 1917 жылғы дерек бойынша Қазақстанда 160 мың керейлер болған, Қытайда- 300 мың, сонда керейлердің жалпы саны- 460 мың адам.

Шежіре деректеріне қарағанда Уақ дүниеге келгенде денесі шағын болғандықтан Уақ аталып кеткен. Уақ тайпасы: Шоға, Сарман, Байназар, Сарыбағыс, Сіргелі, Еренші, Әлімбет, Бидалы, Жансары, Баржақсы, Шәйкөз руларына бөлінеді. Мұның соңғы төртеуін таңбаларына байланысты “Ергенекті Уақ” деп те атайды. Бір ескі аңызда Баржақсының шешесі Ергенекті Найман қызы болғандықтан оның ұрпағы және үш туысы Бидалы, Жансары, Шәйкөз- “Ергенекті Уақ” атанған дейді. Қадырберді мен Ақ Орда әмірі Едіге арасындағы ұрыста “Ир Кукча, батырь татарский, велик суще телом и силой” ерлікпен қаза тапқаны айтылады.

Уақтың батырларын ақын Мағжан Жұмабайұлы былай суреттейді:

“...Уақтың ерте күнде өжет-қайсар,
Ер Көкше, Ер Қосайдай ері болған.
Сол ері ерте күннің, Ер Көкшенің,
Нәсілінен қайтпас алмас Баян туған.
Баянның ер ағасы батыр Сары,
Қос қыран тізе қосып жауын қуған.
Айналып оны айт, мұны айт, Баянды айт,
Ер Баян алашының бетін жуған”.

“Үш жүздің батырларынан сіз кімді артық көресіз?” деп хан Абылайдан сұрағанда, ол былай деп жауап берген: “Бізге дейінгі екі кісіге таңқалуға болады. Олар 90 туысын тұтқыннан құтқарған Қаракесек Қазыбек және тағы да сондай өзінің тұтқында кеткен адамдарын босатып алған Уақ Дәрбісәлі. Біріншісі Қалданның өз алдына барып босатып алған, ал соңғысы өз ауылында жатып дұшпанын қорқытып алдырған”. Абылай хан жаугершілікке аттанғанда қасынан тастамайтын, қатты бағалайтын ақыны Уақ Тәтіқара екен (т.ж. 1705-1780 ж.ө.). Тәтіқара жаудан қайтпайтын батырлығымен қатар, турашыл бірбет ақын болған. Тәтіқараның қазақ батырларына берген мінездемесі ерекше:

* “Сал” – ойын сауықшыл, сазгер, әнші, ақын, орындаушылық (артистік) қабілеттері мол-аса талантты, сауық - сайран құрған өнерлі жан. Салдық құратын жігіт әдемі, сәнді, әрі қымбат киініп жүреді, оның ер-тұрманы да сұлу, әрі сымбатты, әшекейлі болады.

** “Сері” де сал сияқты әнші, күйші, ақын, өнерпаз. Оның киім киісі сұлу да сыпайы. Сонымен қатар ол жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы ұстап, саяттық құрады. Ит жүгіртіп, құс салған сері әрі мерген, әрі балуан, әрі шешен, әрі шебер азамат болған. Сері батыстық рыцарға ұқсаңқырайды.

“Қамыстың басы майда, түбі сайда.
Жәнібек Шақшақұлы болат найза,
Алдыңнан су, артыңнан жау қысқанда,
Ер жігіттің ерлігі осындайда.
Бөкейді айт Сағыр менен Дулаттағы,
Деріпсәлі, Маңдайды айт Қыпшақтағы,
Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын
Сары мен Баянды айт Уақтағы.
Ағашта биікті айтсаң қарағайды айт,
Жігіттік, ерлікті айтсаң Бөгенбайды айт,
Найзасының ұшына жау мінгізген
Еменәлі Керейде ер Жабайды айт.

Жазушы-академик С. Мұқанов Уақ туралы былай әңгімелейді: “Біздің жыл санауымыздан бұрын өмір сүрген Қаңлы хандығының заманында одан жапа шеккен Уақ руынан қалды деген мынандай өлең бар:

Қаңлыдан алтау келді деп,
Уаққа зорлық қылмаңыз.
Уаққа зорлық қылсаңыз,
Бурылға көшсе жат болар,
Қылыш шапса мерт қылар,-

осы сөзді айтқан Уақ Арал теңізінің маңайынан көтеріле көшіп, Арқадағы Обаған, Ертіс өзендеріне кеткен”.

Уақтардың негізгі шаруашылығы төрт түлік мал өсіруге негізделген. Уақ тайпасының Жансары деп аталатын рудың байлары Ертіс өзенінен басталып, аяғы батыс Сібірге тірелетін кең өлкеде жылқы малын көп өсірген. Жансары ұрпақтарының ішінде он мыңнан аса жылқылар өретіндердің бірі-Нүрекең бай (т.ж.1799-1874 ж.ө.) және оның ұлы Түйте (т.ж. 1816-1869 ж.ө.). Түйте Семей ішкі округінің аға-сұлтаны болған, полковник шенінің иесі. Нүрекеңнің немересі Темірғалы (т.ж. 1856-1919 ж.ө.) 1906 жылы Семей облысынан ІІ-ші Мемлекеттік думаға депутат болып сайланды. Сол сайлауда Қазақстанға тек қана бес депутаттық орын берілген еді.

Уақтардың ата мекені Керейлермен бір. Ерте заманнан бері Уақ Кереймен өзара байланысты ауылдары аралас, қойы қоралас болған. Уақтар мен Керейлер іргелес болып қана қоймай, өзара тайпалық- әскери одаққа біріккен, уақтар Керейдің ұлысында әскердің оң қанатында болған. ХІХ ғасырда Орта жүздегі Уақтар 6000 түтін шамасында болған. Уақтың бір бөлігі Торғай даласында, сол сияқты Ырғыз және Ақтөбе уездерін қоныстанған. Кейінгілеріне олар атақты Бармақ батырдың басшылығымен ХVІІІ ғасырдың екінші жартысында көшіп келген, жалпы саны 5000 адамға жеткен. Уақтардың қоныстары Өскемен уезі, Ертіс бойы; Павлодар уезі, Құлынды даласы; Қостанай уезі, Есіл өзені бойы; Петропавл уезі, Пресногорков болысы. ХХ ғасырдың басында (1917 ж.) уақтардың саны 70 мың адам болған.

Тарақтының азан шақырып, қазанның құлағын қағып қойған шын аты Ақтанберді екен. Ақтанберді жасынан аңшы, жауынгер, найзаға жау міндірген батыр болыпты. Бір қанды айқаста ол беліне шарайна* байлап, қолына үш тісті найза ұстап, жаудың қамалына “жауқашарлап” бірінші болып бұзып кіріпті. Айқас біткен соң қолбасшысы “әй, тарақ найзалы, бері кел” деп шақырып жаудан түскен олжаның басын беріпті. Міне, содан бастап

*“Шарайна” - болат тақтадан жасалған, кеудені қорғау үшін сауытпен қатар қолданылтын жарак. Шарайна кеуделік дөңгелек және белдік төртбұрышты болып жасалған.

Ақтанберді “Тарақ найзалы”, одан қысқарып “Тарақты” атанады, “Жауқашар” сөзі де тарақтының ұраны болып қалады.

Тарақты он екі дербес ру болып тарап, олардың ұрпақтары Қазақстанның барлық облыстарында өмір сүріп жүр. Он екі ата Тарақтыға: Әлі, Сары, Қыдыр, Жәші, Әлеуке, Көгедей, Апай, Токтауыл, Бүгіші, Бұлдырық, Әйтей, Қосанақ деген рулар жатады.

Жоңғарлармен соғысқан, Тарақтының елдігін сақтап, ел намысын қорғаған әкелі-балалы Наймантай Сүтемгенұлы мен Байғозы Наймантайұлы батырлардың есімдері аңызға айналған.

Тарақтыдан Байғозы,
Бұ да асқан ер еді.
Наймантайдың қамшысы
Сойылдан қатты дер еді.

Ел аузындағы бұл өлең жолдары тегін айтылмаса керек. Абылай хан айтты деген сөз бар:

“Қолымда бір қамшым бар айбалтадай*,
Батыл бол, батыр болсаң Наймантайдай!”

Жас Байғозы жауды барлап, соғыста ежелгі жаудың ту ұстаған басшы батырын садақпен** атып түсіріп қалмақтардың бетін қайтарған. Байғозы да Абылай ханның туын ұстаған батыры болған. Соғыста батырдың қолына жебе қадалса да, Байғозы туды құлатпай ұстап тұрған екен. Батыр десең осыны айт! Байғозы батыр жасы ұлғайған кезінде Абылай ханның сенімді серігі, белгілі қолбасыларының бірі болған. Тарақты тайпасынан бұрынырақ Құлтума ақын (т.ж. 1860-1915 ж.ө.), кейін Рахым Байқошқаров сияқты суырып салма жырау мен төкпе ақындар, атақты күміс көмей, жез тандай ән дүлділі Әміре Қашаубаев (т.ж. 1888-1934 ж.ө.) шықты.

“Алып-анадан, тұлпар-биеден” деген бұрынғылардан қалған сөз бар. Тарақтыдан аса қасиетті аналар да шыққан. Тарақтының Әлі бұтағынан Сұлтангелдіұлы Байқошқар қызын Токмейілді Қаракесек Шаншар абыздың Келдібегіне қалыңдыққа берген. Токмейіл анадан туған алты ұлдың тұла бойы тұңғышы- ана сүтін ақтаған, бүкіл қазақ қауымына танымал би, алмас тілді шешен Қаз дауысты Қазыбек. Тарақтының Сары бұтағынан Абылай батырдың қызы Дәметкен Шұбыртпалы Ағыбай батырдың анасы. Байғозы батырдың әпкесі Баяу Қанжығалы Бөгенбай батырдың бәйбішесі, атақты Тұрымбет батыр, Тұраналы бидің аналары. Ал, Байғозы батырдың қызы Шәкі әйгілі күйші-қобызшы Тама Ықыластың шешесі.

Тарақты Тұяқ шешен Құрмалақұлы:

Қаз дауысты Қазыбек,
О да менің жиенім.
Қаракерей Қабанбай,
О да менің жиенім.
Қанжығалы Бөгенбай,
О да менің жиенім.

*“Айбалта” - атты жауынгердің қоян қолтық айқаста шабуға арналған соғыс қаруы. Айбалтаның түрлері: жарты ай тәрізді шапқыш, кескіш; жалпақ тік түрлі шапқыш; сына тәрізді жарғыш; доға тәрізді шапқыш.

** “Садақ” - ат үстінде жебе атуға арналған көшпелілердің қол қаруы. Құрамына садаққап, оқ қабы - қорамсақ, садақбау кіреді. Садақты “жақ”, “жай”, “адырна” деп те атаған. Жебелердің түрлері: айыр, берен, доғал (ағаштан), екі қырлы қозыжауырын, үш қырлы сауытбұзар, ысқырғышы бар.

Шакшақұлы Жәнібек,
О да менің жиенім.
Дәулет, Байзақ, Мәмбет,
О да менің жиенім.
Бөтбай, Шымыр, Сыпатай,
О да менің жиенім.
Қуандық, Байбақ, Құлбек,
О да менің жиенім.
Ошақтыда Сыпабек,
О да менің жиенім.
Карсендегі Көпсай,
О да менің жиенім.
Шұбыртпалы Ағыбай,
О да менің жиенім, —

деп Тарақтының ұзатылған қыздарынан туған үш жүздің бірсыпыра атақты адамдарын атап кеткен.

Тарақтылар көбінесе Орталық Қазақстанның Ақтау, Қызылтау, Ортау мекендерін, Сарысу, Көктің көлі, Есіл, Нұра өзендерінің бойын қоныстанған. Әлі және Сары аталары Қарқаралы уезінде орналасқан. Ескі деректер бойынша 1829 жылы Қарқаралы округінде тарақтылар 9 ауыл, 590 түтін, ал 1897 жылғы санақ бойынша 648 шаңырақ болған. 1917 жылы олардың саны 4 мың түтін болыпты.

Арғын тайпасы

Қазақ шежіресі Арғынның бәйбішесі Ергүлден- Мейрамсопыны тудырады. Мейрамсопының балалары: Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Қаракесек. Арғынның тоқалы Момыннан: Ақсопы*, Қарасопы, Сарысопы, Тәнбісопы есімді төрт ұл туады. Ақсопыдан: Қанжығалы мен Тобықты, Қарасопыдан: Бәсентиін мен Қарауыл, Сарысопыдан: Сарыжетім, Шақшақ болып бөлінеді. Мейрам ұрпақтары “Бесмейрам” атанған, Момыннан тарандарын “Жетімомын” дейді. Бесмейрамдарды - бәйбіше арғын, ал жетімомын-дарды - тоқал арғын деп те атайды. Мәшһүр Жүсіп көрсетуі бойынша Мерамсопының бейіті Өзбекстанда Шыршық өзені бойында.

Қанжығалы Нұралыұлы Олжабай ақынның 1929 жылы ссылқада Үйшікте (Гурьевте) жазған “Сағындым” деген толғауынан үзінді келтірейік.

Орта жүзде Арғын—аға ел еді,
Қандай қазақ Арғын елмен тең еді?
Бәйбішеден Мейрам жалғыз ұл еді,
Сол Мейрамның “Бес баласын” сағындым!
Мейрамұлы—Қуандық пен Сүйіндік,
Қаракесек, Бегендік пен Шегендік.
Салмағына тең келетін қазақ жоқ,
Тумысыңды, тұрмысыңды сағындым!
Момын —Арғын тоқалының аты еді,
Қанжығалы, Тобықты — оның заты еді.
Бәсентиін, Қарауыл мен Атығай,
Еңіреген ерлер шыққан халық еді.
Сарыжетім, Шақшақ — “Момын” ел еді,
Қайсы қазақ Арғын елмен тең еді?
Ел асылын, ер асылын сағындым!
... Ақын Абай, Шәкәрім мен Мағжан,
Ахмет пенен Міржақыбы қандай жан?
Сәкен мен Сұлтанмахмұт —Арғыннан,
Аққан судай ақындарын сағындым!
Қазақ түгіл басқа жұртқа даңқы асқан,
Әдебиет майданында үлгі ашқан.
Басқа жүзде кім бар бұған таласқан?
Сондай сондай үздігінді сағындым!

Шежіренің екінші бір нұсқасында Арғыннан Сәлімбайды таратады, Сәлімбайдың баласының аты Қарқабат. Қарқабаттың ұлдары- Мөңке, Майқы. Мөңкеден- Бұғаша, Тағаша, Келаша өрбиді. Бұлардың ұрпақтары Жиделі-Байсында делінеді. Майқыда екі ұл болған: Қотан мен Ботан. Ботаннан үрім-бұтақ қалмаған, Қотаннан Дайырқожа мен Қаратай тарайды. Дайырқожаның баласы Қараша.

* “Сопылық” — VIII-IX ғасырларда ене бастаған мұсылмандардың мистикалық ұғымы. Сопылардың негізгі мақсаты Алланы тану, түсінуі. Сопылар ешқандай қылмыс-киянат жасамайтын тек Құдайдың айдағанына жүріп, айтқанына көнетін адамдар.

Ертеде Арғын ата болған зерек.
Өзгеден ол кісінің жөні бөлек.
Арғынның түп атасы ақын Қотан,
Өлеңге бізден ұста болса керек, -

деп жырлайды күлік Көтеш ақын.

Көшпелі өзбектер хандығының әміршісі Әбілхайыр ханның (1428-1465 ж.ж. өзбек ханы) ақылгөй қазысы Арғын Дайырқожа би екен. Қотан тайшының* ұлы Дайырқожа әділ төреліктері үшін “Ақжол би” атаныпты. Ханның тағы бір ел басқарудағы кеңесшісі, қадірлеген батыры Қарақыпшақ Қобыланды екен. “Екі қошқардың басы бір қазанға симайды” дейді қазақ. Дайырқожа мен Қобыланды іштей жауласып, қас бопты. Бұлар бір күні далада оңаша кездесіп қалады да, жекпе-жек** айқасады. Қобыланды қарсы жағының басына шоқпарын*** ойнатады. Дайырқожа мерт болады. Алайда Дайырқожаның жақтасы Жәнібек сұлтан мұны біліп қойып, халықтың ескі салты бойынша қанды кек алу үшін “қанға-қан, жанға-жан” заңымен Қобыландының басын сұрапты. Қобыландыны берсе, қалың қыпшақ елі бүліншілік шығаратын болған соң Әбілхайыр Жәнібекке үш кісінің құнын алып бітіс депті.

Жәнібек пен Керей сұлтандар бұған көнбей, өкпелеп арғын мен керей тайпаларын Әбілхайыр ұлысынан бөліп әкетіп, Моғолстан жеріне (Батыс Жетісуға) қоныс аударады. Сөйтіп, қазақтардың Әбілхайыр ұлысынан бөлінуіне және Шу бойында, Талас ойпатында найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен шаңырақ көтерген, 200 мыңға тарта халқы бар, Қазақ хандығының құрылуына бір себеп болған жай- Арғын Дайырқожаның өлімі.

Дайырқожаның әкесі Қотан тайшының қаза болған ұлының сүйегін айналып жүріп жылағанда айтқан жоқтау жырының үзіндісі сақталған.

Қарақыпшақ Қобыландыда,
Нең бар еді, құлыным?!
Сексен асып, таянғанда тоқсанға,
Түр алмастай үзілді ме жұлыным?!
Адасқанын жолға салдың
Бұл ноғайлы ұлының!
Аққан бұлақ, жанған шырақ
Жалғыз күнде құрыдың!
Қарақыпшақ Қобыландыда
Нең бар еді, құлыным?!

Қотанның екінші ұлы Қаратайдан Қазы туады, онан Қарабай, онан Қожак, онан Шора, онан Таңжарық, онан Бектібай. Ұлы атасының есімін ұрпағына қою- атадан қалған дәстүр. Туыстары Бектібайға ұлы бабасының есімін беріп, Арғын деп атапты.

Арғын (Бектібай) үш әйел алған кісі, олардан жеті бала туыпты: Ергүлден- Мейрамсопы, Момыннан- Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Арықсопы, Нәдірсопы, Айнакөзден- Тәнбісопы. Ақсопыдан- Қанжығалы мен Тобықты, Қарасопыдан- Қарауыл мен Бәсентиін, Сарысопыдан- Атығай тарайды. Арықсопы және Нәдірсопыдан қазақ арасында нәсіл-тұқым жоқ. Ауызша

* “Тайшы” - қытай сөзі. Мағынасы - жағымды дауыс дегені. Кімде-кім жағымды дауыспен айтса, оны тайшы дер еді. (Әбілғазы “Түрік шежіресі”).

** “Жекпе-жек” – екі батырлардың арасындағы сайыс. Мұндай сайыста екі батырдың бірі мерт болады. Жекпе-жек шарты – жеңіс. Жеңген батыр жеңілген жаудың басын алып және атын, қару –жарағын олжалайтын.

*** “Шоқпар” - ат үстінде соғу, ұруға арналған соғыс қаруы. Шоқпардың түрлері: тас шоқпар, гүрзі, бұздырған, дойыр (босмойын), сойыл.

деректерде Нәдірсопыдан өрбіген тұқым қызылбас* жеріне кетіп, сол жақта өмір сүреді деп көрсетілген.

Тәнбісопы ұрпақтарын Кіші Арғын деп те атайды. Тәнбісопыдан Үсенбай мен Елемес тарайды. Елеместен Ермен, Ерменнен Шағыр мен Бөлтірік туады. Шағырда төрт бала болған, бәйбішесінен Аманжол, Сомжүрек туған, тоқалынан- Сарыжетім, Бегіс. Бәйбіше балалары “Жоғарғы шекті” арғын деп аталады, ал тоқалдың ұлдары- “Төменгі шекті” арғын деп сөйленеді. Ерменұлы Бөлтіріктен Сырлыбай, Сары тарайды. Елемеспен туысқан Үсенбайдан Қарамерген туады, мұнан- Сәлмен, Кәлмен. Сәлменнің ұлы Байтәжі, Қалменнің баласы Ақтәжі.

Орта жүздің құрамына кіретін жеті арыс елдің ең халқының саны көбі Арғын. Тек жеті арыстың ғана емес, жалпы қазақ тайпаларының ішінде де саны жағынан ең ірісі де Арғын. 1917 жылы арғындардың саны 890 мың адамға жетіпті. Арғын тайпасы Қазақстанның орталық және солтүстік атыраптарын мекен еткен. Ежелгі қоныстары: шығыстан батысқа қарай Ертіс, Торғай өзендерінің аралығы, оңтүстікте- Балқаш көлінен бастап шөлейтке дейін орналасқан.

Шоқан Уәлиханов “Қазақ шежіресі” еңбегінде: “Арғын тайпасы тарихта өте кеш кездеседі, монғол Шағатай ұлысының құрамындағы ел ретінде. Хулағудың (монғол ханы, Шыңғысханның немересі (т.ж. 1217-1265 ж.ө.) әйелі осы Арғын тайпасынан” дейді. Орыс ғалымы Н.Аристов (т.ж. 1843-ө.ж. белгісіз) “Юань-ши” деп аталатын XIII ғасырдың монғол жылнамасында “арғындар наймандардың батысында, қыпшақтардан солтүстікке қарай қоныстанған” деп айтылған дейді. Бұл Балқаш көлінің солтүстігінен Сібір шекарасына дейінгі жерлер.

Шыңғыс хан иелігіндегі жерлерді аралаған Италия саяхатшысы Марко Поло (т.ж. 1254-1324 ж.ө.) Қашғария өлкесін, Жетісу, Алакөл төңірегін аралап жүріп: “Бұл жерде Арғон дейтін ел бар, олар екі атаның араласуынан құралған. Ислам дінін қолданады. Түрі сымбатты, өздері ақылды, сауда істейді. Керей Уан ханның жерін мекендейді” деп жазады. Оның айтып отырған жерлері Ертіс бойы, Шыңғыстау, Қарқаралы даласы, Аякөз, Алакөл төңірегі. XIII ғасырда ол жерлер Орда Еженге қараған.

Арғын этнонимі (тайпаның аты) XIII ғасырға дейін араб, парсы, қытай тарихшыларының еңбектерінде кездеспейді. Сондықтан ғалымдар арғындар көне заманда басқаша аталған деген тұжырымға келеді.

Арғын атауы жайлы әртүрлі ғылыми топшылаулар, көзқарастар бар. Мысалы, XI ғасырдағы тілші, ғұлама Махмуд Қашқаридің айтуынша, Арқун- “жабайы жылқының айғыры мен үй байталының құлыны- бұдан (қоспа)” дегенді білдіретін сөз. Осы пікірді түрколог А.М.Щербакта (1926 ж.т.) мақұлдап, “арғ-арк”- көне түркі тілінде “аралас”, “будан” деген мағынаны білдіретінін айтады. Ал, академик Кононов А.Н. (т.ж. 1906-1986 ж.ө.) арғын этнонимін “аркагун” сөзінің адаптацияланған (өзгеріске түскен) формасы деп қарап, “арқа”- “ұрпақ” (поколение) дегенді білдіреді, ал гун- көптік, жинақтық мағына беретін қосымша деп есептейді. Э.В.Севортян (т.ж. 1901-1978 ж.ө.) “Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде” арқа сөзіне мынандай түсінік берген: “задняя или теневая сторона (горы), север, зад, спина, тыл, тыльная сторона”. Ал, көне түркі тілдерінде “арқын”- “өзеннің бассейні”, “өзеннің арнасы” дегенді білдірген.

Зерттеушілердің кейбіреулері “арғын” сөзін монғолдың “аргуй”- “малшы” сөзімен байланыстырса, екіншілері Бурятиядағы “Аргунь” өзенінің аты-

* “Қызылбастар” деп Персия мен Түркия шекаралығындағы мұсылмандық сектадағы тайпаның мүшелерін атайды. Ал, кейбір этнографтар оларды курдтар дейді.

мен жақындастырады. Арғын атауы екі сөзден: “таза”, “мөлдір” деген мағына беретін “арұғ (арық)” сөзі мен көне дәуірдегі “ғұн” тайпасының атының бірігуінен қалыптасқан деген де болжамдар бар.

Арғын көне тайпа екенін саха-якуттардың шежіресі дәлелдейді. Олардың ата-тегі былай таратылады: Өксуһу - Мәйәрәм суппу - Хорохой - Айал - Өрос куөл дьульдыгын - Туорт угул - Хайаран - Омогой. Келесі бір шежіреде былай көрсетілген: Оксусу - Мајарам суппу - Хорохой - Арғын - Ајал - Орос куол жулжыгын - Туортугул - Хајаран - Омогой, Alliai. Омогой мен Әллейден барлық якут рулары тарайды.

Бұл келтірілген атаулардың ішінде бізді қызықтыратын Мейрам сопы, Арғын, Төртуыл, Оразгөл этнонимдері. Қазақ шежіресі Арғыннан Мейрам сопыны таратады, оның екінші ұлының есімі Сүйіндік. Сүйіндік үш атаға бөлінеді: Тоқшара, Оразгелді, Қаржас, ал Оразгелдіден - Төртуыл мен Мамық тарайды. Сонда сахалар мен арғындардың арғы тегі (V-IX ғ.ғ.) бір болғанына үқсайды. IX ғасырға дейін арғындар мен якуттар қазіргі Бурятия және солтүстік Монғолияда орналасты. IX ғасырда якуттар Байкал көлін айнала жағалап тайгаға көшті. XIII ғасырда арғындар Шыңғысханның әскерімен Орта Азияға қоныс аударды.

Тағы бір тоқталатын мәселе сопы сөзі туралы. Зерттеушілер бұл ұғымды мұсылман дініне байланыстырады. Ал сахалар ешқашанда мұсылман болмаған ел, Көк Тәңіріге табынған. Сондықтан сопы - суппу деген ұғымның сыры ашылған деп айталмаймыз.

Ш.Қуанғанов “Ғұн немесе Арғұн тарихы туралы” деген зерттеу жұмысында Арғын туралы сақталған тарихи атауларды келтіреді. Олар: Шығыста Аргунь, Орхон өзендері, Алтайда Катунь өзеніне келіп құятын Аргут өзені, қазақ жерінде Арғанаты таулары, Солтүстік Кавказда Аргун өзені, Аргун шатқалы, Каспийдің солтүстігінде Астрахань маңайында Қуандық, Сүйіндік елді мекендері, Әзірбайжанда Қазақ ауданында Жоғарғы және Төменгі шекті жайлаулары, Арменияда Севан көлінің батысында Арегуни жотасы, Еуропа жерінде Эгей теңізіндегі Арғұн ұлысы аралдары (Аргинуские острова), Франциядағы Мез, Арденны департаменттерінің жерінде Аргонны деген таулы қырат, осы қыраттан ағатын өзендердің ортасында Аргон орманы, Испаниядағы Католония провинциясында Аргон жазығы, Аргон өзені.

Арғын баласы Мейрамсопының тұңғышы- Қуандық. Одан Алтай, Қарпық, Бөрші, Темеш, Ағыс, Қалқаман деген аталар тарайды. Мәшһүр Жүсіп “Қазақ шежіресінде” Төле бидің “арғын болсаң алтай бол” деген сөзін келтіріп, оны былай жалғастырады: “Тышқанның да сәуірі болады деседі. Алтай арғынның сәуірі болған екен”. Алтайдың Мұрат деген атасынан шыққан, қылышын талай қанға суарған Жиенәлі Төлебайұлы Абылай хан тұсында әруақты батыр болған. Алтайдың Сармантай атасы малға бай, дәулетті жұрт болған. Олардан 17 мың жылқы біткен Алдажұман дейтін бай шыққан дейді Мәшекең.

Қазан революциясының жыршысы, қазақ кеңестік әдебиетінің негізін салушы, ақын Сәкен (Сәдуақас) Сейфулиннің (т.ж. 1874-1937 ж.ө.) бабасы Бесім батыр Қарпық атасынан шыққан. Бесімге байланысты тарихқа тоқтала кетейік. “Еңсегей бойлы ер Есім” (1598-1645 ж.ж. қазақ ханы) Түркістанда қазақ ханы болып тұрған шақта Тұрсын (Ташкентті билеген қазақ ханы) Қатаған деген елді билеп тұрды. Есім хан мен Тұрсын хан бір-бірімен жау болмасқа ант етісіп, бата қылады. Есім хан бүкіл алаш әскерін жинап, қалмақтарға қарсы соғысқа аттанады. Есім хан аттанысымен, Тұрсын хан Есім ханның Түркістандағы елі-жұртын шауып алып, Қазақ ордасындағы азамат соғысына жол ашады. Сондықтан ол туралы:

Қатағанның хан Тұрсын,
Хан Тұрсынды ант ұрсын,-
деген ескі сөз бар.

“Қардың басын қар алар жауып тұрып, ханның басын хан алар шауып тұрып” дейді мақал. Есім хан еліне жорықтан оралғаннан соң арғын мен найманның бірталай батырларымен, жасақтарымен Ташкентке аттанады. Есім хан Ташкентті жаулап алады. Тұрсын ханды өлтіріп, қатағандарды қырғынға ұшыратады. Осы 1627 жылы болған оқиғаға қатысқан Марқасқа жырау былай дейді:

“Ей, Қатағанның хан Тұрсын,
Кім арамды ант ұрсын.
Жазықсыз елді еңіретіп,
Жер тәңірісіп жатырсың.
Хан емессің, қасқырсың,
Қара албасты басқырсың.
Алтын такта жатсаң да,
Ажалы жеткен пақырсың.
Еңсегей бойы Ер Есім,
Есігінде келіп тұр:
Алғалы тұр жаныңды,
Шашқалы тұр қаныңды”.

Ташкент соғысында ерлік көрсеткен батырларға Есім хан Қатаған елінің алтын айдар, жібек шашты 40 бикештерін сыйға таратқан екен. Сол сапарда Қуандық Бесім батырға- Дәулетбике, Тобықты Әли батырға- Қоңырбике, Қаракесек Олжашы батырға- Оразбике, ал Қаракесек Шаншар батырға- Айбике, Нұрбике, Қызданбике- үшеуі үлеске тиген. Найманның бір батырына Есім хан Жанбике есімді қатаған бегінің сұлуын сыйлапты.

Қуандық Бөрші атасынан “Атымтайдай* жомарт болған” дастарханы мол, мал, дәулет біткен Жоламан деген ауқатты бай шыққан. Жоламан бай қалмақпен соғысуға бара жатқан әскерлерді қарсы алып, қымызға тойдырады екен. Ол туралы мынандай сөз сақталыпты:

“Жоламан жолда ма екен,
Жуан шарасы қолда ма екен?”

Қуандықтар Сарыарканың кең өлкесінде еркін көшіп, ен жайлаған. Сарыарқа- қазақ байлығының құты, берекесі. “Жері байдың- елі бай” деген сөз бекер айтылмаған.

Кең қоныста Қуандық елі жылқы малын көп өсірген. Аққошқар Сайдалының заманында Бір көлден қырық мың жылқы суарыпты,- деген өлеңдер сол кезде туған. Шоқан Уәлиханов қазіргі Қарағанды облысының Шет ауданында ХІХ ғасырда тұрған Азына (Алтай атасы, Сармантай тармағынан) дейтін байда он алты мың жылқы барын көрдім дейді. Бір мыңнан он мыңға дейін өретін жылқылар Қуандық байларында көп болған. Қуандық елін жақсы білген ақын Иманжүсіп Құтпанұлы “Ерейментау” поэмасын былай бастайды:

“Абылай аспас Арқаның сары-ай белі,
Қуандық пен Сүйіндік жайлайды елі.

* “Атымтай жомарт” - “Тай” - араб елінің руы, “һатым” - сол рудан шыққан (ескі ертегі бойынша) жомарт кісінің есімі.

Қырық мың жылқы су іше лайланбас-
Нияздың Аюлы мен Қара-ай көлі”.

Байдалы Бекшеұлы (т.ж. 1727-1822 ж.ө.) ел-жұртқа танымал Қуандықтың Алтай тармағының биі, Абылай ханның қасындағы ел тізгінін ұстаған сегіз бидің бірі, хан кеңесінің мүшесі болған. Абылай хан оны “сегіз биім, сегіз бидің ішінде семіз биім” деп атағанда оның дене бітіміне емес, ақыл парасатына, шешендік тапқырлығына қарап айтса керек. Қуандықтар бармақтарынан өнер тамған адамдарына бай ел. Күйші композитор Тоқа Шоңманұлы (т.ж. 1830-1904 ж.ө., лақап аты Сайдалы Сары Тоқа), ақын-композитор Құлтума Сармұратұлы (т.ж. 1860-1915 ж.ө.), әнші Қосымжан Бабақов (т.ж. 1891-1956 ж.ө.), жазушылар Ғабиден Мұстафин (т.ж. 1902-1984 ж.ө.), Сәйділ Талжанов (т.ж. 1906-1972 ж.ө.), ақын, әнші-композитор Иса Байзақов (т.ж. 1900-1946 ж.ө.), әнші Рабиға Есімжанова (т.ж. 1914-1986 ж.ө.), тағы сол сияқты игі жақсылар кете береді.

Ақмола уезінің болыстарының көпшілігін Қуандық руы (Алтай, Қарпық, Бөрші, Темеш аталары) мекендеді. Уездің 132 ауылында 25870 шаруашылық орналасты. Уез құрамына Сілеті, Ақмола, Есіл, Мойыншак, Қараағаш, Мұңлы, Ереймен, Қоржынкөл, Қорғалжын, Сарыөзен, Нелді, Саран, Шу, Ақтау, Атасу, Шерубай-Нұра, Қызылтопырақ, Ортау, Спасск және Нұра болыстары кірді.

Алтайлар Сарысу өзенінің төңірегін иемденді. Олардан солтүстікке қарай уездің орталық бөлігін Сарысудан Ақмолаға дейін Қарпықтар жайлады. Қарпықтардан шығысқа қарай Теңіз көлін айнала және Есіл бойындағы жерлерде Бөршілер мен Темештер орналасты.

Атбасар уезінде Қуандық руы Теңіз және Терісаққан болыстарын мекендеді. Теңіз болысында Байдалы (Алтай атасынан), Тінәлі (Қарпық атасынан) және Қалқаман аталары қоныстанды. Тінәлілер Теңіз, Қоржалғын, Шалқар көлдері төңірегінде және көлдерден оңтүстікке қарай орналасты. Терісаққан болысының шығысында Көн, Талдысай, Қыпшак, Терісаққан өзендері бойын Қалқаман, Алдияр, Алтай аталары иемденді.

Қарқаралы уезінде Алтайдың Итболды, Байболды аталары (250 шаруашылық) Ақсары болысының бір бөлігін мекен етті.

Мейрамсопының бәйбішесі Алшын Құдыс бидің қызы Нұрфаядан- Қуандық, Сүйіндік туады. Сүйіндікке Мәжік, Жанболды, Құлболды, Жолболды, Қаржас аталары жатады. Соңғы төртеуі Төртуыл деген атпен бірігіп Сыр бойынан XVIII ғасырдың 30-шы жылдарында Сарыарқаға қоныс аударған. Төртуылдың ұрпақтары XIX ғасырда сегіз болыс ел болып Павлодар уезінің Баянаула өңірін мекендеген. Мәжік ұрпағын, Малай мен Жәдігерді, Жанайдар батыр бастап Қостанай даласына әкеткен.

Жолболды (лақап аты Орманшы) Өтек, Қайдауыл, Тілеке, Тілес деп төртке тармақталады. Бекіністер бұзып, жаудың шебін талай рет қиратқан Шотана батыр, Ақсары батыр, өткір тілді Сақау ақын (т.ж. 1798-1875 ж.ө.), ықпалы күшті Баянды би, Үркімбай би осы Орманшының әйгілі адамдары. Орманшылар Павлодар уезінде Атақозы болысында қоныс тепкен. Болыста 747 шаруашылық болды, ал халықтың саны- 4357 адам.

Құлболдының Мақпал бәйбішесінен- Айдабол, Күлік, Тұлпар; Жібек тоқалынан- Ақбура; Қобылан тоқалынан- Майлытон, Шегір туған. Құлболды дүниеден өтер халына жеткенде бәйбішенің үш баласына еншіні былай бөліпті:

“Ақмандайлы аламды Айдаболым мінсін,
Күн мандайлы күреңімді Күлігім мінсін.

Қарғыс тиген қара Тұлпарды желкемнің
шұңқыры көрсін”, -

депті. Алғыс түбі ақ май, қарғыс түбі қара қан. “Атаның қарғысынан Тұлпар өспеген” деген пікір бар.

Күліктер Қызылтау болысында орналасты (1146 шаруашылық, 5734 адам). Айдабол Ақбеттау (1075 шаруашылық, 6388 адам), Далба (1097 шаруашылық, 6081 адам) деп аталған екі болыстан құралған.

Айдаболдан батыр, би, сөзге шешен, он саусағынан өнер тамған шебер, ұста көп шыққан. Қара қылды қақ жарған әділ би Айдабол он үшінде “Айдабол би” атанған екен. Ел құрметіне бөленген әйгілі Тәйкелтір би- Айдаболдың баласы. Айдаболдың ел билеген, жұрт ұстаған шынжыр балақ, шұбар төс билер - Шоң Едігеұлы (т.ж. 1764-1836 ж.ө.) мен Боштай Тұрсынбайұлы (т.ж. 1805-1842 ж.ө.) Баянауыл сыртқы округінің* аға сұлтандары болған. Өз тұсында бұлардың алдына жан түспеді.

Айдабол Едіге би бес баласының келешегін болжап былай депті деген аңыз бар. “Шоң би болар, өзі паракор болар, заманындағы адамның толық, дөкей ірісі болар. Үбірлі-шүбірлі болып, арты өсіп-өнер”, -деп. Екінші ұлына: “Бір қырғауылдың қоразын ұстап алдым, қой бітіп, қотан иесі болғаннан басқа дәнемеге жарамас”, - депті, онысы- Қиғара. Үшіншісіне: “Тот басқан қылыш тауып алдым, тұқымынан ұста шығып, атын кісі білмесе, кісі білерлік жан шыға қоймас”, - деген екен. Онысы Сарман болыпты. Төртінші ұлға: “Бір сұңқар ұстадым, бір көлден бір үйрек ұшырмады және алған үйрегін бір шұқымады. Адамның сұңқары болып туар”, - депті. Бұл айтқаны Торайғыр болып шығыпты. Бесіншіге: “Қаршыға деп қызығыш ұстап едім, жапалақ болып кетті ме, немене? Би баласымыз дегеннен басқа түк кетпес”, - деген екен. Бұл айтқаны Қосдәулет болып шығыпты (Мәшһүр Жүсіп).

“Мен- қазақ, қазақпын деп мақтаным,
Ұранға “алаш” деген атты аламын.
Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанамын?” -

деген ақын Сұлтанмахмұт (т.ж. 1893-1920 ж.ө.) атақты Торайғыр Едігеұлы (т.ж. 1757-1830 ж.ө.) бидің төртінші ұрпағы.

Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығады ғой! Айдаболдың Малқозысынан “Он сан Орта жүзге ұран болған ер Олжабай”, қалмақпен шүршітті** қырған Олжабай батыр (т.ж. 1709-1783 ж.ө.) шыққан.

“Олжабай Орта жүзде ту ұстаған,
Ақсұңқар түйғын құстай құныстаған.
Қолының қоспасынан оқ өтсе де,
Ту ұстаған жерінен жылыспаған”, -

дейтін Көтеш ақынның толғауы бар.

XVIII-XIX ғасырларда Сүйіндік ортасынан есімдері Арқаға тараған дәстүрлі ақындар шықты: Күлік Көтеш Райұлы (т.ж. 1745-1818 ж.ө.), Ақбура Қобылан Бөрібайұлы (т.ж. 1760-1840 ж.ө.), Айдабол Мұстапа Бүркітбайұлы (т.ж. 1806-1833 ж.ө.), Тайкелтір Жапар Құттыбайұлы (т.ж. 1828-1907 ж.ө.). Күліктің көрнекті азаматтарының бірі- Орта жүздің шежірешісі, фольклор-

* “Округ” – патша үкіметінің отарлау саясаты бойынша құрылған әкімшілік – территориялық бөлік. 1822-44 жылдары Орта жүз, Ұлы жүз жерлерінде 8 округтар ашылды. Округ 15-20 болыстарға бөлінді. округті ағасұлтан басқарды.

** “Шүршіт” – маньчжур (Цин) династиясы Қытайда билік еткен кезде (1644-1911 ж.ж.) қазақтар қытайлықтарды (маньчжурларды) осылай атаған. Ерте заманда қытайдың солтүстік жағында Шүршіт деген бір үлкен жұрт болған. Үнділер мен тәжіктер оны Шын дейтін (Әбілғазы “Түрік шежіресі”).

шы, ақын Мәшһүр-Жүсіп Көпеев (т.ж. 1857-1931 ж.ө.). Баянауылда туып-өскен ол, Ташкентте, Бұқардағы “Көклән” медресесінде оқыған, араб, парсы тілдерін жақсы білген адам. Оның өз аты Жүсіп, “Мәшһүр” арабтың “белгілі” деген сөзі. Халық оны қасиетті аулие тұтып, мазарына бас иеді.

Қаржастың шын аты Олжакелді. Қаржас үш ата: Алтынторы, Құлыке, Бегім. Бегімнен Сатылған тарайды. Алтынторының шөбересі ел қорғаны болған Қалқаман батырдың ұлы “Көмекей әулие” атанған Бұқар-Тәуке, Батыр, Қайып, Болат, Сәмеке, Әбілмәмбет, Әбілқайыр, Барак, Абылай хандардың сарай жырауы, би-кеңесшісі болған. Бұқар бабаның ел үшін, халқы үшін еткен сол қызметін Үмбетей жырау:

“Өткіздің тоғыз ханды толғауменен,
Шештің талай түйінді болжауменен.
Іс болса қиын-қыстау сен сайыстың,
Қылыш қып қызыл тілді қорғауменен”, -

деп бағалаған.

Бар ғұмырын халықтың болашағын ойлаған Бұқардың көрегендігі, алдын болжағыш білгірлігі оның әйгілі “Ханға жауап айтпасам” деген толғауынан анық аңғарылады.

... Күн батыстан бір дұшпан,
Ақырда шығар сол тұстан.
Өзі сары, көзі көк,
Діндарының аты поп.
Күн шығысқа қарайды,
Шашын ылғи тарайды.
Құдайды білер діні жоқ,
Жамандықтан міні жоқ.
Осы сынды бір кәпір,
Аузы - басы жүн кәпір.
Жаяулап келер жұртыңа,
Жағалы шекпен кигізіп,
Балды май жағар мұртыңа.
Жемірлерге жем беріп,
Ел қамын айтқан жақсыны,
Сөйлетпей ұрар ұртыңа.
Бауыздамай ішер қаныңды,
Өлтірмей алар жаныңды,
Қағазға жазар малыңды,
Есепке салар барыңды.
Елінді алар қолыңның,
Әскер қылар ұлыңнан.
Тексізді төрге шығарып,
Істетер сұмдықты ұйғарып.
Бұл айтқаным, Абылай,
Болмай қоймас артыңнан.

Қаржаста өсіп-өнген ел Құлыке. Құлыкенің перзенттері ішінде ел қамын ойлаған ұлтжанды азаматтар, халқын жаудан қорғаған батырлар, билер, шешендер, өнерпаз кісілер аз болмаған. Қаржас елін басқарған Сәти Мырзағұлұлы, Күшік Сәтиұлы, Павлодар уезі, Семей облысына есімдері мәлім шен алып, шекпен кигендер Баянауыл округінде аға сұлтан болғандар аузы дуалы, айыр көмей би Шорман Күшікұлы (т.ж. 1788-1837 ж.ө.) мен “Алтын

иық әкім” Мұса мырза Шорманов (т.ж. 1818-1884 ж.ө.), хан Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілістің от жүрек батырлары ағайынды Сейтен (т.ж. 1800-1840 ж.ө.) мен Тайжан (т.ж. 1802-1839 ж.ө.) Азынабайұлдары бәрі де Құлыкеден тарайды.

Қаржастар көбінесе Ақкелін мен Баянауыл болыстарын мекендеді. Ақкелін болысында 1712 шаруашылық (10244 адам) болды, ал Баянауыл болысында- 1113 шаруашылық (6858 адам).

Мейрамсопының екінші әйелі Нұржамалдан Бегендік пен Шегендік туады. Бегендіктің баласы Қозған, бұл оның шын аты емес, лақап аты. Қозған туғаннан кейін қырық күн өткен соң молданы әкеп азан шақыртып, қойдырған аты Ақжігіт.

Қозған Тәңірберді, Сәрік деп тармақталады. Тәңірбердіден Ораз бен Малқар тарайды. Сәрік үш атаға бөлінеді: Тоқтас, Қожамберді, Қожамкүл. Тоқтас екі әйел алған, бәйбішесінен- Тәйтеке, Бәйтеке, бұлар Есіл бойындағы Қарақозғандар, тоқалының аты Сарықыз, онан туғандар Есенкүл, Ырыс, Көбек- Сарықозған атанады.

“Батыр мың қол бастайды,
Шешен тар жерде сөз бастайды”,
“Жүзден біреу шешен,
Мыңнан біреу көсем”,-

дегеннен шешендікке үлкен талғам болатыны аңғарылады. ХІХ ғасырда Қозған елінен байлардың, бектердің, билердің бет-жүзіне қарамай ойдағысын айтып салатын Қопа деген өжет шешен шыққан екен. Әлі бүгінге дейін ел арасында Есназар қозған - от ауызды Әйнекең шешеннің, Қозыбақ қозған - еспе Қарқабат шешеннің, Айдарбек құдың, Тұрғымбай құдың есімдері ұмытылған жоқ.

“Қозғанбыз, жұрттан озғанбыз!” деген Қозған елі домбыра тартып, ән айтып, өлең шығарған өнер адамдарына бай болған. Бегендік руынан шыққан үлкен өнер адамдар ішінде таңдайынан бал тамған әнші Балабек Орынбайұлы (т.ж. 1887-1942 ж.ө.), асқақ әнші Жабай Тоғандықұлы (т.ж. 1889-1978 ж.ө.), дарынды термеші Баймұқаш Сейітов, арқалы ақын Аллажар Теміржанов (т.ж. 1902-1945 ж.ө.), белгілі жазушы Зейін Шашкин (т.ж. 1912-1966 ж.ө.).

“Үйдің жақсы болмағы- ағашынан,
Баланың жақсы болмағы- нағашыдан”,-

деген нақыл бекер айтылмаған. Белгілі ақын, саңлақ әнші - композитор Естай Беркімбаевтің нағашысы Байтұлын ауыл арасында ғана емес, кезінде Қозған еліне аты шыққан әйгілі әнші болған. Естайдың анасы Күлипа да көркем дауысты, ән айтуға үйір адам болса керек. Баянаула еліне рухани білім беріп, имандылыққа жетелеп, ислам дінін таратқандар ішінде Жиенбай - сопыны, Исахан - хазыретті, Күзек - молданы, Бүйек - қажыны, Сейтен қажыны атауға болады.

Бегендіктер ХІХ-ХХ ғасырларда Атбасар мен Павлодар уездерін мекендеген.

Шегендіктің баласы Қақсал. Қақсалдың ұлы Селебе. Селебеден Сәти, Сары, Болтай, Шеген, Қырғызалы, Нәдір деген аталар тарайды. Сәтиден Қоңыр туады. Сары үшке бөлінеді: Ақбота, Нарбота, Ботақара деп. Болтайдың ұрпақтары Ақкісі, Жанкісі. Шеген- Құттықадам, Тәттіқадам, Татай деп тармақталады. Татай ұрпақтары Қаратауды қоныстанған.

Орта жүзде ел аузында, жеті жұртқа әйгілі Балабақсы, Тойғұлы, Есенғабұл бақсы балгерлердің есімдері аңызға айналған. Тойғұлы өзеннің арғы

жағасындағы үйді аруағымен бер жағына көшіріп қондырып, өзінің қара қобызын ат бәйгесіне қосып жүлде алып жүрген деседі. Қақсал руынан шыққан Балабақсының ұрпағы Есенқабыл ХІХ ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген атақты бақсы. Есенқабыл сырқатты қобыздың үнімен емдей бастап аруақтарды көмекке шақыратын:

“Тойғұлы данам,
Балабақсы бабам,
Қуатты сендерден аламын.
Көк аспанға барамын,
Кесепат басқан албасты,
Қайтсең де қалмай табамын.
Аруағыма жүгініп,
Арпалысқа саламын...”

Тойғұлы қара қобызын Есенғабылға әдейі тапсырып кеткен деген сөз бар. Бұл 150 жылдық тарихы бар қара қобыз қазіргі күнде Есенғабылдың жиендерінде сақтаулы жатыр. Бақсылық атадан балаға жалғасып мирас болып отырған, Қақсал руының Есбол, Жамбол тармақтарынан Есенғабылдан кейін Кенжебек, Балабек, Хамит, Бекіш, Бекмағамбет деген бақсылар шықты.

Шегендіктер ХІХ ғасырда Павлодар уезіндегі Қызылтау, Ақбеттау және Ақкөл аймағын мекендеп, Атбасар уезінің Есіл, Жабай өзендері аралығында көшіп-қонып жүрген. Жазда Күлкөл, Барған, Кішкенекөл маңын, Есіл өзенінің оңтүстігіндегі Ащылы өзеннің бойындағы Сунақ, Қайнарлы сайларын жайлаған.

Мейрамсопының үшінші әйелі Қарқабаттан Қаракесек туады. Қаракесектер Арғын ішінде ең өскен, ұрпақтары кең тараған ел. Мақаш Тәтімовтің (Қаракесек руының тумасы) болжауы бойынша, Қаракесек- қазақтың саны жағынан ең ірі руы, 1917 жылы бұл рудың адам саны 200 мыңнан асып кеткен. “Аспанда жұлдыз көп ба? Жерде қаракесектер көп ба?” деген мәтел осыдан шыққан.

Қаракесек - рулар бірлестігі, оған Болатқожа, Жалықбас, Қамбар, Шұбыртпалы кіреді. Болатқожадан- Ақша, Түйте аталары тараған. Ақшадан Бошан, Бошаннан бесеу- Жанту, Таз, Байбөрі, Машай, Манат. Таздың немересі Шаншар Бұлбұлұлы айбынды адам болған.

Шаншардың немересі Келдібекұлы Қазыбек Орта жүздің төбе биі, Әз Тәуке, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай хандардың ақылгөй кеңесшісі, үнінің ерекше әсемдігіне байланысты “Қаз дауысты” деген сипатқа ие болған. Тәуке ханның үш кеңесшілері туралы халық: “Төле би тауып айтады, Қазыбек қазып айтады, Әйтеке батып айтады”, - дейді екен. Қаз дауысты Қазыбек бидің қазақ елінің, қазақ хандығының мақсаты туралы айтқан даналық сөзі сақталған:

“Біздің қазақ елі мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз,
Елімізді басынбасын деп,
Ордамыздан қуат қашпасын деп,
Найзаға үкі тартқан елміз.
Жау аяғына басылмаған елміз,
Дұшпан аяғына жаншылмаған елміз,
Басымыздан намысты асырмаған елміз,
Адалдықты әрқашан жасырмаған елміз.”

Бекболат Қазыбекұлы, Тіленші Бекболатұлы, Алшынбай Тіленшіұлы-бәрі де асылына тартып ұзақ жылдар бойы арғындарға төбе би болып, елбасылары атанған. Бұлардың елін санына қарай 2000 үй Айбике деп атайды. Халықтың “әр әйелден туған бала бір рулы ел” дейтін мәтелі расталғандай. Айбике, Нұрбике, Қызданбике қаракесектер ойын-сауыққа, мысқыл-әзілге құмар ел болған. Сондықтан олар, “шаншарлардың қулары” атанған.

Мұхтар Әуезов шаншарларға мынандай мінездеме береді: “Көрші ел шаншардың қулары дегенде қатты ығысатын. Ас, жәрмеңке сияқты қалың жиындарда бір жерде тобымен жиылып, күліп сөйлеп келе жатқан. “Ойбай, Шаншар келе жатыр. Қылжақ етеді”! деп өрттен қашқандай дүркірей қашады екен. Бұл әдет Шаншардың мысқыл, мазаққа ұста болып, тауып айтқыш, өткір тілдігінен туған нәрсе. Қандай жанның болса да мінін таппай қоймайды, мінін тауып алса түндігін ұшырғандай қылып соқтығады. Сөз шабылуымен кімнің де болса есін шығарып, есеңгіретіп кетеді”.

Бес Бошанның біреуі Байбөрі. Бұл атаның ұрпақтары негізінен Абыралы ауданында, ішінара Абай, Жаңа Семей, Аягөз және Қарқаралы, Егіндібұлақ аудандарын қоныс еткен. Бошанның Машайынан Қояншы, Тағай, Қарсөн, Керней аталары тарайды. Бұлар Шет, Ағадыр, Ақтоғай аудандарын қамтып (Қарағанды облысы), бір шеті Абыралыға (бұрынғы Семей облысы) дейін барады. Байбөрімен Машайдан да сан батырлар, шешен-билер, ақылды даналар, атақты адамдар шыққан.

Болатқожаның Түйтесінен- Майқы, Танас. Бұлардан Әлтеке, Сарым, Қара, Шор, Майлық аталары тарайды. Ең аты шулы- Шордың ұрпақтары. “Қаракесек Шормыз, Құдайдан да зормыз” деген сөз солардан қалған дейді. Қарадан жүрегінің түгі бар Сеңкібай батыр шыққан. Абылай хан оған “Ақиық сұңқарым” деген ат қойған. Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында көршілес тұратын Қаракесек пен Дадан Тобықтылар арасында:

Қара, Шорда- Сеңкібай,
Әлтекеде- Жидебай,
Сарымда- Шабанбай,
Тобықтыда- Құнанбай,
Қараменде, Кеңгірбай
Аруақтар қолдасын.
Аумин! -

деген бата сөз де бар. Аты әйгілі Жидебай батыр Абылай хан әскерінде қолбасы (мыңбасы) болған, халықты ауызына қаратқан Шабанбай би - Сарым елін басқарған атақты би.

Жалықбастың тұңғышы Түгел, ортаншысы Рай, кенжесі Келден. Қамбардан Сары, Сарман, Бұланбай, Таныбай аталары шығады. Шұбыртпалы үш тармаққа бөлінеді: Үмбет, Мәмбет, Олжабай. Осы Мәмбеттің алтыншы ұрпағы, орыс отаршылығымен аяусыз күрескен батыр Ағыбай Қоңырбайұлы (т.ж. 1802-1886 ж.ө.).

“Ханның бәрі Абылай емес,
Батырдың бәрі Ағыбай емес”, -

дейді халық нақылы. Қазақ ұлды “он үште отау иесі” дейді. Ағыбай 13 жасынан қолына қару ұстап атқа мінген, тоғыз түйінді сырғалармен әшекейленген найзасын жауға тіреген батыр. Ағыбай Кенесарының құрдасы әрі оның бірінші әскери кеңесшісі болды. Ағыбай бастаған жорықтар түгелдей жеңіспен аяқталып отырған, сондықтан хан Кене оны “Ақжолтай батыр” атандырған.

Ағыбай батыр билік қызметін де атқарған. Балқашқа жақын жайылым алқабына үйсін мен арғындар таласыпты. Екі жақтың билері бас қосып, кеңесіп, бәтуаласа алмайды. Сонда батырдың айтқан сөзі:

Жаугершілік заманда,
 Қорғаған соң елімді,
 Патшаларға бағынбай,
 “Ақжолтай” атым атанды,
 “Ағыбай батыр” атандым,
 Астында жүріп азаптың,
 Көптеген батыр болды ғой,
 Діні ислам қазақтың.
 Соның бірі мен болып,
 Қорғап қалдық қазақты,
 Ішінде күйіп тозақтың.
 Арғын деп Үйсін бөлмедім,
 Бәрін де жауға бермедім.
 Арғын-Үйсін бәріңіз,
 Бір атаның баласы,
 Бөлері жоқ үш жүздің,
 Ешкімнің жоқ таласы.
 Бірінді-бірің сыйлаңдар,
 Жәрдемдесіп қиында,
 Ұйымшыл бол, бірігіп,
 Осындай іс жиында.

Осыдан кейін екі ел татуласып, барымта тоқтап, ел тыныштығы орна-
 тылды дейді ел аузындағы әңгімелер. Ағыбайдың өз дәулеті онша болмаса
 да, бүкіл Қарқаралы елі болып оның асына Ақмола, Семей, Павлодар және
 Жетісу төңірегінен көп халық шақырылып, үлкен ас* өткізген. Ағыбайдың
 асында қора-қора қой, үйір-үйір жылқы сойылып, ат бәйгесі, айтыс пен па-
 луан күресіне көп қара мал, алтын-күміс жамбы тігілді. Ақ түйенің қарны
 жарылды, ит басына іркіт төгілді деген сөздер осындайда айтылады. Бұл ас
 тарқағаннан кейін бірнеше жыл мақтан болып, ұмытылмай халықтың есінде
 қалды.

Қаракесек елінің, жалпы қазақ халқының мақтаны болған Жанак (т.ж.
 1780-1850 ж.ө.), Кемпірбай (т.ж. 1844-1898 ж.ө.), Әсет (т.ж. 1867-1928 ж.ө.),
 Мәди (т.ж. 1880-1921 ж.ө.), Қасым (т.ж. 1911-1955 ж.ө.) ақындар.

Қаракесектер 1868 жылы құрылған Қарқаралы уезін (1868 жылға дейін
 Қарқаралы округі) мекендеген. Қарқаралы, Кент, Қу, Абыралы, Аркалык,
 Мыржық, Едірей, Дегелең, Қамбардың Көкшетауы, Қызыларай таулары-
 ның арасында Қаракесек елі қоныстанған. 1897 жылғы халық санағының
 мәліметтері бойынша Қарқаралы уезінің халқы 171655 (1 қалалық елді ме-
 кен, 1 станица, 22 болыс, 181 ауыл, 31 мың түтін) болды.

Қанжығалы, Тобықты
 Қатар туған Момыннан,
 Сарыжетім, Шақшақ боп,
 Бәсентиін соңынан.
 Атығай да Қарауыл
 Одан артық қай ауыл?
 Шақшақтан шыққан Жәнібек
 Қазақ ақылын ұлғайтқан.

* “Ас” – дүниеден өткен атақты адамды еске алу салты. ас беру, бата оқыту, еске түсіру
 олген адамның ұрпақтарының міндеті, борышы. Әдетте ас марқұмның жылында берілген.
 Астың аяғы ойын-той: ат шаптыру (бәйге), көкпар, балуан күресі, ақындар айтысымен
 аяқталған.

Қараменде бабамыз
Үш жүзге өрнек үлгі айтқан.
Қанжығалы Бөгенбай
Ханға бермей тізгінін,
Өз теңімен қол тартқан.
Атығайда Зілқара,
Бәсентиін Қазанғап
Ақ патшаға сыр айтқан.
Тобықтыда Құнанбай
Бәрінің туы болыпты! -

депті тобықты Нарманбет ақын (т.ж. 1860-1918 ж.ө.).

Арғынның Ақсопысынан Толыбай ұранды Қанжығалы туады. Қанжығалы руының тарихымен келесі тарауда танысамыз.

Арғынның “Жетімомынның” біреуі - Тобықты. Тобықты Рысбетек, Дәулетек болып бөлінеді. Дәулетектің лақап аты - Жуантаяқ. Рысбетектен Дадан, Мұсабай, Көкше. Бұларда оқыған, тоқыған ақылгөй абыз, шешен би болып өткендер Әнет Кішікұлы, Долан Қадырбердіұлы, Көбей Балағазыұлы, Кеңгірбай Жігітекұлы, Өскенбай Ырғызбайұлы, Қараменде Шақаұлы. Тобықтыдан қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай ақын (т.ж. 1845-1904 ж.ө.) шыққан. Әкесі Құнанбай қажы (т.ж. 1804-1886 ж.ө.) Тобықты елін басқарған, өкім - билік жүргізген өте сыйлы, халыққа қадірлі, атақты би болған, Мәккеге барып, қажы болып, қалған өмірін сопылықпен өткізген. Сол заманның ел қайраткерлеріне (аға сұлтандар Құнанбай Өскенбаев, Ыбырай Жайықбаев, Мұса Шорманов, Шыңғыс Уәлиханов) қаракесек Ботантайұлы Жанғұтты шешен мынандай сипаттама берген екен:

Тобықты Құнанбай шыңның басынан шыққан
қайнар бұлақ,
Қыншақ Ыбырай қажымас қара болат,
Қаржас Мұса қабыршағы жоқ қолға тұрмас
жылмағай қара балық,
Шыңғыс төре мұсылманға суық, орысқа жуық.

“Қалқаман-Мамыр”, “Еңлік-Кебек” тарихи оқиғалары осы Тобықты елінде болған. Қалқаман ұрпақтары Алматы облысындағы Қаскелең, Шамалған, Ұзынағаш, Қалқаман, Мамыр елді мекендерінде қоныстанған.

1723 жылы жоңғарлардан жеңілген қазақ елі Қаратау, Сыр бойынан қаша көшкенде, Тобықты руы Кеңгір, Торғай, Ырғыз, Көкше, Орға қарай ығысқан. Арғындар Сарыарқаға XVIII ғасырдың ортасында қайта оралғанда, Тобықты руын Мамай батыр бастап, жұртты соңына ертіп Шыңғыс тауларына келіп маңдай тірепті. Қараменде би басқарған бір болыс ел Дадан тобықтылар Балқаш, Тоқырауын, Қусақ маңына көшіп кеткен. Қалған тобықтылар Семей облысының жеріне орналасып, Бұғылы, Шаған, Мұқыр, Шыңғыс, Қызыладыр болыстарын құраған.

Шәкәрім ақын “Еңлік-Кебек” поэмасында “Әңгіме алдында аз сөз” деген кіріспесінде Тобықты руының XVIII ғасырдағы тарихына тоқталады.

“...Қалмақты шабысуға Мамай келген,
Босап қалған Шыңғысты көзі көрген.
Барған соң Жеті Момын баласына,
Хан Шыңғыс босады деп хабар берген.

Момынның жартысы айтқан барамыз деп,
Ата қоныс Шыңғысты аламыз деп.

Атығай, Қарауыл мен Бәсентиін,
Көшпейді, біз осында қаламыз деп.

Туысқанын қия алмай, жүр деп сен де,
Көп айтқан Кеңгірбай мен Қараменде.
Бос тұрған соң Шыңғысқа Матай қонған,
Біздің ел әне-міне деп жүргенде.

Тобықты, Қанжығалы көшкен сонда,
Өзге Момын көше алмай қалған онда.
Шыңғысты Матай алды дегенді естіп,
Қанжығалы қалыпты орта жолда.

Келгені Тобықтының осы маңға,
Мың жеті жүз сексенге тақағанда.
Елді бастап әкелген Мамай батыр,
Орда, Көкен, Ащысу, Доғаланға”.

Бәсентиін руына кіретін аталар Ақмайдан, Бекмайдан, Тоқмайдан, Көкшекөз, Қатыс, Бұқакүбір. Ақмайданнан Қақаш, Сәрсен, Сәмет туады. Қақаштан- Бөрі, Сәрсеннен- Апай, Сәметтен (Балықшыдан) – Күшік, Сырым, Ақтілес тарайды. Бекмайданда екі ұлы болған, Бесен, Таңатар есімді. Көкшекөзден Көшен, Шүрек, Қойсары, Қозыбак, Рысқұл, Қожағұл, Қоянбай, Сәмек тарайды. Бәсентиін руының Қатыс тармағынан Әйтей, Есенгелді, Меңдібай, Базар, Андас, Келдес, Тілмембет топтары тарайды.

Бұл рудың даңқын шығарған қазақ халқының XVIII ғасырдағы ұлт-азаттық соғысының қаһармандары Барлыбай, Малайсары, Сырымбет, Гауһар батырлар. Сырым атасынан шыққан Малайсары (т.ж. 1700-1750 ж.ө.) Орта жүздің аты шыққан батыры, биі, ру басы болған. Малайсары қазақ даласының мәмлегері рөлін атқарып, Қазақ пен Жоңғар хандықтарының арасында келіссөз жүргізіп, даулы мәселелерді шешіп, көп еңбек сіңірді. Соның нәтижесінде Малайсарыға қонтайшы* Галдан Церен тархан атағын берген. Тархан Малайсарының қарындасы Гауһар-Қаракерей Қабанбай батырдың жары.

Гауһар батыр (туғанында қойылған аты Майсара) сонау 1723 жылдан бастап 1750 жылға дейін жоңғарлармен болған соғысқа қатынасқан. Ол қартайғаннан кейін орнына үлкен қызы Назым соғысқа аттанып, Қабанбайдың қасында болады. Гауһар өмірін өз ұлтының азаттығына арнап, көк сауыт киіп, қолына екі жүзді наркескенді** алып, жаумен бетпе-бет айкасқан ең көрнекті әйел батырлардың бірі, әрі Қабанбайдың жауынгер серігі. Бердіғожа жырында Қабанбайдың әйелі әйгілі құмалақшы, батырдың жолын күні бұрын болжап отырады, батырға ат тандап береді деп жырланады. Майсараның қасиетін бағалап, ел оған Гауһар деп тағы бір ат беріпті.

Бәсентиіндер Павлодар уезінде Ертістің екі жағасында қоныстанған. Сонымен қатар кейбір аталары Алтай таулы өлкесінде тұрған. Сырым атасының 60 үйін Есберген ұлы Төлебай сал XIX ғасырдың ортасында Ақмола уезіне, Жаңаарқаға, Қуандық еліне, Тоқа Шоң Телғозин (ж.т. 1828 -1901 ж.ө.) қасына көшіріп әкеткен. Күшік атасынан тараған Қангелді ұрпақтары-

* “Қонтайшы” – Жоңғар хандығының ең жоғары басшысы, ханы. Жоңғарияның қонтайшылары: Батур (1635-1653 ж.ж.), Сенге (1653-1657 ж.ж.), Очирту-Цецен (1657-1670 ж.ж.), Галдан Бошокту (1670-1697 ж.ж.), Цеван Рабдан (1697-1727 ж.ж.), Галдан Церек (1727-1745 ж.ж.), Аджи (1746-1749 ж.ж.), Лама Доржи (1749-1753 ж.ж.), Давацци (1753-1755 ж.ж.), Амурсана (1755-1757 ж.ж.).

** “Наркескен” - исфаған (парсы) қылышы, дәлме-дәл: түйенің басын (мойнын) қак айырып кесіп тастайтын өткір қылыш.

ның біразы Көкшетау жерінде орналасқан. 1897 жылғы мағлұматтарға қарағанда Павлодар уезіне 17 болыс қарады, олар: Ақкелін, Ақкөл, Ақбеттау, Ақсу, Алқакөл, Алтыбай, Атағозы, Баянауыл, Далба, Қарамола, Қараөткел, Қызылағаш, Қызылтау, Маралды, Теренкөл, Ұрық, Шақшан. Ақсу, Алтыбай, Алқакөл болыстарын түгел Бәсентиін руы иемденді. Маралды болысын бәсентиіндер басқа тұрғындармен бірге мекендеді. Қалған бәсентиіндер Семей уезінің Малыбай, Сейтен, Айғыржал, Бесқарағай, Кеңтүбек болыстарында орналасты.

Арғынның Қарасопысынан Қарауыл туады. Қарауылдан Құланшы, Құрман, Бөлекей деген аталар тарайды. Құланшы Атқы, Жауар, Мөңтік, Сары деп тармақталады. Құрманнан төртеу Есенбай, Қараша, Әнәнәй, Қоңырша. Бөлекей үш атаға бөлінеді: Құлымбет, Жаулыбай, Түнқатар. Жаулыбай атасынан Атығай-Қарауыл руларының бас биі болған атағы елге жайылған Қанай би шыққан.

Қарауыл елі орыс патшасына қарауды қостамаған. Қарауылға Кенесары хан “орысқа бағынбаңдар” деп хабар салады.

Бағынба, қазақ, орысқа,
Бағынсаң қазақ орысқа,
Осы бастан амандас
Сарыарқа дейтін қонысқа.
Береке кетер асыңнан,
Билігің кетер басыңнан...

Содан Қарауыл ішінен ұрысқа қайратты ерлігіне елі сүйсінген батырлар Бөгенбай би, Амалдық, Кенжебай Боқайұлы, Қарабатыр, Арлан, Шамай, Баубек, Елубай, Көбе басшы болып хан Кенеге еріп кетеді...

Орта жүз руларына қатысты ел ішінде тараған әзіл сөздердің бірі:

Қарауылдың ішінде өлең айтпа,
Атығайдың ішінде аят оқыма,
Керей ішінде орысша сөйлеме.

Қарауыл- әнші, Атығай- діндәр, Керей- орысшаға жүйрік деген сөз болса керек. Қарауыл елінен он саусағынан өнер төгілген шебер, әйгілі ақпа-төкпе ақындар шыққан. Бармақтарынан бал тамғандар Орынбай ақын (Орынбай Байқожаұлы, т.ж. 1813-1891 ж.ө.), Ақан сері (Ақжігіт Қорамсаұлы, т.ж. 1843-1913 ж.ө.), Үкілі Ыбырай (Ыбырай Сандыбайұлы, т.ж. 1858-1930 ж.ө.), Мұса ақын (Мұса Асайынов), тағы басқа ойын-тойының көркі болған төкпе ақындар, асқақ әнші-композиторлар Қарауыл руының тумалары.

Айыр көмей, темір жақ Ыбырай Сандыбайұлы ел ішінде “Үкілі Ыбырай” атануы туралы:

“Құлпыртып екі тоты үкі тақтым,
Құлағымнан түсіріп салбыраттым,
Пері ме, диуана ма, бақсы ма деп,
Көрінген көп халықты таңырқаттым”, -

дейді.

Қазақ елі Арқаның ән мен жыр дүлдүлі Үкілі Ыбырайды ерекше құрметтеп, қатты қадірледі. Жұрт Ыбырай десе ішкен асын жерге қоятын. 1930-шы жылы 72 жастағы Ыбырай ақын Қызылжар түрмесінде тұтқындалып, “Елге сәлем” деген ақырғы өлеңін шығарады.

Атығай мен Қарауыл, бірің тіл, бірің көмейсің,
Жақындығың осындай, қайсың маған өгейсің.

Ашыққанда ас беріп, әлсіздерді демейсін,
Адасқанға жөн сілтеп, көрсетіп көмек жебейсің...

Абылайды хан сайлағанда алғашқы алты қалыңдығын Атығай-Қарауыл рулары алып берген деген сөз бар. Орынбай ақын Кенесары ханға:

“Кенеке, жақын көрсең, қарашыңмын,
Алыс көрсең андысқан алашыңмын.
Атаңа алты қатын алып берген,
Атығай-Қарауыл баласымын”, -

деп жырлаған.

“...Сұлу киім, жүйрік ат, құмай тазы, алғыр бүркіт Ақанда болды. Қалың Қарауылдың ойын-тойының көркі Ақан болды. Біріне бедеу мінгізіп, біріне бұлде кигізіп дегендей, 15-20 жігітті өзі тәрбиелеп нөкер қылып алды. Жүргенде сол жігіттердің алдында қолбасыдай окшау отырады. Біресе боз атқа мініп, ақ киген. Біресе қара атқа мініп, қара киген. Біресе торыға мініп, күрең киген. Басында бұлғақтаған үкі, қолында- домбыра, аузында- ән. Жігіттердің бәрі балуан, бәрі әнші. Бірақ Ақанның әні өзгеше. Даланы күңіретіп, Ақан ән шырқаса, би билігін, кемпір ермегін, сұлу кестесін қойып, аңырып тыңдай қалады...” (Жұмабаев М. Ақан-сері, Сана, 1924, №2).

Қарауылдар Көкшетау уезін мекендеген. Петропавл, Омбы уездерінде де қарауылдардың қоныстары болған. Ақмола уезінде олар шығыс бөлігін иемденді, Көкшетау уезінде Есіл, Шағалалы өзендерінің бойын, Қоскөл, Саумакөл т.б. көлдерді толып жатқан кішігірім өзендер (Аққан бөрілік, Жабай т.б.) бойын мекендеді. Бұл Зеренді, Шығыс, Жыланды, Шалқар, Мезгіл болыстарының жерлері. Омбы уезінің Николаев болысында Қарауылдың Салпық, Сары деген аталары орналасты. Атбасар уезінде Қарауыл руының Тоқтауыл, Бектаул аталары Жарқайын болысының шығысын, Атбасар болысының жартысын (батыс жағын) қоныс қылды.

Атығай Арғын ішінде Сарысопыдан тарайды. Сарысопыда Елемес деген жалғыз ұл болған. Елеместен Дәуіт туады. Дәуіттен он екі ата ел тарайды. Оған кіретіндер Атығай, Баба, Бағыс, Майлыбалта, Бабасан, Қалқас, Ақкиік, Қадір, Құлансу, Қойлы, Моныс, Есентаңырық.

Атығай жөнінде халықта мынандай аңыз-әңгіме сақталған. Қазақтар қалмақтармен жауласып тұрған тұсында он бес жасар Атығай қолына егеулі найза алып, атқа отырып, басқалармен қоса жорыққа аттаныпты. Жаумен қақтығыс кезінде ол ерекше батылдық батырлық танытып, қалмақтармен бір шешуші айқаста астында ақбоз ат, қолында ақ семсері* бар Атығай шеп бұзып жаудың қалың ортасына “Атығай-Атығай!” деп кіріп барып, туын күлатады. Содан жау қазақ сарбаздарынан күйрете соққы алып, шегінген екен. Бұны көрген қақтың қолын басқарған Есім хан Атығайды өзіне шақырып, батасын береді және Дәуіттен тарайтын он екі ата бұдан былайғы жерде қайсар батырдың атымен Атығай аталсын деген жарлық шығарады.

Абылай хан 1757 жылы қырғыздарды шапқанда бірнеше жүз тұтқындарды алып келіп, Атығай арасына қоныстандырады. Келе-келе уақыт өте сол қырғыздар атығайлармен араласып, өздерінің шығу тегін Атығайдың түп атасы Дәуіттің он екі баласының бірінен таратып, жаңа қырғыз, бай қырғыз деп аталып кеткен.

Атығай руының Қалқас тармағынан Құдайберді, Бәйімбет тарайды. Бәйімбеттен Шал (Тілеуке Құлекеұлы, т.ж. 1748-1819 ж.ө.) деген көрнекті жырау шыққан. Ақынның әкесі Құлеке батыр Абылай ханның жақын серігі, өз тұсындағы беделді ру басылардың бірі еді. Бала Тілеуке он бес жасында-ақ

*“Семсер” - шабу-шаншуға арналған екі жүзді түзу қылыш.

даңқы шығып, Шал (өткір, ұшқыр) ақын аталады да өнер жолына түседі. Шал қазақ рулары туралы халық арасында тараған әңгіме-аңыздарды жинап, жыр жазған ақын. “Шал қазақтың пайда болғанына дейінгі аңыздарды көп жырлаушы еді дейді және Алаштан тараған хандар мен ру басылардың, тайпалардың шежіресін Құдайберді батырға дейін таратып айтады екен... Бірақ менің қолымда бұл эпос жоқ”, - деп жазды Шоқан Уәлиханов.

Атығайдың Құдайберді атасының Андағұл тармағынан Арқаға есімдері танымал атақты Байтоқа, Зілқара, Шопандар шыққан. Зілқара Байтоқаұлы (т.ж. 1761-1856 ж.ө.) әрі шешен, әрі ақын, әрі әнші, әрі би, Көкшетау дуанына аға сұлтан* болған. Абылай ханның ер жүрек батырларының бірі- Атығай Жапақ батыр, бұл да Құдайберді атасынан. Кенесары ханның әйгілі, беделді батырларының ішінде Аңғал батыр Байназарұлы болды. Бұл батыр Атығай ішінде Ақкиік атасынан.

Атығайлардың қоныстанған жерлері Көкшетау мен Қызылжар (қазіргі Петропавл) қалаларының арасы, Батыс жағы Есіл өзеніне дейін, шығысы Омбы жерімен шектеседі. Атығайлар Орта жүздің басқа руларымен араласып Петропавл, Көкшетау, Омбы уездерін мекендеген. Көкшетау уезінде олар Айыртау болысын (Майлы, Балта аталары), Көкшетау болысын (Құлансу, Қойлы, Ақкиік аталары) қоныс қылды. Атығай руының Бағыс, Баба аталары Омбы уезінің солтүстігінде орналасты. Майлы, Балта аталарының біразы Петропавл уезінің солтүстік-шығыс бөлігін иемденді.

XVIII ғасырдың алғашқы жартысында қазақ хандығын екі бүйірден жоңғар және Еділ қалмақтары қысқанда асқан батырлық көрсеткен, кейін елдік, мемлекеттік тұрғыдан даналық, билік құрған Шақшақ Жәнібек тархан. Жәнібектің жеті атасы бес қаруы** сайлаулы, тұлпары байлаулы, семсер сілтеп, садақ тартып жүрген батыр болған адамдар. Түпкі аталары Елемес пен Шағыр жұбын жазбай өткен ерен тұлғалар болған. Шағырдан туған Аманжол батырдың есімі Тәнбісопыдан тарайтын Арғын рулары үшін ұранға айналған. Бұрын олар басқа арғындар секілді Ақжол ата есімін дабыл етіп келген еді. Аманжолдың ортаншы ұлы Шақшақ- әйгілі Есім ханның тұсындағы қазақтың бетке ұстар батыры. Шақшақтың тұңғышы Көшей, немересі Қошқар, шөбересі Жәнібек үшеуі де ата жолын қуып, айтулы батырлар болған.

Тобықты Жаңатайұлы Көкбай ақынның (т.ж. 1863-1925 ж.ө.) “Сабалақ” дастанында:

“Шақшақ Жәнібек- қазақтың білімдісі,
Өзі ер, әрі тақуа молда кісі.
Сол уақытта қазақтың бірден қойған
Ақсақал ел ағасы, ырымдысы”, -

делінген.

Әбілмәмбет хан Сабалаққа атасы Абылайдың есімін бергенде, Абылайға батасын Жәнібекке бергізген екен:

*“Аға сұлтан” - округта әскери – әкімшілік басқару қызметін атқарушы, жоғары лауазымды әкім. Оған ресей әскери қызметтің майор шені берілді. Аға сұлтан үш жылға сайланатын. Оның тәрт орынбасары: 2 орыс шеноунигі (заседательдер) мен 2 беделді қазақ (қазылар) болды.

** “Ер қаруы - бес қару” - құрамына: найза, садақ (мылтық), қылыш (семсер), айбалта, шоклар кірген. Бұл қарулармен бірге сарбаздар қанжар мен арқанды пайдаланған. Жауынгер киімінің құрамы: дулыға, далбағай, сауыт, шарайналар, кісе.

*** “Тархан” – ханның немесе патшаның грамотасымен салық, алым төлеуден және басқа да міндеткерліктерден босатылған және бірқатар артықшылықтар берілген тұлға. Бұл атаққа ие болған кісі қылмыстан жазадан тыс болады екен.

“Бата алып, соған барып келсін дейді,
Апарып тарту-сыйлық берсін дейді”.

Жәнібек Орта жүзбен Ресей арасындағы қарым-қатынасқа зор еңбек жасаған. Орыс патшалары көрнекті өкілдеріне олардың мемлекет алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін тархан*** атағын берген. Тархан деген атақ тұңғыш рет император Елизавета Петровна жарлығымен 1743 жылы Жәнібек батырға берілді. Жәнібектің баласы Дәуітбай батыр Ресейдің әскери коллегиясының 1759 жылғы жарлығында тархан деп аталған. Жәнібектің екінші ұлы Жауқашар, одан Жайсаңбай, Жайсаңбайдан Арқай, одан Оспан туады. Оспан Амангелді батырдың жорықтас қанды көйлек жолдасы болған, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінде алты болыс (Тосын, Шұбарлаң, Майқарау, Сарықопа және Наурызым) ауылдарынан сегіз мың қолды бастап Торғай қаласына Жәнібек батырдың туын ұстап кірген асылдың сынығы.

Тәнбісопыға жататын рулардан Әбілқайыр ханның бас сардары Бөгенбай батыр Қожекеұлы, Торғай облысының қоғам қайраткерлері, “Алаш” партиясының басшылары Ахмет Бірімжанов (т.ж. 1871-1927 ж.ө.), Ахмет Байтұрсынов (т.ж. 1874-1937 ж.ө.), Міржақып Дулатов (т.ж. 1885-1935 ж.ө.) қатарлы атақты адамдар шыққан.

Тәнбісопы ұрпақтары қоныстанған жер- Торғай, Қостанай өлкесі. Осы күнгі Торғай қаласының Қостанай жағы- төменгі шекті, арғындар Ақтөбе жағы- жоғарғы шекті арғындар болып орналасқан. Шақшақтан Бақай, Көшей, Жүзей, Есназар, Ақназар, Томай аталары тараған. Шақшақтың басым көпшілігі (6000 түгін) Торғай уезінде, біразы (1000 түгін) Қостанай уезінде көшпелі өмір сүрген.

Қанжығалы руы

Қанжығалы этнонимі қалай пайда болды, оның шығу тегі (этимологиясы) қайдан бастау алады? Орта жүздің атақты шежірешісі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (т.ж. 1858-1931 ж.ө.) бұл туралы: “Қанжығалы кісі аты емес, қараның ханы болып басына алтын жыға орнатқан. Сонан Қанжығалы атанған деседі. Кейбір ескі сөйлеушілер жауға аттанғанда қанжығалы болып, қанжығасы құр келіп көрген емес. Сондықтан Қанжығалы атанған деседі. Шешесінің аты Момын, атасының аты Ақсопы, “Толыбай” ұранды Қанжығалы атанған”, - деп “Қазақ шежіресінде” жазады.

Бір нәрсені байлау үшін ердің екі жақ қапталының арт жағынан тесіп өткізілген жіңішке таспа қайысты қанжыға деп атайды. Қанжығаға қоржын байланады, соққан аңды да қанжығаға байлайды, жорыққа шыққандар қолға түскен олжаны қанжығаларына байлаған. Жауға аттанған ерлерге айтылатын алғыс, тілектер: “Қанжығаң қан болсын!”, “Қанжығаң құтты болсын!”. Бұрынғы заманда жауды ойсырата жеңгенде, жаудан өшін алғанда “қанжығаға қанды басты байлаған” - дейтін. Үмбетей жырау Абылай ханға айтқан дейді:

Жиырма жасың толғанда,
Қалмақпен соғыс болғанда,
Алғашқы бақты тапқанда,
Қанжығаға бас байлап,
“Жау қашты” - айғайлап,
Абылайлап шапқанда...

“Қанжығасын қандау” - дегеннің тағы бір мағынасы - жаумен кескілескен ұрыс жүргізіп, өз қанымен қанжығасын бояу. Қанға белден батып, жаумен аяусыз қанды ұрысқа қатысқанды “қанжығадан қан кешкен” - деп айтатын.

Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде (1966 ж.): “Біздің шамалауымызша “Қанжығалы” сөзі монғол тілдерінен ауысып келген және оның мағынасы осы тілдерде “салбырап асу, асып байлап қою, салақтап тұру” деген мағыналарда кездесетін “һанжыха”, һанжаха” сөзімен тығыз байланысты болу керек” делінген.

“Жыға” сөзі төрт түрлі мағынаны білдіреді. Біріншісі - батырлар дулығаның* сырт жағына қыстыратын қасиетті құстың қауырсыны. Екіншісі - алтынды, асыл тасты бас киім әшекейі, тәжге қадайтын алтын қауырсыны. Қымбат бағалы, әшекейленген бас киімді де “жыға” - деп атаған. Дулығаның артынан (мойынды қылыш кеспеу үшін) қаптап қоятын шығыршықты зат, бас киімнің артқы жиегі де “жыға” делінген. Қазақ тілінде “жығасын жығу”, “жығасын түсіру” деген фразеологизмдер** сақталған, бұлар жауды жеңіп

*“Дулыға” - темір бас киім, басты қарудан қорғайтын қорғаныс құрал. Дулығалардың түрлері: “қалпақ пішендес”, “телпек (такия) пішендес”, “күләпара пішендес”, “бөрік пішендес”.

** “Фразеологизм” - белгілі бір тілдегі тұрақты сөз нұсқасы.

алу, билеп алу, бағындыру дегенді білдіреді. Ал “жығасы жығылу”, “жығасы түсу”, “жығасы қисаю” деген көне сөздер сәтсіздікке ұшырағандықты, бағы тайып, басына қиындық түскенін көрсетеді.

Саққулақ бидің “Шежіре- тарихында” былай делінеді: “Арғын бабамыздың немерелері- Толыбай жиырмаға, Маябоз он сегізге келген түсында, Ақсопы екі баласын түрікмендерге, оның ханы Көрұғлы шахқа қызмет атқарып қайтуға жібереді. Хан Толыбайды өзіне атбегі етіп қабылдайды да, Маябозды теке-жәуміт (ахалтеке) жылқысын бағуға жібереді.

Толыбай түрікмен қызына үйленеді. Оның жүкті кезінде Қорұғлы хан Хорасанға жорық жасап, Хорасанның орталығы Раушан қаласын өзіне қаратады. Еліне қайтып келе жатқан жолда, көңілінің тасығандығынан болар, хан басындағы жығасын Толыбайға кигізеді. Елге оралғанда жұрт: “Хан Толыбайға жығасын сыйлапты,” “Ханның жығасын киген Толыбай”- деп шуласады. Ақыры “хан жығасы” Толыбайдың екінші лақап есіміне айналып “қанжығалы” атанып кетіпті” (Дауа, № 20-21, 1992 ж.).

Саққулақ би Қанжығалы аталған Толыбай батырдың тарихын былай жалғастырады: “Қанжығалы Хорасан жорығынан оралғанда әйелі ұл табады. Көрұғлы хан жеңіп алған Раушан шаһарі құрметіне Қанжығалы баласына “Раушанбек”- деген ат қояды. Одан кейін туған ұлына Шиіш Пайғамбардың есімін беріп, “Шиішбек”- деп атаған. Қанжығалылар мұны қысқаша “Ішпек”- деп атайды.

“Мал қонысын іздейді, ел туысын іздейді”- деген бұрынғылардан қалған мақал бар. Толыбай мен Маябоз туған еліне, қазақ жеріне оралмақшы болып, Көрұғлыдан рұқсат сұрағанда, хан рұқсат береді, тек Толыбайдың орнына баласы Раушанбекті қалдырып кетуін ұйғарады”.

Қанжығалы туралы ел ішінде тараған көп аңыз-деректі зерттеген тарихшы-фольклоршы Қазыбек Олжабайұлы Нұралин (т.ж. 1918-1994 ж.ө.) Ішпек туралы мынандай аңыз келтіреді: “Ертеде Алты Алаш бір мемлекет болып, ажырамай тұрғанда, өзбек еліне шығыстан жау шабады. Өзбек ханы қазақ көршісінен көмек сұрайды. Қазақ ханы батыры Ішпекті бас етіп, қол жібереді. Біріккен өзбек-қазақ қолы жауды тасталқан етіп шабады. Қоштасарда өзбек ханы Ішпекке ісі мен ерлігі үшін, басындағы хан белгісі- жығасын береді. Содан бері Ішпекбайға екінші қосалқы ат- “Ханжығалы” пайда болады”.

“Аңыз түбінде ақиқат бар”- дейді халық. Келтірілген аңыздар, түркі тілдес халықтары арасында кең тараған, Көрұғлы қиссасының сюжетімен ұштасады.

Бастайын Көрұғлының хикаясын,
Түрікмен Текежәуміт дейді затын.
Әкесі Көрұғлының Раушанбек,
Толыбай арғы әкесі аталатын.

Қиссаның тағы бір басқа нұсқасында:

Түрікменнен шықты Толыбай,
Тұлпар мініп, ту алып.
Ерлігінің уақытында,
Халқы жүрді қуанып.
Мұның оғлы жығалы,
Дұшпанымен айқасқан.

“Көрұғлы” жырының тағы бір нұсқасында Толыбай мен Раушанбектің аттары кездеседі.

Үргеніш мекендеген жерлері екен,
Бақ-дәулет жастан тәңірім берген екен.

Бар екен Раушан атты жалғыз ұлы,
Толыбай қаза жетіп өлген екен.
Халыққа қадырлы боп ер Раушан,
Ғаріпке жетім-жесір қорған екен.
Раушан көрмей өскен қапалықты,
Жасынан шілтендерден бата алыпты.
Айбарлы, ақылы артық болғаннан соң,
Раушан “бек” сол себептен атаныпты.

Этнограф Ғалымбек Мұқатов Толыбай туралы мынандай қорытындыға келеді: “Арғынның немересі Толыбай малға кедей, сөзге бай, әрі сыншы болған. XV ғасырда Әбілхайыр хан ноғай, қазақ, өзбек халықтарын билеп, күшейіп тұрғанда сол Толыбай сыншыны өзіне сенімді серігі етеді. Достығының белгісі ретінде өзінің жығасын Толыбайға кигізеді екен. Үргеніш шаһарындағы бір ірі тойға барғанда той халқы хан кім екенін ажырата алмай, Әбілхайырға да, Толыбайға да қошемет көрсетіп, тәжім етіпті. Ханның бас уәзірі халыққа тәж киген Әбілхайыр екенін, Толыбай оның кеңесші бегі, батыр досы екенін түсіндіреді. Сонда өзбек, сарттар: “бәсе, біреуі хан емес, тек ханжығалы екен ғой” - деп таңқалып, сонан жұрт Толыбайды “Ханжығалы” - десіп кеткен”.

Байбота Серікбайұлы Қошым- Ноғай түрлі дәлелдерге сүйене отырып, қанжығалылар ортағасырдағы қанчак тайпасының ұрпақтары дейді. Ол қанчак сөзінің бірнеше варианттарын келтіріп: қанчак- қанжак- қанжақ- канджак деп, Самарқанд қаласы бір кездері “Кан” деген атауды иеленген деп, “джак” - ру, тайпа деген мәндерде жұмсалған деп, нәтижесінде “канджак” - Самарқанд қаласын мекендеген тайпа деген қорытындыға келеді. Зерттеуші сингармонизм* заңдылығы біріккен “канджак-ел-і” морфемаларын** “Қанжығалы” дыбыстың құрамындағы сөзге айналдырған деп тұжырымдайды. (Ана тілі, 1997, №15).

Менің пайымдауымша, Қанжығалы руының атауы қанжыға (𐰽) таңбасынан шыққан болу керек, яғни қанжығалы таңбалы ел дегенді білдіреді. Қазақта “лы”, “лі”, “ты”, “ті” болып аяқталған барлық рулардың атаулары таңбалалардан шыққан. Мысалы, Балталы (таңбасы-балта), Бағаналы (таңбасы-бақан), Тарақты (таңбасы-тарақ), Қайшылы (таңбасы - қайшы), Сіргелі (таңбасы-сірге), Орақты (таңбасы - орақ), Ашамайлы (таңбасы - ашамай), Абақты (таңбасы - абақ), Шанышқылы (таңбасы - шанышқы), Ергенекті (таңбасы - ергенек).

Қанжығалы руы тек қазақ арасында ғана емес, сонымен қатар басқа халықтардың құрамында да кездеседі. Мәшһүр Жүсіп шежіресінде былай делінеді: “Қанжығалы ішіне сіңісті болып, өсіп-өніп кеткен қарақалпақ бар, қызылқұлақ бар. Нағызынан бұта-шатасы көп. Сондықтан сүттей ұйып, қатықтай қатып тұра алмайды”. Қанжығалылар өзбек, қарақалпақ елдерімен ежелден аралас.

“Өзбек- өрістес ел,
Қырғыз- қоныстас ел,
Қарақалпақ- қарындас ел,
Түрікмен- тамырлас ел,” -

деп қазақ бекер айтпаған. Бөгенбай батырдың анасы Құттыбике- қарақалпақ қызы. Қанжығалы Қамбар атасынан тарайтын Аққозы ұрпақтары, Барақтың

* “Сингармонизм” - сөз ішіндегі дауыстылардың бірыңғай не жуан, не жіңішке болып әуендесіп - үндесіп айтылуы.

** “Морфема” - сөздің мағына беретін бөлшегі, жұрнақ, жалғау.

Лабашы және Пышқантай атты ұлдары, Бөгенбай батырдың немерелері Қасыболат пен Қасыбай Жиделі- Байсынға ауын кеткен. Бұл жағдай- ежелгі қонысқа қайта оралудың бір айқын белгісі. “Ескі қоныста бір ата ел қалады”, - деп жәй айтылмаған. Осылай түрікмен жерінде қалып қойған Раушанбектің нәсілдері де өздерін “қанжығалымыз” - деп атайтын көрінеді. Бірақ, қазақтың ұлттық қасиеттері жоқ, бірі түрікмен, екіншілері өзбек болып кетсе керек.

Өзбекстан Республикасының құрамындағы Қарақалпақстан Республикасының негізгі халқы- қарақалпақтар. Қарақалпақстанда, Қазақстанда және Ресей жерінде 423436 (1989 жылғы санақ бойынша) және шет елдерде 5 мың қарақалпақтар тұрады. Қазақ, қарақалпақ, ноғайдың мәдениеті, тарихы ортақ, тағдыры бір болған. Алтын Орданың қол астында, одан кейінгі кездерде Өзбек Ордасы мен Ноғай Ордасы құрамында да осы үш халық бір болған. Тек XV ғасырдың басында олар жеке бөлініп шығады. Қазақ, Қарақалпақ, Ноғай халықтарының тек тілдері ғана емес, олардың ру-тайпалық құрамында ортақ аталар (рулар) кездеседі.

Қарақалпақтардың ру-тайпалық жүйесінде олар екіге бөлінеді. арыс “он төрт ру” және арыс “қоңырат”. Осының өзінен-ақ қарақалпақтардың этникалық жағынан жақын туыстығын аңғаруға болады. Қазақтардың Орта жүзі құрамындағы Қоңырат тайпасының үлкен бір бөлігі Өзбек ұлысы ыдыраған тұста (XV ғ.) қарақалпақ құрамына кеткен. Сондықтан бұл екі туысқан халықтардың тілі, әдет-ғұрып, салт-санасында онша көп өзгерістер жоқ.

Арыс “он төрт ру” өз кезегінде екіге бөлінеді: біріншісі - Қытай, Қыпшақ қос тайпалы, екіншісі – Кенегес, Маңғыт қос тайпалары. Қыпшақ тайпасы он төрт рудан тұрады. Олар: Санғмұрын, Естек, Шонак, Басар, Талыс, Қанжығалы (бұлар “алты ата” деп аталады), Жабы, Арык, Жағалтай, Бағаналы, Майлыбалта, Жәдік, Салтыр (бұларды “жеті көше” деп атайды) және Қытай.

Қарақалпақ қыпшақтарының жалпытайпалық таңбасы түзу сызық |, араб алфавитінің бірінші әрпіне ұқсас болғандықтан, “әліп” таңба атанады. Қыпшақтардың ұраны – “Токсаба”. Ұран - қосалқы сөздерден тұрған: ток - толық, саба - қымыз ыдысы. Қарақалпақ ішінде ең бай болған қыпшақтар қой шаруашылығымен емес, жылқы шаруашылығымен айналысқан, осыған байланысты қымызды мол дайындаған дейді қарақалпақ шежіресі.

Кейбір зерттеушілер айтуынша, “Токсаба” - тоғыз оба*, яғни тоғыз аталар (рулар) бірлестігі дегенді білдіреді. Қыпшақ - половецтерде (XI - XIII ғ.ғ.) төртоба, құлоба, жетіоба, тоқсоба рулары болған.

Бұл жерде мынаны айту орынды. XIV ғасырда өмір сүрген Мысыр тарихшысы Ан – Нувейри Дешті - Қыпшақта орналасқан Қыпшақ тайпаларының тізімін келтіреді: 1. Токсаба; 2. Жеті; 3. Бурджоғлы; 4. Бурды; 5. Қанғуоғлы (немесе Қанғароғлы); 6. Анджоғлы; 7. Дурут; 8. Қарабароғлы; 9. Жүзнан; 10. Қарабөріклі; 11. Көтен. Орыс ғалымы Н. Аристов XIX ғасырдағы қазақ тайпаларын көне қыпшақтармен салыстыра отырып мынандай нәтижеге келеді. Қарабароғлы - қазіргі Қарабалық руы (Қарақыпшақ тайпасының руы), Бурджоғлы- Бөрші (Арғын тайпасы, Қуандық руының атасы), Дурут – Төртуыл (Арғын тайпасы, Сүйіндік руы), Қанғароғлы - Қанлы тайпасы, ал Анджоғлы - Қанжығалы руына сәйкес.

Шежіре екі жанрда жазылады: кара сөзбен және өлең түрінде. XIX ғасырда өмір сүрген қарақалпақ халқының ұлы шайыры (ақыны) Бердімұрат Қарғабайұлы, (т.ж. 1827- 1900 ж.ө.) өлеңмен жазылған “Шежіре” дастанында Қарақалпақтың арғы тегін Мәлік Сахабадан бастап, Разыхақ, Өзбек, Жиен, Майқы, Жайылхан деп тізіп келеді де, Нағадай биге тоқталады:

* “Оба” - 1) мола төбе; 2) жұқпалы ауыру - тырысқақ; 3) ортағасырларда - ру.

“Нағадай ұғлы Қарабек,
Аның ұғлы Қалбек, Жәнібек.
Қалбек ұғлы Құлжан, Толыбек,
Ол хәм екки болған екен.

Еккиси саудагер болды,
Ханнан жығалы хат алды.
Шуннан Ханжығалы болды,
Себебі шул болған екен.”

Соңғы шумақты қазақшалағанда, былай болып шығады.

Толыбек саудагер болды,
Ханнан жығалы хат алды.
Соннан Ханжығалы болды,
Себебі сол болған екен.

Өткен ғасырлардан бері белгілі болған Құрама тайпасы өзбек пен казак халықтарының шекарасында орналасқан дербес этнографиялық тобы болып келді. Шәкәрім қажы Құрама елі “ақтабан шұбырындыда” жүре алмай қалған кедей рулары дейді.

Құрамаға Орта жүздің Арғын, Керей, Найман тайпаларының, Ұлы жүздің Жалайыр, Қанды, Қатаған, Шанышқылы, Сіргелі тайпаларының, Кіші жүздің Жаппас, Шөмекей, Табын, Тама, Жағалбайлы, Рамадан руларының шағын топтары кірді. Могол, Қышлық, Ивалек, Керавчи, Самарчик, Тартулы, Юз, Қайсар, Дүрмен рулары Құрама тайпасына өзбектерден келіп қосылды. Жоңғар шапқыншылығынан ығысқан қарақалпақтардың біразы Ангрен өзенінің бойын қоныстап, құрамаларға енген.

Құрамалар негізінен Ташкент, Андижан төңірегін мекендеген. Олар тұрған территорияда онға жуық қала болған. Қоқаннан Ташкентке баратын жол “Құрама жолы” деп атанған, ал Ташкент уезі 1866 жылға дейін Құрама уезі аталған. 1911 жылғы санақ бойынша Ташкент уезін 17 мың құрамалар мекендесе, 1917 жылы олардың саны 53 мың адамға жеткен. 1926 жылы өткізілген Жалпыодақтық санақтың мәліметтерінде құрамалардың саны 50078 адам деп көрсетілген. Ақмешіт, Жизақ, Сырдария дуандарында, Ферғана, Қаршы (Қашқадария) уәлаяттарында, Хиуа, Бұқара хандықтарында да Құрама руларының аттары кездеседі.

Құрама ішінде үйсін атты рулар бірлестігі кездеседі, оны бесру қостаңбалы деп те атайды. Бұлардың құрамына кіретін рулар: Қанжығалы, Исмадияр, Кебанак, Чувилдақ, Богажелі - Орта Шыршық ауданында; Үйсін, Қанжығалы, Кебанак, Бурғалы, Мыңтепа - Чувилдақ кишлақтарында тұрады, сондай-ақ Гартепе (Бұқы ауданы) кишлағында да кездеседі.

Бір жерлерде қанжығалылар өздерін үйсін тайпасынан шықтық деп санаса, енді бір жерлерде өздерін үйсінге жатқызбайды. Соңғы жағдайда қанжығалылар мына аталарға бөлініп кетеді: байтопи, аздабай, қатта күнсадақ, кішік күнсадақ, абыз (хафиз), көрпе, қырықчужма, бесқал. Осы бұтақтар Ханабад (Ахангаран), Убайт, Моншақтапа, Қорған, Ноғайқорған, сондай-ақ Абжасай кишлақтарында (Орта Шыршық ауданы) орналасқан. Сонымен бірге абыз атасы сол ауданның Саржайлақ кишлағында, Бұқы ауданының Могол кишлағында, бесқал атасы- Керавчи, Кариз және Мұратәлі кишлақтарында (Бұқы ауданы) кездеседі.

Қанжығалылар арасында тараған аңыз бойынша олардың арғы атасы Киличдарды Моңғолдар Отырардан жөнелтіп жіберген екен. Осы кісіден Қанжығалының бар бұтақтары бастау алады дейді аңыз. Тағы бір аңызда

Құрамадағы қанжығалылардың түп атасы- Бүркіт есімді жігіт, аттың қанжығасынан ұстап қалмай келген, содан қанжығалы атанған дейді.

Қазақтармен ежелден қойы қоралас, ойы аралас халықтың бірі - өзбектер. Этникалық жағынан 92 баулы өзбек халқы бір текті емес. Мысалы, қазіргі Ферғанада тұратын өзбектер ертеректе отырықшы болып өз руларын ұмытқаны анық, сондықтан олар руға бөлінбейді. Өзбек тілін зерттеген ғалымдар өзбек диалектілерін үш топқа бөледі: қарлұқ - уйғыр, қыпшақ және оғыз. Осы қыпшақ диалектінде сөйлейтін өзбектерде ру күні бүгінге дейін сақталған.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қоңыраттар Шығыс Бұқарада ең көп санды өзбек тайпасы болды, ал өзбек халқы арасында маңғыттардан кейін екінші орында тұрды. Олар негізінен Гүзардан Термезге дейінгі аумақты жайлады, одан әрі Бабатағ жотасының батыс сілемдерінде тұрды.

Қоңыраттар арасында мынадай аңыз бар: олардың тайпа басы Қоңырат ата немесе Қоңыр би, оның бәйбішеден төрт ұлы болыпты: Уақтаңбалы, Қостаңбалы, Қанжығалы, Айынжы (немесе Айынлы). Осылар Қоңыраттың төрт тармағының аталары болып саналады, бесінші буын- Тартулы Қоңыраттың кіші әйелінен туған. Кіші әйел ақсақалға сыйға тартылған болса керек, сондықтан туған бала Тартулы деп атанған екен. Осы аталған буындар белгілі бір рулардан тұрған: он сегіз ата Уақтаңбалы, он алты ата Қостаңбалы, он төрт ата Қанжығалы, он екі ата Айынлы және алты ата Тартулы.

Қанжығалы руы Кугитангдария өзені алқабының жоғарғы бөлігінде, Шерабад алқабында қоныстанған, сондай-ақ Жарқорған аймағында және Сурхан өзенінің батыс жағалауынан Бабатағ тауының етегіне дейін жайлаған.

Он төрт ата Қанжығалыға жататындар: Ұлыс, Шулик, Құйын, Қаракүрсак, Малтақа, Қолдаулы, Қарабура, Досқа, Топқара, Көртоғай, Ноғай, Желкілік, Фаля, Қара. Бұлардан мынандай ру бұтақтары тарайды: Ұрыс, Қожақұл, Шууллақ, Көпші, Мәди, Шамбыл, Құлбұрын, Питак, Жанғабатыр, Ташат, Саржетім, Гүлжетім, Дәужетім, Сарық, Қарға, Фалябатыр, Фаляхоя, Питакути, Кіші-Қолдаулы, Қарақасқа.

Өзбек тайпасы Сарой Батыс Бұқарада, Қаршы даласында, Шахрисабста, Кугтағ тауының бөктерінде орналасқан. Қашқадарияның жоғары сағасындағы саройдың бөлінісі мынандай болып келеді: қыпшақ, қырғыз, мажар, тоғыз, ас, найман, санчикли, ақтүнлі, сероб, жаман, маңғыт, қостаңбалы, бүргелі, некуз, қоңырат. Олар өз тарапынан тармақтарға бөлінеді. Мысалы, Қыпшақ-Сарой он ру тармағын құрайды: қанжығалы, қазаяқлы, қырықаяқлы, мырза, шағарақ, абақлы, умақай, найман, шарқуса. Қыпшақ-саройлар Зарафшан жазығында тұрады.

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында өзбек қыпшақтар: парча-қыпшақ, ақ-қыпшақ, қара-қыпшақ, қыпшақ-сарой Зарафшан аңғарын мекендеген. Парча-қыпшақтар жеті атадан құрылады, солардың бірі- қанжығалы. Сары-қыпшаққа он ата жатады, солардың бірі- қанжығалы.

Ірі өзбек тайпаларының бірі “туркман” аталары. Әдебиеттегі олардың атауы- нұрата туркмандары (қазіргі тұрағына қарай). Нұрата туркмандары екі тайпаларға бөлінеді: “жиырма төрт ата” және “бес ата манғышлау”. Жиырма төрт ата туркман төрт рудан (алты ата деп аталатын) тұрады:

1. алты ата - қазаяқлы;
2. алты ата - қанжығалы;
3. алты ата – боғажелі;
4. алты ата – айтаңбалы.

Осы рулар әрқайсысы аталарға бөлінеді. Алты ата қанжығалы – алты бек, балғалы, абай туш, ит борбай деп тармақталады.

Қанжығалыға ұқсас “қанжық” деген атау Каспий маңындағы түрікмендерге – теке*, гоклен, эрсариларда кездеседі. Түрікменнің теке тайпасы екі руға бөлінеді: Өтеміс және Тоқтамыс. Теке Өтемісте шақал, ит, қозы, т.б., Теке Тоқтамыста түлкі, қанжық, хайуан, түйе, қаз т.б. атаулар кездеседі. Осы ру атаулары неғұрлым ежелгі, тіпті исламға дейін пайда болған сияқты.

Ноғайлар деген этникалық атаумен белгілі - қазіргі уақытта Солтүстік Кавказ, Дағыстан, Астрахан облысында тұратын түрік халқы. Жалпы саны 1989 жылғы санақ бойынша 75564 (бұрынғы Кеңес одағындағы) адам. Ноғайлардың көпшілігі Дағыстанның Ноғай ауданында, Ставрополь өлкесінің кейбір жерлерінде. Азын-аулақ ноғайлар Дағыстанның Тарум, Кизил яр, Хасавюрт, Бабаюрт аудандары мен Шешен-Ингуштардың Жорғалы, Турум, Шелков аудандарында тұрады. Ноғайлардың бір тобы (аккерман ноғайлары) Румынияда Добруджа, Констанца қалаларының төңірегінде 23 мың адам тұрады. Екінші бір тобы (1 миллион 200 мың адам) Туркияның Коний жартыаралында өмір сүреді. Ноғай тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына жатады. Қазақ, қарақалпақ және өзбек тілінің қыпшақ диалектісімен бірге қыпшақ-ноғай қосалқы тобын құрайды.

Рулық-тайпалық жағынан ноғайлар ақ ноғай, қара ноғай болып екі арысқа бөлінеді. Қара ноғайлар үш тайпалардан құралады: ембібойлық (Ембі өзені бойында тұрғандар), жетісан (жетпіс мың мағынасында) және жетішкүл (жеті үшбұрыш мағынасында). Жетісандар үш рулар бірлестігінен (құб деп аталады) тұрады: құб тобылғы, құб бүркіт, құб кенегес. Құб бүркітке қанжығалы, төбелтай, қислақ, айтаңбалы қислақ, бүркүк, ябағы-бадай, бадай, арпақүлдуген, эсабай, ақбас, бақанша, төбелтай, шауқай рулары жатады. Құб бүркіттің таңбасы- үшбұрыш, дұғалық (тұмар) таңба деп аталады.

Қорыта айтқанда, ежелгі Қанжығалы руының ұрпақтары ұлан-ғайыр өңірде өрістеп, кең алқапқа жайылған, халқы да көп әрі дәулетті, жуан сіңір ел болған, бірнеше түркі тілдес халықтардың құрамына кірген. Қанжығалылардың негізгі бөлігі қазақтың Арғын тайпасын құраған қайнардың бірі болды. Халықтар арасындағы қақтығыстар нәтижесінде (монғол жорықтары, Ақсақ Темір шабуылдары, қазақ-қалмақ соғысы т.б.) олар ары-бері сапырылыста болып, Қанжығалы руының бір бөлігі Орта Азияға таралып, өзбек, қарақалпақ, түрікмен халықтарына сіңісіп кеткен. Тағы бір бөлігі батысқа қоныс аударып ноғай еліне қосылған.

Шежіреші қариялар айтуы бойынша Қанжығалыдан (Толыбайдан) Раушанбек, Ішпекбай, Піспекбай туған. Раушанбектің ұрпақтары түгелдей Өзбекстанда. “Артында қызы бардың ізі бар, ұлы бардың өзі бар” дейді ежелгі халық мақалы. Піспекбайдан ұл жоқ, ару қыздары Байбике, Аққоян, Тоққоян - бірі бұлбұл, бірі тоты - Қуандық Алтайдың әйелдері болған. Осы аналардан өрбіп-өнген өр Алтай, төменгі Алтай- бәрі де Піспекбайдың қыздарынан туған.

Шежіре деректерінде Ішпекбайдан ағалы-інілі Есен, Бозым екеу деп көрсетілген. Есеннен үш ұрпақ: Қармыс, Қамбар, Жапар тарайды. Бұдан әрі шежіре былай жүйеленеді. Қармыстан Ажыбай, Ажым, Ажығұл деген үш ұл туады. Бұлардан тараған ұрпақтардың аралары алшақ болсада, ағайындар қоян -қолтық аралас тұрды, жазда жайлауда кездесіп, “өлікке бата, тіріге – сәлем” дейтін қарым –қатынастарын жасайтын. Ажыбай алты атаға бөлінеді: Жарыс, Мәшек, Мәмбетқазы, Мәмбетқұл, Ақтамақ, Ақбура (Сүйіндік руы-

* “Теке” - түрікмен тайпаларының ішінде ең ірісі (270 мың адам). Түрікмен шежіресін зерттеуші Г. Карповтың айтуы бойынша, бұл тайпа жорықтарда түрікмендердің әскери күшінің алдында жүретін болғандықтан “теке” деп аталған. (Теке-қой мен ешкіні басқарып, табын басында жүреді).

ның Ақбурасымен шатастырмау керек). Бұрынғы қариялар Ажыбайды алты арыс деп сөйлейтұғын. Ескерту: кейбір шежірелерде Қармыстың ұлдарын былай атайды- Әжібай, Әжім, Әжіғұл.

Жарыстың жалғыз ұлының есімі- Қара, Қараның бәбішесінен- Елібай, Сары туады, тоқалынан- Жәдігер. Қараның қара шаңырағы Жәдігердің немересі Әлдеберліде. Әлдеберлінің бесінші ұрпағы Даниял Ахметов - Қазақстан Республикасының премьер-министрі. Қанжығалы шежіресінің ата-тек кестелерінде үш Сары кездеседі, алғашқысы- Қара атасының Сарысы, екіншісі- Ажығұл тармағының Сарысы, үшіншісі- Бөгенбай батырдың бабасы- Жапардың жүйесінен тарайтын Сары.

Мәшектен Құдайберді туады. Құдайберді- Досқана, Төлеке, Малай, Қайқы, Бадай болып бес атаға бөлінеді. Досқана, Төлекесінің түбі- тегі қалмақ дейді Мәшһүр Жүсіп. Досқанадан- Тілеуберді, Жарылғап, Нияз тарайды. Жарылғаптан қанжығалы елін аузына қаратқан сөзге жүйрік Сасық деген атақты би, шешен шыққан. Төлеке құрамына Анақ, Жанатай батыр, Жанқошқар, Қоңсы, Мұрат, Шикөтен кіреді. Малайдан үш ағайынды: Сапа, Қожагелді, Қармыс дүниеге келді. Қайқының ұлы Киікбай асқан бай болған, төрт түлігі сай болған. Оған 18 мың жылқы біткен, зираты Атбасарда. Киікбайдан Аманжан, Медет, Бозай, Санмырза, Байқара аталары тарайды. Медеттің бес баласының бірі- абыройлы Үрпек батыр. Бадайдың жалғыз ұлының аты Жаңабай, одан Жанкісі, Байкісі, Ақанай, Өтеміс өрбиді.

Мәмбетқазының баласы Ораз, онан аты қазақ сахарасына жайылған ағайынды Абыз* бен Шомақ билер тарайды. Тобықты Нармамбет Ормамбетұлы ақын бұл аталарды былай мадақтайды:

Есен-Бозым тұрғанда,
Батырсыз Мейрам жай ауыл.
Айтындаршы кімің бар,
Абыз-Шомақтай бай ауыл.

Бұл азаматтар туралы қыпшақ Әлсейіттің баласы Құдайберген ақын (т.ж. 1884 - 1937 ж.ө.) былай деген:

Арғы атаң Абыз, Шомақ - мырза болған,
Бергі атаң Боқты, Добал – малға толған.

Шомақтың ұлы Боқтыға құт біткен, оның 12 мың жылқысы болған екен. Шәкәрім “Абылайдың хан болғаны 1735 жылдың маңайы болар” дейді. Сол жылы қазақ әскері жоңғарлардың қалың қолын ойсырата талқандап, жеңіске жетеді. Жорықтан жауынгерлер Баянаулада, Сабындыкөл басында отырған Қанжығалы ауылдарына тоқтайды. Ағайынды Абыз бен Шомақ қазақтың жеңіс тойын өткізеді, сол тойда Абылай хан болып жарияланады. Қанжығалының суырыла термелей сөйлейтін төкпе ақыны Ералы Саққұлақұлы (т.ж. 1846-1932 ж.ө.) бұл оқиға туралы:

Алты ата Ажыбайдың Абыз- Шомақ бірі,
Бай болған шаруа- малы өте ірі.
Тоқсан бие сойыпты сол жиынға,
Қазақтың хан сайлаған шаттық күні,-
дейді.

* “Абыз” сөзінің бірнеше мағынасы бар: 1. Хат таныған кісі, ескі оқымысты, білгіш; 2. Әулие, сикыр; 3. Шаман дініндегі халықтардың молда, сопы, бақсы сияқты адамдардың лауазымы. Академик Ә.Марғұлан (т.ж. 1904-1985 ж.ө.) айтуы бойынша, орта ғасырдағы абыздар хандардың хатшылық қызметінде болып, олардың кеңесшісі, ақыл берушісі болған.

Мәмбетқазының Оразы о дүниеге жөнелгеннен кейін “аға өлсе, іні мұра” - деп оның әйелін әменгерлік әдет бойынша Құдайберді алады. Сол әйелден Доскана, Төлеке, Малай, Қайқы туады. Бұларды Абыз, Шомакпен күрсақтас аталар деп атайды.

Ажыбайдың бір ұлы Мәмбетқұл, одан Құрманқұл, Құдияр аталары тарайды. Құрманқұлдан Толыбай туады, оның ұлдарының есімдері: Қозыбақ, Тайкелтір, Хангелді. Құдиярдың бәйбішесінен - Дәулетімбет пен Келдәулет; қалмақ тоқалынан - Құрымсы; Кетен тоқалынан - Ақдәулет, Қатба, Тыныбек, Женет, Байжігіт туады. Ақдәулет атасынан атақты би, жел ауыз, күміс комей шешен Есімбай (Белдеме) шыққан. Құрымсыдан - Құлтай мен Шағыр, ал Тыныбектен Ақтайлақ жарық дүниеге келеді.

Ажыбайдың қалған ұлдарынан: Ақтамақтан Алмашы, Әлмембет тарайды, Ақбурадан Құдайменді, Шобай аталары шығады. Ақбура мен Ақтамақтың бір аты - Тентек, себебі мынада. Ақкөл, Шідерті, Өлеңті, Жалаулы шұрайлы жерлері бәсентиін Иман, Рысбек аталарының жайлаулары болса керек. Ал қанжығалы елінің мекені Ереймен тауы. Ақбура, Ақтамақ балалары бәсентиіндермен төбелес жасап, жер үшін жанжалдасып, кісі өлімі де болыпты. Сондықтан бұлар “Тентек қанжығалылар” деп аталып кеткен.

Павлодар облысым, Естай атым,
Жұртқа баян істері азаматтың.
Орта жүз, Арғынмын бері келе
Толыбай, Қанжығалы арғы затым,-

деген саңлақ әнші, дарынды композитор, арқалы ақын Естай (т.ж. 1868-1946 ж.ө.) - Алмашы атасынан. Қазақ өнер иелерінің бұлжымас бір дәстүрі болады. Олар өз руының атымен сөйлеп, өз атасының (руының) есімін қоса айтуға машықтанды. Мұндай әдіс Естай ақында да болады. Шыққан тегі, руы туралы ақын сыр шертеді:

Алмашы Ақтамақтың бел баласы,
Деп айтар Қанжығалы ел ағасы.
Мекенім Бұрметалда - Өлеңтінде,
Сөйлеген Беркімбайдың бел баласы.
Атам Тентек, руым Қанжығалы,
Арғыннан саналады арғы жағы.

Алмашы төртке бөлінеді: Ыбырай, Жапақ, Сейітқұл, Қайыпберлі. Әлмембеттен - Қорлыбай, Қойлыбай, Жарылғап аталары шығады. Алмашылар арасында сүңгіге жауын міндірген, найзасын жауға тіреген Қайыпберлі, Байқожа, Көлебе батырлардың, Аманбай, Жеміс әулиелердің есімдері жиі аталады.

Көлебе батыр болған туысынан,
Шықпаған алты Ажыбай уысынан, -
дейді көпті көрген қариялар.

Ақбура ағалы — інілі Құдайменді, Шобай деп екіге тармақталады. Құдаймендінің ұлдарының аттары: Айтуар, Күшпен, Құдайсүгір, Өтеген. Шобайдан Шеруші туады, одан Елғонды, онан үшеу — Ескене, Есет, Есназар өрбиді. Елғонды бала күнінде қалмаққа олжа болып, жау қолына түсіп кеткен. Ақбураның немересі Өтеген жүрегі жаудан қайтпаған батыр атанған кісі, басына киіп дулыға, беліне іліп сапыны* әдейі Елғондыны іздеп қалмаққа жалғыз аттанып барған адам. Көзге түспей жасырын қалмақ аулынын маңыны барса, көгал ойын баласына толған, қайсысы Елғонды екені белгісіз.

* “Сапы” - семсер сияқты түзу, қылыш сияқты бір ғана жүзі бар, сабы жүзіне қарай қисайтылған кесу қаруы.

Өтеген “Елғонды, Елғонды!” деп айқайға салады, сонда бір бала жалт бұрылып батырға көз айырмай қадалып қарайды. Өтеген жүйрік атымен қатты шауып барып осы баланы іліп алып кетіп, жаудың қолынан алып қашады, елге ата - анасына әкеледі. Елғонды жақсы өсіп - өнген ел, қазіргі уақытта Ақбурадан тарағандардың едәуір бөлігі - Елғондының ұрпақтары. Өтегеннің әулеті өспесе де, олар өз алдына бір ауыл - аймақты құрады.

Алты арыс Ажыбайдың жартысы (Қара, Құрманқұл, Құдияр) Баянауылдың шығысын мекендейді. Қалған жартысы (Жарас, Ақтамақ, Ақбура) Ақкөл – Жайылманы қоныстанады, Абыз бен Шомақтың ауылдары Қызылағаш жерінде.

XIX ғасырдың аяғында патша үкіметі қазақ жерін отарлау үшін Ф. Щербина басшылығымен жер өлшейтін, санақ өткізетін экспедицияны жібереді. 1896-1902 жылдары олар Торғай, Ақмола және Семей облыстарын тексеріп шығады. Осы экспедицияның “Қарқаралы уезі” деп аталатын VI томында мынандай деректер келтірілген. “В 18 веке род Каракесек жил в окрестностях Ташкента. Бии Абыз и Шомак из рода Канжыгалы звали к себе в степь Сары-Арку киргиз* рода Аргын. Откликнулся на это бий Казбек, возглавлявший род Бошан, за ним последовали и остальные рода Каракесек. Абыз не пожелал выдать дочь за Казбека, но тот взял ее силой. От этого брака родился известный бий Конай. Каракесекский род со временем разбогател и вытеснил канжигалинцев в Баянаульские горы и далее.”

Қаракесек Бекболат би қанжығалы ұрпақтарын Едірей-Бедірей, Үшқара таулары бөктерінен ығыстырады, ал сүйіндік Едіге би Баянаула жерінен қанжығалы елін күншығысқа қарай кетуіне мәжбүр етті. Сөйтіп қанжығалылар Бірлік, Майқайын, Екібастұз, Аққол-Жайылма, Жалаулы жерлеріндегі жайылымдарды қоныс еткен, Ертіс түсіп қыпшақтар жеріне көшті. Тек қана Қарамен Құдияр батырдың өжет балалары ежелгі қонысы Шақшан тауынан кетпеген.

Қармыстан Ажыбай, Ажым, Ажығұл дедік. Ажымның ұрпақтары Қарабұжыр, Қаратілес, Кенжеқара. Осылардың арасында жан саны көбірек Қарабұжыр, ал Қарабұжыр ішінде өскен аталар Байболат пен Мұрат. Мағжан ақынның “Батыр Баян” поэмасында хан Абылай қалмаққа ойран салмақшы болып батырларды шақырады делінген. Сонда жиылған өңшең ноян** бірінен бірі өткен ығай-сығай ішінде:

...Әрі ақын, әрі батыр Қарабұжыр,
Айтатын өрлеп барып аспанға сыр, -
деген жолдар бар.

Тұлпар мініп, ту көтерген, халық қамы үшін жауға талай шапқан Байболат батырда он бала болған, ал 18 мың жылқы ұстаған беделді Мұрат байдан тоғыз ұл қалды. Қарабұжыр ішінде өспеген аталар - Шаған мен Құрман. Құрманнан - Тасболат, Мамай, Сатыбалды тарайды, Шағаннан - жалғыз Аتكелтір. Қаратілестен - Матай, Абыз, Әуез туған. Кенжеқараның ұлының есімі Меңдібай, одан Тұяқ, Ескене, Солтан деген бақандай жігіттер өрбиді. Ажымнан тарайтын Қарабұжыр, Жарастан - Досқана, Төлеке тармақтары Жалаулы көлінен Ертіске дейін құнарлы жерлерге қоныс тепкен.

* “Киргизы” - Қазақстанды өзіне бағындырып алғаннан кейін ақ патша үкіметінің қазақ халқына қойған бұрмаланған ат. Ал көршілес қырғыз халқына “дикокаменные киргизы” деген ат берілді.

** “Ноян”, бұл ұғым монғол тілінде, мырза дегенді білдіреді. Шығыс түркі тілдерінде де “нойон” - бек, басшы. “Ығай мен сығай” - қазіргі түсінігімізде - іріктелген, таңдаулы мағыналы сөздер.

Ажығұл- Амалдық және Сары болып екі тармаққа бөлінеді. Амалдықтан Аманбай, Бұқрай, Есберді, Қожырек тарайды. Сары- айбарлы Тілеумет батыр, айбынды Бұхарбай бай, Өтеулі, Өтеміс деген үлкенді-кішілі аталарға тармақталады. Ажығұлдың ұрпақтары Ажыбайдың Қарасы, Құдиярымен қоныстас болып, төсекте басы, төскейде малы қосылған ағайын-туысты тағдырлас, көршілес елдер болған, сондықтан бұлар көршілеріне Қара-Сары-Құдияр деп танымал. Амалдықтың әжептәуір бөлігі Ертіс түсіп, Павлодар уезінің ең солтүстігіндегі Жарағаш көлін жағалай қоныстанған.

Қанжығалы баласы Ішпекбай, онан Есен, онан Қамбар. Қамбардан үшеу тарайды: Аққозы, Бекбаулы, Қаражан. "... Баянауыл тауында "Жасыбай асуы" деген жер бар. Сол Жасыбай - қазақтың батыры. Қалмақпен атысып, өлгеннен соң сол жерді Жасыбай атына қойған. Жасыбай аққозы қанжығалы, бүл күні үрім - бұтағы Жалаңашты тұзы деген жерде". (Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Сарыарқаның кімдікі екендігі // Айдын - облыстық "Сарыарқа Самалы" газетінің әдеби альманах - қосымшасы, № 1, қантар 2004, 23 бет.) Аққозы ұрпақтарының біразы Кенесары хан басқарған азаттық қозғалысқа қатысып, Арқаға оралмай, патша жазалап ит жеккенге айдатады деп, Сырдария бойын қоныс еткен. Бекбаулыдан Есназар, Қожаназар деген екі ұл туған. Қожаназардың Шеру атасының елі түгелдей қарақалпақ ішіне сіңісіп кеткен дейді шежіре.

Есеннің кенже ұлы Жапарда төрт бала болған: Қаратума, Жиес, Анда, Шағалақ. Қаратумада өсіп-өнген аталар- Базаргелді мен Баспан. Жиестен Тілеулі туады, Тілеулі ел арасында Сары деп атанған. Сарыдан Әлдеуін батыр мен Дәуім тарайды. Есім хан 1627 жылы Ташкентке шабуыл жасап, Тәуекел* хан заманынан қазақтар билеген 12 қаланы атырабымен қоса өз қарамағына қайтарады. Осы жорықта ерекше көзге түскен Әлдеуін батырға Есім хан Түркістан қаласын билеуді тапсырады. Әлдеуін батыр XVII ғасырда Жәңгір ханның қолбасшы батыры болған. Қошқар және Ақша есімді екі ұлы Түркістанда дүниеге келіпті. Қошқар батыр қарақалпақ ханы Әйіптің қолбасшысы болған. Ақша батыр Тәуке ханның қалың қолын басқарған әскери басшысы болған. Үмбетей жырау Ақшаны "Алатаудай Ақша" деп жоғары дәрежеге көтерген.

Ақшадан екі бала: Көлбай, Бөгенбай. Көлбай есер-есаландықпен бір аста туысқан ағасы Әлібектің үсті-басын майлай берген сықылды. Сонда Әлібек айтқан екен: - Ерке баладан жынды бала көп жақсы деген осы екен-ау. Мынау өскенде менің тұқымыма таң атырып, күн шығармас, - дегенде, Ақша тұрып:

- Мұны айтасың ба, үйде бір шойқара бар, тұқымың соның тепкісінде шіриді, - депті.

- Ендеше мен тұқымымды оның тепкісіне шірітпеймін, - деп бөлініп көшіп кеткен. Сол бойымен бөлек өсіп-өніп, Көкшетаудан әрі Әлібек қараған деген жер бар, үрім-бұтағы сонда деседі.

Ол айтқан шойқарасы аяғында Бөгенбай батыр болып шығыпты (Мәшһүр Жүсіп).

Бөгенбай батырдың ұрпағы Нұралыұлы Олжабай ақын (т.ж. 1881-1935 ж.ө.) артындағы туысқан-туғанға соз маржанын өлмес мұра қалдырған адам. Ол Ақмола уезінде Қоржынкөлде көп жылдар болыс болды. 1928 жылы Олжабай кәмпескеге ілініп, сот үкімінсіз үш жылға азаматтық құқы жойылып,

* Тәуекел (т.ж.б. - 1598 ж.ө.) - қазақ ханы (1582-1598 ж.ж.), Шығай ханның баласы. Тәуекел хан Ташкент қаласын 1598 жылы өзіне бағындырды. Содан Ташкент шаһары 200 жыл бойы Қазақ хандығының билігінде болды.

Үйшікке (Гурьевке) жер аударылды. 1932 жылдың жазында Олжабай елге оралған соң Омбы облысы, Шарбақкөл ауданы, Томар ауылында бір үйде НКВД* бастығы Жұмабай Шаяхметовпен кездесіп қалады. Оның: “Бұл кісі кім болады?” - деген сұрағына зұлым заманның зорлық-зомбылығына душар болған Олжабай ақын өлеңмен жауап қайтарған:

Ағаштың түбі бір де, бұтақ басқа,
Ұқсайды адам-ата сол ағашқа.
Қанжығалы Ішпектен Есен туып,
Жапардан бөлінеміз төрт арысқа.
Жиестен тарайды екен менің Сары атам,
Әлдеуін содан туып батыр болған.
Баласы Әлдеуіннің Ақша сардар**,
Ер екен заманында аруақ қонған.
Ақшадан асып туған ер Бөгенбай,
Едігедей ел қамын жер Бөгенбай.
Қалмақты қысқа күнде қырық шауып,
Үш жүзге олжа салған сол Бөгенбай.
Бөкеңнің Тұраналы- бел баласы,
Би Бапан одан туған- ер данасы.
Бапаннан Саққұлақтай атам туып,
Қазақтың атын білмес қай баласы?
Сағекеннен Нұралыдай әкем туды,
Ол дағы ата-баба жолын құды.
Тіреліп ақырғы өмір Олжабайға,
Жегізді ащы тұрмыс, заһар уды.
Атандым бақытты Олжабай, сорлы Олжабай,
Кеше бүркіт болсам да, бүгін торғай.
Бұл күнде паналауға бұтақ керек,
Бір кезде болсам дағы Көкшетаудай!

“Елдің атын ер шығарады” деген мақал халықтың Бөгенбай секілді даңқты перзенттеріне байланысты айтылған. Қазақ дәстүрі бойынша тарихта адамдардың есімдері руымен қоса айтылады. Адамның арыстаны Қанжығалы қарт Бөгенбай батыр қазақ тарихында айрықша орын алған, ел қамқоры екені баршаға аян.

Даңқы жер жарған Бөгенбай 103 рет жауға қарсы айқасқа түскен батыр. 1708 жылы 28 жасында Бөгенбай батыр 30 мың жауынгерге қолбасшы болып, қазақ елінің берекесін алып, құтын қашырған Жайық бойындағы қазақ-орыстарды тас-талқан етіп, Еділден әрі асырып тастайды. Қарабалта түбінде қырғыздармен болған айқаста (1757 ж.) Бөгенбай батыр 77 жаста екен. Сонда батыр қазақ қолының 48 жыл қолбасшысы болған. Егде тартқанша аттан түспеген аруақты ерін халық “Қанжығалы қарт Бөгенбай” деп атаған.

1710 жылы Қаракүмда қазақтың үш жүздің құрылтайында жасақ құрылып, оның қолбасшысы болып Бөгенбай батыр сайланды. 1725-1727 жылдары Бөгенбай батыр бас болып Орта жүз батырлармен жоңғарларды Түркістан мен Саураннан қуып шыққан. Одан кейін “орманнан көп Орта жүзден”

* “НКВД” - ішкі істер халық комиссариаты (народный комиссариат внутренних дел СССР). 1917-1946 жылдары қызмет етті.

** “Сардар” - әскери жоғары лауазым. Астында аты, үстінде сауыты, қолында қаруы бар жауынгерлерден жиналған әскери ұйым жасақ деп аталған. Жасақтағы сарбаздардың әскери атақтары: онбасы, жүзбасы, мыңбасы, түменбасы (он мың басы), қолбасы (сардар).

кол жинап, жоңғар шапқыншыларын тағы да ойсырата жеңген. 1730 жылы Бөгенбай батыр басқарған біріккен қазақ әскері Іле бойындағы Аңырақай жазығында жоңғарларды тас-талқан етеді.

Батыр үш әйел алған екен. Бәйбішесі - Баяу Таракты Наймантай батырдың қызы, Байғозы батырдың апасы. Баяу бәбішеден төрт ұл - Батырбек, Тұрымбет батыр, Тұраналы би, Тасыбек (Тасбақа) және Баяш (Қырғи) есімді қыз туған. Екінші әйелі- Қамыран қалмақ ноянның қызы. Қамыран Жылқыбай батырдың, Қайназар, Айназар, Жаңазардың анасы. Үшінші әйелі- Лаба. 1741 жылы жоңғар қолын қазақ жасағы талқандап, ұлы жеңіске жетеді. Жаудан қолға көп олжа түседі. Қалмақтарды жеңіп, Сүйіндік Олжабай батырмен Қанжығалы Бөгенбай батыр қалмақтың Уса-Серен Ғалдан Доржи тайшаның апалы-сіңлілі екі қызына- Лағба атты бойжеткенге Олжабай, Лаба атты айдай сұлуға Бөгенбай үйленеді, екі батыр бажа болады. Лабадан- Арғынбай, Шілдебай, Нарымбай есімді үш ұл дүниеге келеді. Қыз Баяш қаракесек Керней атасының Жарылғап батырдың баласы Қырбасқа ұзатылады. Бұлардан әйгілі Байсейітбай батыр туады.

Қанжығалы қарт Бөгенбай батыр Сілеті өзенінің жағасында 1775 жылы желтоқсан айында ауырып, Қараойдағы жайлаудан көшкен жолда көз жұмды. Бұл кезде Абылай хан елде жоқ екен. Батырдың өлімін ханға Бұқар жыраудың өзі естіртеді.

Қазақтың ханы Абылай!
Ақиықты аспанға
Ұшпастай ғып торлады.
Құлағанға үқсайды
Қазақтың камал қорғаны.
Қайғырмаңыз, ханзадам,
Айтпасыма болмайды,
Батырың өтті Бөгенбай!

Батырдың денесін ақыретке орап, мәйітіне тұз ерітіндісін әбден қандырып құйып, оны былғарыға тіктіріп, денесін қыс бойы сөреге* қойып сақтайды. Абылай хан келгеннен соң 1776 жылдың көктемінде Жауай батыр бастаған 40 кісі Есілді, Сарысу бойын жағалап отырып мәйітті Түркістанға жеткізіп, Әзірет Сұлтан ғимараты ауласына таза арулап қояды. Кейін Бөгенбай батырдың денесі тұздалып, сөре үстінде қақталған жер “Бөкең сөресі” деп аталды. Қазір ол жерде Сілеті ауданына қарайтын Бөгенбай елді мекені бар. Сол себепті қанжығалылар батырдың сүйегі Түркістанда, ал ет-майы Ерейменде дейді.

Жақсының арты қор болмас дегендей, батырдың ұрпақтары да атақты және дәулетті болған. 1926 жылғы халық санағы қорытындысы бойынша Бөгенбай батырдың өз кіндігінен тараған 316 үй бар екен, ал оның әкесі Ақшаның ағасы Қош-қардың ұрпақтарын қосқанда 522 шаңырақ, екі мыңнан астам адам болған. 1928 жылы Бөгенбайдың ұрпақ шашқан он екі баласының онынан тараған үрім-бұтақ 32 ауылда тұрған. Өзара “Үш Құрсау” аталып, үш ауылдай ел болған. Қазақ халқының тарихында асыра сілтеу деп қана мәймөңкеленген қолдан жасаған қызыл қырғын отызыншы жылдардың аштығында 245 үй қилы заманның құрбаны болып, ізсіз жойылған. Ұлы Отан соғысында, фин және жапон соғыстарында батырдың жүзден аса

* “Сөре”, “сөрелеп қою” деген сөздер қысқы күні дүние салған атақты аламының мүрдесін ақ шүберекке орап, оның сыртынан әуелі құрыммен, оның сыртынан ақ киізбен қаптап, биік ағаштан жасаған сөреге қойған. Жаз шыға мәйітті Түркістанға апарып Қожа Ахмет Иссауи әулиенің кесенесі жанына жерлейтін.

ұрпақтары қатысып елімізді, жерімізді ерлікпен қорғады. Олардың жартысынан астамы Отан үшін құрбан болған. Бұл күнде болса бүкіл Қазақстан жерінде Бөгенбай батырдан тараған 115-120 шамалыдай шаңырақ бар (Қ.Нұралинның мәліметтері бойынша).

“Ассалаумағалейкум боз арғымақ,
Қол бастап ата жауға тартқан садақ.
Бөгенбай, Тұраналы, әкең Бапан,
Ежелден ел қорғаған кәрі аруақ,” -

деп Саққұлақ биге қаракесек Кемпірбай ақын сәлем берген екен. Арғынның ақсақалы атанған, адамның абзалы Саққұлақтың (т.ж. 1800-1888 ж.ө.) азан шақырып қойған шын аты Сәбден. Он жеті жасында Қуандық руының Алтай тармағынан шыққан атақты төбе би Байдалымен сөз сайысына түсіпті:

- Алтайдың аузын асқа, адырын атқа толтырған Ішпекбай бабам емес пе еді! Алтайға ана болған менің Аққоян апам емес пе еді!- деп.

Сонда Байдалы:

- Құлағың неткен сақ екен, мына бала мен естіп білмеген сөзді айтты-ау, мен тозған екенмін, бұл озған екен. Бұдан былай сенің атың “Саққұлақ би” болсын, аумин!- деп батасын беріпті дейді ел.

Би Саққұлақ көзі ашық, ескіше оқыған, сауаты мол, білімдар, ізденгіш адам болған, ел арасында сақталған ауыз әдебиетін жинап, үнемі қағазға түсіріп жүрген. Оны халық “ел шежіресі” деп атапты. Саққұлақ туралы Мәшһүр Жүсіптің мынандай пікірі бар: “Өз жобасында ел ішінен суырылып шыққан шешен, сөзге ұста, тапқыр, ойшыл, кеудесінің есігі бар, құлағының тесігі бар, көзі жіті, көңілі қырағы адамды көп көрдім. Бір емес, әр тілді білетін, оқыған, тоқыған, жүйрік, білгіш адамлармен ойда, қырда, талай жерде жолығып, талаймен сөйлестім. Қанжығалы қарт Бөгенбайдан шыққан Саққұлақ шешен сондай жұрт аузында шежіре атанған қариялардан еді”.

Жапардың кенже ұлы Шағалақтан үш бала өмірге келеді: Алдияр, Асанай, Үсеней. Асанайдан Мәмбет туады. Осы Мәмбеттің бес ұлы - Досай, Ақпан, Атан, Бура, Тайлақ- Бесқасқа атанған. Бұлар бәрі де жау түсіргіш батыр, қандарын торсыққа құйған өжет, тұтас жүргенде рулы ел батпайтын айбынды болды. Қалмаққа таң атырып, күн шығармаған. Бұл ағайындылар ішінде ел құрметіне бөленген атақтылары- Досай мен Атан батырлары - Қанжығалы қарт Бөгенбай батырдың үзенгілес серіктері, батыр інілері. Ел аузындағы аңызға қарағанда Атан белі бекіп, бұғанасы жаңа қатқан он екі жасынан атқа мініп, қарағай сапты көк найзаны қолына алып, қанды көбе киініп, бір аллаға сиініп үлкендермен бірге жаутершілікке аттанған. “Ақыл жастан, асыл тастан” дейді халық. Атан жасынан аса сабырлы, ақыл иесі болған деседі. Бөгенбай батыр қысылтаяң кездерде осы Атан мен оңашалап алып ақылдасады екен. Досай Атанға керісінше өжет, қызбақанды, жасынан жорық, соғыспен өскен батыр жауға аттанбай тыныш отыра алмайтын көрінеді.

Қамбар-Жапар аталары Сілеті өзенінің шығыс жағалауы, Ереймен жақтың батыс бөктерін мекендеген. Жапардың Андасы- Ақтайлақ, Жиенбай болып екіге бөлінеді. Жиенбайдан Уәйіс, мұнан Тұяқбай туған, ал оның екі ұлы Қырғызбай, Теңізбай деп аталған. Абылай ханның өсиеті бойынша Уәлихан* XIX ғасырдың екінші жартысында Қырғызбай, Теңізбай тұқымдарын Ерейменнен түгел көшіріп алып, Қостанай даласындағы қалың орманды, мол сулы Сарыкөл, Отынағаш, Қараөзек, Борпылдақ дейтін жерлерге

* Уәлихан (т.ж. 1739-1819 ж.ө.) - Орта жүздің ханы (1781-1819 ж. ж.), Абылай ханның 39 ұлдарының ішінде тұңғышы. Патша үкіметі Орта жүзде хандықты 1822 жылы жойды. Орта жүзде Уәлихан мен Барақ сұлтанның ұлы Бөкей соңғы хандар деп есептеледі.

түпкілікті қоныстандырған. Көкшетаудағы хан сайлауында Қырғызбай, Теңізбай ұрпақтары атакты Әлібек батыр, Мендеке батыр, Бекеш билердің қолдауымен Уәлихан Орта жүзге хан сайланып, такка отырған екен. Сонан бері ол екі ата Қостанай жақта өркендеп қалың ел болыпты, саны шамамен 1500 үй, Қырғызбайдан- 250, Теңізбайдан- 1250 үй.

Қырғызбайда төрт ұл болған: Елшібай, Жолымбет, Рыскелді, Келімбет. Теңізбайдың ұлдарының есімдері: Жәнібек, Құдайберді, Айдапсал, Аتكелтір. Құдайберді- Ұлы жүздің бас биі атакты Үйсін Төле бидің (т.ж. 1663-1756 ж.ө.) күйеу баласы. Теңізбайдың Жәнібек атасынан өз дәуірінде айтулы батырлардың бірі қажыр-қайраты мол Мендеке батыр шыққан. Батырдың алты ұлының бәрі де шетінен осал кісі болмаған. Олар сөз бастайтыны – Шәңкі би, қол бастайтыны – Шауыпкел батыр, темірден түйме түйетін - Бадырақ іскер, мыңғырған малы бар - Мендібай бай, көкірегі ашық Арқай мырза, сылдыр көмей Шоқай шешен. Игі жақсылардың қасқа маңдайы болған Шәңкі би (т.ж. 1811-1884 ж.ө.) жұрт тағдырын шешетін шиеленісті мәселелерге белсене атсалысып, төрелік жасап, әділ би атанады. Ол өз елімен шектеліп қалмай, көрші жатқан болыстарға, тіпті Орта жүз елдерінің дау-шарларын шешуге қатысқан. Теңізбайлардың саны: Жәнібек- 800 үй, Әлібек батырдың (Құдайбердінің ұлы) ұрпақтары- 200 үй, Айдапсал мен Аتكелтір- 250 үй.

Қазақ халқының ертеден келе жатқан ең үлкен тойы - ас беру. Әлі күнге дейін ел есінде сақталып қалған, аңызға айналған ірі астардың бірі - ХІХ ғасырдың сексенінші жылдарында Шауыпкел батырға берілген ас. Бұл оқиға туралы әңгімелерді ел ішіндегі кәрі құлақ қариялардың аузынан Ғаббас Батталов ақсақал жазып алған.

Ас - шөбі шүйгін, суы мол Өзенкөл жайлауында шілде айында берілген. Асқа Атығай, Қарауыл, Керей, Уак, Қыпшақ, Бағаналы Найман, Айдерке Шакшақ елдерімен қатар, іргелес Кіші жүзден Жағалбайлы, Жаппас елдерінен де ақсақал, қарасақалдар арнайы шақырылған. Орда басы Шәңкі бидің шанырағы болып белгіленген, ас басқарушы болып Айдапсалдың ұрпағы күміс көмей, жез таңдай Асаубай шешен, ақын (т.ж. 1815 – 1897 ж.ө.) бекітілген. Әруақтың жақсы істері, қасиеттері туралы Шәңкі бидің немере қызы Бәдігүл жоқтауда айтыпты.

Асқа елу ту бие сойылады, қонақтарға жүздеген киіз үйлер тігіліп, сусынға екі жеті бойы қымыз жиналған. Бас бәйгеге бірінші жүлде алтын құйма тай тұяқ пен 10 ат, екінші орынға күміс құйма тай тұяқ пен 5 ат, үшінші орынға бір ішік пен 2 ат сыйлық белгіленген. Бәйгеде Ақан серінің тұлпары Құлагер бірінші келеді, екіншісі - Бағаналы Ерден батырдың Сағын сарысы, үшіншісі - Керей Есенеидің Байшұбары. Күрес сайысында жеңімпаз атанған палуанға маңдай алды сыйлық кілем жабылған түйе берілген, ақындарға шапан кигізіп, ат мінгізген. “Той десе, қу бас домалайды” дегендей Қанжығалылар аста бүгін ел болып атсалысып, асқа үлес - сыбағаларын беріп, елдің бірлігі мен байлығы, мырзалығы мен біліктілігін көрсетеді.

Ішпекбайдан - Есен, Бозым екеу дедік. Бозымнан тарағандарды “Жеті ру” деп атайды. Олар: Қоскелді, Қылшар, Лабашы, Пышқантай, Есіргеп, Нияз, Жолымбет. Лабашы мен Пышқантай ұрпақтары Өзбекстан жерінде, зым - зия жоқ болып кетті дейді көпті көрген қариялар. Жеті ру қанжығалылары Ерейментаудың шығыс бөктерінен Өлеңті өзеніне дейін, терістікте Қоянды - Қойтасқа дейін мекендейді.

Жар кабак, кең жауырын, түлкі күрсак,
Көзі отты, кеудесі өр, бойы сұнғақ.
Білектей дойырын бір тастамайды,
Дұшпанның пысын басар осымен - ақ.

Қасқырдың қызыл жонды арланындай,
Бұл Ниязұлы батыр Жантай.

Абылай ханның ең сүйікті батырларының бірі, ақ көз ерлігіне басып, 500 сарбаздарын бастап 10 мың қалмаққа қарсы шыққан Жантай батыр - Бозымның Нияз атасынан.

Таудағы “Жеті рудан” Толыбайлап,
Жөнелді бес жуз жігіт қару сайлап.

Осы қанды ұрыстың соңында шексіз ерлік көрсеткен қазақтан тек он адам ғана аман қалады. Найза ұшына талай жауды түйреген, бірнеше рет жараланған Жантай көк атынан түсе қалып, Тоқаш деген баласына атын береді де: “Сен құтыл, сен өлсең жаудан менің кегімді алатын ешкім жоқ!” дейді. Жантай осы ұрыста ерлікпен қаза табады.

Бозымның Майлы тармағынан Жолымбет дейтін бұтағынан атақты Үмбетей жырау Тілеуұлы (т.ж. 1697 - 1786 ж.ө.) шыққан. Үмбетей жыр, толғау, дастандар шығарумен қатар сауыт* – сайманын киіп, бес қаруды асынып батырлармен бірге талай жорықтарға қатынасқан. Сол қантөгіс ұрыстарда көзімен көргенін жырлаған жорық жыршысы. Үмбетей есімі Бөгенбай батырмен қатар аталады. Ол Бөгенбайдың жарқын, әсерлі образын жасаған:

Уа, Алатаудай Ақшадан
Асып тудың, Бөгенбай.
Болмашыдай анадан
Болат тудың, Бөгенбай!
Қалақайлап дулатқан,
Қалдамандап шулатқан
Қалмақты алдың, Бөгенбай.
Құбыла көшкен байтақтың
Ордасындай Бөгенбай!
Темір жұмсап, оқ атқан
Қорғасындай Бөгенбай.

Үмбетей толғауларында халықты бірлікке, берекеге, батырын ерлікке үндейді. “Қаһарлы қылыш ала алмаған - қаламды қанатты сөз алады” деген нақыл осы Үмбетей қатарлы ақындарға айтылса керек.

Қанжығалы руының ата қонысы әрқашанда Арғын тайпасының қонысына сәйкес болған. Жиделі – Байсынды** Бұқар хандығы қаратып алғаннан кейін (XV ғ.), Арғын елі шығысқа қарай беттеп, қоңыраттармен аралас, қыста Қаржан - Қазықұрттан Қаратау бөктерлерін, жазда Арыс пен Сырдария өзендерінің аралығындағы алқапты жайлаған деседі.

Шағатай ұлысының құрамында болған арғындар 1376, 1389 және 1390 жылдардағы Ақсақ Темірдің жойқын шапқыншылықтарына ұшырады. Тарихи жазба құжаттарда Қанжығалы руының аты бірінші рет XV ғасырдағы оқиғаларға байланысты аталады. 1420 жылы Барақ*** ханның Ташкент пен Ходжентке қарсы жорығында арғындар, яғни Қанжығалы руы қатынасты деген дерек бар.

* “Сауыт” - денеге киетін, кеудені қарудан қорғайтын батырлардың қорғаныс киімі. Сауттардың түрлері: көбе, кіреуке, берен, қаттама, жалаңқат, торғауыт.

** “Жиделі-Байсын” - Ферғана аңғары, қазіргі Өзбекстанның Сурхандария облысы. Жиделі - тау, Байсын - шығыс Бұқардағы қала.

*** Барақ (т.ж. белгісіз - 1428 ж.ө) - Ақ Орда ханы (1423-1428). Шыңғысхан әулетінен шыққан, Құйыршық ханның баласы, Орыс ханның немересі. Барақ хан - қазақ хандарының түп атасы.

Ақсақ Темірдің ұрпақтары Ұлықбек пен Әбу Саидтің әскерлері шайқасып, Әбу Саид жеңіліске ұшырап, 1448 жылы Өзбек ұлысының ханы Әбілқайырға қашып кұтылады. Біраз уақыттан соң Әбу Саид өз еліне қайтып әкім болғаннан кейін әжептеуір арғындардың тобы Сырдария аңғарынан Мауараннахрға* көшіп барады. Дешті-Қыпшақ арғындарының жасағы 1457-1458 жылдары Әбу Саидтің шабуылына қатысып Гератты басып алады делінген тарихи жазба ескерткіштерде.

Қанжығалы елінің ежелгі ата қонысы: қыста Қаратаудың басы жағындағы екі жақ бөктеріндегі көлдер маңы, өзендер жағасы. Жиделі-Байсынды да қыстайтын делінетін сөз бар. Жазда Торғай өзенінің батысындағы Қонырадыр, Қарғалы тауларының етегі, сайлары. Теке өзенінен Обаған өзеніне дейін деседі.

1456 жылы қанжығалылар батысқа қарай жылжып, Жәнібек ханның құрған қазақ хандығының құрамына кіреді. Жәнібек хан тұсында Арғын тайпасы қысын Қаратау төңірегінде, жазын Қыпшақ, Керей, Уақ тайпаларымен аралас алқабын қоныстаныпты. Сол дәуірде Қанжығалы руына тиген қоныс: қыста Бөген, Аса өзендері, Ақкөл мен Билікөл төңірегі, жазда - Қарғалы тауы, Қабырға мен Теке өзендері аралығы болса керек.

XVI ғасырдың соңында арғындар Қаратау жағынан келіп, Тәуекел мен Есім хандарының Ферғана, Самарқанд, Бұқара жорықтарына қатысады. Тәуекел ханның кезінде, XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың басы, арғындар Қаратаудың теріскейін мекендеп, Сарысу мен Ұлытау арасында көшіп-қонып жүреді.

1723 жылдың қысында қазақ сахарасында “қайың сауған ақ тышқан жыл” болып, қатты жұт жүреді.

“Қайыңды қақтай шауып сауушы едік,
Қара нар қанын сорып алушы едік,” -

деген сөздер қалған. Қыстан жұтап шыққан елге, көктемнің наурызында, жайлауға көшуге дайындық басталған кезде, зеңбіректермен қаруланған қазақтың ата жауы жоңғарлар Қаратаудан асып, сұрапыл шабуыл жасайды. Шыңжаңдағы ғалым-жазушылар Зейнолла Сәнік пен Бейсенғали Садыханның айтуы бойынша жоңғарлар жетпіс мың әскермен жеті қолға бөлініп (жеті түмен) жорыққа атанады. Ақтабан шұбырынды оқиғасын Шәкәрім ақын былай жырлайды:

“...Сырдан қалмақ қуған соң біздің елді,
Күні-түні шұбырып Шуға келді,
Табан тиіп жүре алмай, халі құрып,
Сұлап жатты айнала Саумал көлді.

Сонда Шақшақ Жәнібек сөз сөйлепті:
- Балалар, осы жолды ұмытпа- депті.
Ақтабан шұбырынды мұның аты,
Құдай қосса, аламыз біз де кекті.

Сол жерде тамам қазақ жыласыпты,
Құдайдан артын бер деп сұрасыпты,
Тыныққан соң қалмақтан кек алуға,
Сөз байласып, уағдамен ұнасыпты.

Арғындар сол көшкеннен көше берді,
Батырлары жер шалып, қоныс көрді.

* “Мауараннахр” - (араб.-өзеннің арғы беті) орта ғасырлардағы Амудария мен Сырдария аралығындағы аймақтың аты.

Есіл, Нұра, Сарысу, Қарқаралы,
Шалқар көл, Ұлытаудан алды жерді.

Орнығып қалың Арғын сонда қалды,
Жеті Момын олардан өте салды.
Ор, Елек, Ойыл, Қиыл қыстамақ боп,
Жаз жайлауға Мұғажар тауын алды.”

Бөгенбай батыр өзінің Қанжығалы руынан құралған мың шамалы қолмен жауға қарсы аттанады. “Орманнан көп Орта жүзден” Бөгенбай жасақ жинайды. Бұланты мен Бөленті өзендерінің жағасында қазақ жасақтарынан біріккен қол ойрат басқыншыларын ойсырата жеңеді. 1730 жылы көктемінде Арғанаты тауында үш жүзден 40 мың қол жиналады. Әскер басқару билігі хан тұқымынан Әбілқайырға тапсырылады, қолбасы боп Бөгенбай батыр бір ауыздан сайланады. Сол жылы тамыз айының аяғында Балқаш көлінің оңтүстігінде, Іле өзенінің Аңырақай ағысының тұсында қазақ жасағы жауға күйрете соққы беріп, ұлы жеңіске жетеді. Үмбетей жыраудың “Бөгенбай өліміне” деген жоқтауында:

Баянауыл, Қызылтау,
Арбалы, Шыңғыстау,
Қозымаңрақ, Қоймаңрақ
Арасы толған көп қалмақ.
Қалмақты қуып қашырдың,
Қара Ертістен өткізіп,
Алтай тауға асырдың!
Ақ Шәуліге қос тігіп
Ауыр қол жиып алдырдың,
Қалмаққа ойран салдырдың,-

деп Бөгенбай батырдың әскери жеңістерін мадақтайды.

Қазақтар ауыл - аймағымен, бота-тайлағымен қырылған “Ақтабан шұбырындының” ауыр апаты үш жылға (1723-1725 ж.ж.) созылды. 1724-1725 жылдары жоңғарлар қазақ елін ежелгі мекені, ата қонысынан айырып, Сайрам, Ташкентпен Қазақ хандығының астанасы Түркістанды басып алады. Жау жағадан алғанда Ұлы жүз Бұхара, Ташкент, Самарқанд маңына жақын қалып, Орта жүз тайпалары Есіл, Нұра, Сарысуға барады, кейбір рулар Орынбордың бергі жағындағы Орға дейін барды. Кіші жүз қазағы Хиуаға қарай беттейді, одан да әрі башқұрт жеріне дейін көшеді.

Аласапыран заманда арғындардың біразы жаудан шегініп Бұқара жеріне келіп қоныстанып, аяғында өзбектердің қарамағына өтеді. Бұған дәлел Өзбектің Локай руының шежіресі. Оңтүстік Тәжікстанды (Хисар бектігі: Дүшанбе уәлаяты және Сариаси болысы, Бәлжуан бектігі: Бәлжуан және Ховалин тумандары) мекендейтін Локай руының құрамында Сүйіндік (Суюндук), Төртуыл (Туртоул), Мейрам (Байрам), Қуандық (Кувандық) деген ата-тармақтары бар.

Жоңғардың алғашқы шабуылдарынан арғындар көп зардап шеге қойған жоқ, басқалардан көрі аз шығынға ұшырады, өйткені олар шапқыншылық уақытында Бетпақдаланың сусыз шөлейтін паналап аман қалады. Қырық жылға созылған Отан соғысында (1718-1758 ж.ж.) қазақ жасақтарының айбынды шабуылдары кезінде арғындар алдыңғы шепте жүреді. Қазақ аңызында айтылатын “қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі” - деген сөз де, сірә, сол кезде шыққан болса керек. Арғындар Орта жүздің басқа тайпаларымен одақтасып Абылай хан, Бөгенбай батыр, Шакшақұлы Жәнібек, Қаз дауысты Қазыбек басқаруымен ойраттарға тойтарыс беріп, кездескен сайын тықсыра қуып, ақырында Сарыарқаны жаудан азат етеді.

Жоңғар хандығы құлағаннан кейін арғындар ежелгі ата мекендеріне оралып, орныға бастайды. Бұл туралы Шәкәрім ақын “Еңлік-Кебек” поэмасында “Әңгіме алдында аз сөз” деген кіріспесінде былай баяндайды.

“...Қалмақты шабысуға Мамай келген,
Босап қалған Шыңғысты көзі көрген.
Барған соң Жеті Момын баласына,
Хан Шыңғыс босады деп хабар берген.

Момынның жартысы айтқан барамыз деп,
Ата қоныс Шыңғысты аламыз деп,
Атығай, Қарауыл мен Бәсентиін
Көшпейді, біз осында қаламыз деп.

Туысқанын қия алмай, жүр деп сен де,
Көп айтқан Кеңгірбай мен Қараменде.
Бос тұрған соң Шыңғысқа Матай қонған,
Біздің ел әне-міне деп жүргенде.

Тобықты, Қанжығалы көшкен сонда,
Өзге Момын көше алмай қалған онда.
Шыңғысты Матай алды дегенді естіп,
Қанжығалы қалыпты орта жолда.

Келгені Тобықтының осы маңға
Мың жеті жүз сексенге тақағанда.
Елді бастап әкелген Мамай батыр
Орда, Көкен, Ащысу, Доғаланға.”

Арғындар Сарыарқаны Ертіс өзеніне дейін иемделгенде, құнарлы жерлерді иемдену мақсатында Қанжығалы руы ыдырай бастаған, әр жерде бөлек-саяқ қоныстайды. Ертіс өзенінің орталық ағысы бойында, Ақкөл-Жайылмада, Баянауланың шығыс бөктерінде, Сілеті өзені аңғарында, Ерейментау жері, Обаған өзені жағаларында, Қарасу төңірегінде қоныстанады.

XVIII ғасырдың аяғында Қытай мен Ресей империялары қазақ жерін аннексиялап* екіге бөліп, Степной край** және Шынжаң*** деген аттарды қойып, бекіністер салып, әскерлерді төкті. Екіге бөлінген қазақтар елі бір-бірінен барған сайын алыстап алшақтай берді. Мұндайда қазақтың “екі түйенің ортасында шыбын өледі” - деген мақалы еріксіз еске түседі.

Ресей патшасының үкіметі 1822 жылы “Сібір қазақтары туралы жарлық” делінетін заңын шығарып, отарлық басқару жүйесін еңгізіп, қазақ даласындағы хандықтарды біржолата жояды. Үш ғасырдан аса өз алдына дербес, жеке мемлекет болған, Қазақ хандығының (1456-1822) шаңырағы ортасына түсті. Отаршы Орыс үкіметі “бөліп алда, билік құр” дейтін саясатын ұстап, Орта жүз бен Ұлы жүздің біраз жерін сегіз сыртқы округке (дуанға) бөліп, оларда хандықтан әлде қайда әлсіз аға сұлтандық әкімдік басқаруды еңгізді. Округтер Омбының облыстық басқармасына бағынды. Қарқаралыда төре Тұрсын Бөкеев, Көкшетауда төре Ғұбайдолла Абылайханов, Аягөзде төре Өшін Әбілфейіз, Ақмолада төре Қоңырқұлжа Құдаймендин, Аманқарағайда төре

* “Аннексия” - мемлекетті немесе оның бір бөлігін басқа мемлекетке зорлап қосу.

** “Степной край” - 1868 жылы патша үкіметі қазақ жерінде құрған шартты әкімшілік бөлік. Оның құрамында Түркістан, Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтар болды.

*** “Шынжаң” (Синьцзян) - қытайша “Жаңа шеп”, “Жаңа шекара” немесе “Жаңа қосылған өлке” деген ұғым береді. Бұл аймаққа Шығыс Түркістан мен Жоңғария кіреді. Шынжаң жерін Цин империясы жаулап алды, елін өзіне қаратты.

Шыңғыс Уәлиев аға сұлтан болып, шен алып, шекпен киеді, округтерді окружной приказдар (дуандар) басқарады. Округ 15-20 болыстарға бөлінеді, болыс 10-12 ауылдардан құралады, әр ауылда 50-70 түтін болады.

Аға сұлтандық, болыстық алауыздықтың отына май құйды, ел ішін ру-руға, топ-топқа, партияға, толып жатқан жік-жікке бөледі. Екінші Екатерина патшайымының қолы қойылған қазақ жерін отарлау әкімшілігіне берілген құпия нұсқауда мынандай міндеттер жүктелген: қазақ халқының ру басшыларын, сұлтандарын “бірімен-бірін араз қылып, бірін-бірімен иттей таластырып, бірінің етін бірі жеуге болардай іс қылыңыз” (Айқап, 1914, ғ 13). 1831 жылдың қазан айында бүкіл даланы дүрліктіріп, сонау Петербургқа дейін жеткен Ереймен оқиғасы бүрк ете қалады.

Қазыбек Нұралин ақсақал Ереймен оқиғасын былай әңгімелейді. Айдабол Едіге бидің баласы Шоң би мен Қаржас Шорман мырза да өз жерінде, Баянаулада, дуандық құру әлегіне түседі. Шоң би бұл мәселені шешуді Батыс-Сібір әскери генерал-губернаторының алдына қояды. Бірақ дуан болуға “жарлықта” көрсетілген шартты түтін (шаңырақ) санына Баянаула елі жеткізбеді. Шорман би Ереймен қанжығалысының билері Бапан Тұраналыұлы мен Жанболат Мырзагелдіұлына кісілер жібереді. Олар аталмыш билерге Шоң бидің: “Қыпшақ-Керейдің дуанына қосылмай, бір Арғынның баласымыз, біздің дуанға қосылсын,” - деген ұсынысын білдіреді.

Ереймен билері Шоң ұсынысын қабылдай алмайды. Оған бірінші себеп, Ереймен қанжығалысы Ақмола дуанына қосылып, жылдың түндік салығын (“қара шығын”) төлеп, екінші жылдың салығы мойында тұрған кез еді. Баянауыл дуанына қосылатын болса, бір жылда салықты екі рет төлеуге душар болатындарын Ереймен билері сезеді.

Екіншіден, Баянауланы қоныстаған қанжығалы елдері Едіге бидің еркіне көнбей, жерлерінен айрылып Ереймен жаққа кетеді. Тек Баянаула маңындағы Шақшан тауын қоныстанған Құдияр атасының намысқой батырлары отырған, ата мекенінен қозғалмаған. Осындай жәбірлік тепкісіне түскен ағайындарына жаны ашыған Ереймен билерінің жүрегі басыңқы болады.

Ереймен мен онда қоныстанған қанжығалы ауылдарын Баянауыл округына қосып алу мақсатымен Ерейменге сотник Махонин басқаруымен казак - орыс атты отряды жіберіледі. Сабанбай, Тіленші батырлар басқарған ереймендік қол орыс отрядын Өлеңті өзені бойында қарсы алады. Орыстар мылтық оғын жұмсайды. Қазақ жағынан он бір адам бірден оққа ұшады. Жетеуі сол жерде жан тапсырады. Ол марқұмдардың есімдері: Сабанбай Ақанұлы, Тай Мәтетұлы, Мамыт Қауменұлы, Кәрім Көбекұлы, Қырғызбай Көшірұлы, Қойсары қарт және Түсберген деген жігіт. Оққа ұшқан ереймендіктердің зираты бұл күнде Ерейментау ауданының бұрынғы “Горный” кеңшарының Усанбай бөлімшесі маңында, “Жеті батыр” зираты деп аталады.

Ереймен оқиғасына байланысты сотник Махонин қызметінен босатылады. Қанжығалы жағы халықтың ескі салты бойынша қанды кек алу үшін “қанға - қан, жанға - жан” заңымен жеті ерге құн даулайды. Сүйіндіктер Ерейментаудағы Күншалмас (бәлкім Күншалған) деген шүйгін жайлауын Қанжығалы еліне бермек болады. Қанжығалы жағы Күншалмас жайлауын қанағат етіп келісімге келеді.

Баянауыл сыртқы округі 1826 жылы құрылғанымен, ресми түрде 1833 жылы бекітіледі. Аға сұлтан болып Шоң Едигин тағайындалды. Патша әкімшілігі болыстарды рудың бір атасы немесе бірнеше ұрпақ деңгейінде құрады, оларға рулардың аттарын береді. Баянауыл сыртқы округіне 15 болыс қарады (1851 ж. дерек): Ақбура-Тұлпар-Орманшы, Күлік, Айдабол,

Жанғозы-Айдабол, Құлеке-Қаржас, Сатылған-Алтынторы, Қозған, Бәйімбет-Бәсентиін, Бәсентиін, Әйтей-Бәсентиін, Сәмек-Бәсентиін, Ақтілес-Күшік-Бәсентиін, Бозғозы-Буранайман, Жәуетей-Буранайман, Ажыбай-Қанжығалы.

Баянаулада дуан құрылғанында Қанжығалыдан ең алдымен атағы шыққан Дәнен болыс болады. Дәнен Тоқтарұлы- Ақбура атасы Айтуар тармағынан. Бұл оқиға туралы Мәшһүр Жүсіптің дерегін келтіре кетейік. “Қазақ орысқа алғаш қарағанда Иван Семенович деген бөлкебай келіп, Баянаулада қала салдырып, дуан алғаш ашылғанда дуанбасы, қазы, болыс сайланған. Шоң би дуанбасы, Тайжан қазы болған. Сонда Қанжығалы атындағы ел ойдағы-қырдағы бір болыс болып, болыстықты алған. Киікбай Бозай баласы Малайға болыстығын жолға байлаған. Ол айтыпты: “Жолды маған байлағандарың рас болса, мен Айтуардың Дәненіне бердім. Дәнен күндердің күнінде кімге берсе, өзі білсін”- деген. Сондықтан Қанжығалыға ең алғаш Дәнен болыс болған. Дәнен өлерінде өз балаларына байламай, жолды Әлдебекке берген.

...Әлдебек өлерінде болыстықты Дәнен балаларына байламақ болған. Мұстафа деген баласы тілін алмай, өзі болған. Соған өкпелеп Қанжығалы екі айрылған. Жетіру мен Ажыбай Баянаулаға қарап қалып, Қарабұжыр, Тентек Қанжығалы Ақмолаға қарап кеткен. Қанжығалы қажарылған жері сол”- дейді Мәшекең.

Үшбалық сыртқы округіне қарасты болыстардың тізімінде (1840 ж. дерек): Қанжығалы (10 ауыл, 680 шаңырақ), Ажыбай-Қанжығалы (7 ауыл, 340 шаңырақ), тағы да Қанжығалы (9 ауыл, 133 шаңырақ), тағы да Қанжығалы (9 ауыл, 506 шаңырақ) болыстары кездеседі. Қанжығалының бір болысы (8 ауыл, 500 шаңырақ) Аманқарағай сыртқы округінің құрамына кіреді.

Орыс патшасының 1868 жылғы “Уақытша ереже” үкімі бойынша қазақ даласы Ресей империясының колониясына* айналды, ел басқару жөні жалпы Ресейлік тәртібіне (губерния-уезд-волость) ауысады. Уезд бастығын әскери генерал-губернатор** орыс чиновниктерінен тағайындайды, ал болыс басшысы қазақтан сайланатын болды. Сайлау ауыл арасынан өрт шығарып, оған қатынасатын елді араздастырып жібереді. Патшаның отаршыл үкіметі бұрын біртұтас тайпа, бүтін ру болып отырған қазақ елін быт-шыт қып бөлшектеді.

Қазақ халқын ыдыратып басқару басталды. Бұрын бір рудың аталарынан құрылған үлкен болыстар енді территориялық принципке негізделген аралас-құралас аталардан құрылатын ұсақ болыстарға бөлінді. Бұрын ру аттарымен аталатын болыстарға енді жердің, таудың, судың аттары (топонимикалық атаулар) берілді. Ал ауылдардың атын жалпы жойын, оларды нөмірлеп қойды.

1893 жылғы Павлодар уезі картасында 16 болыстар көрсетілген. Бұл Ақбеттау, Ақкелін, Ақкөл, Ақсу, Алакөл, Алтыбай, Атағозы, Баянауыл, Далба, Қарамола, Қызылағаш, Қызылтау, Маралды, Тереңкөл, Ұрық, Шақшан болыстарында 114145 тұрғын болған, тайпалар санының ара салмағы былайша қалыптасты: арғындар-27327, қыпшақтар-2962, наймандар-1982, уақтар-1399, керейлер-376, төрелер мен төлеңгіттер-1352 шаруашылық.

Ақкөл және Шақшан болыстары негізінен қанжығалының ата қонысы болып есептелді. Ақкөл болысында 1229 шаруашылық, 7529 тұрғын, Шақ-

* “Колония” — латын сөзі, саяси және экономикалық еркінен айырылған және арнайы тәртіп негізінде басқарылатын басқа мемлекеттің иелігіндегі аумақ.

** “Генерал-губернатор” - Ресей империясында отар елді әскери және әкімшілік жағынан билейтін басшы әкім.

шан болысында- 1262 шаруашылық, 7310 адам болды. Қызылағаш болысының тұрғындары- қыпшақтар, керейлер, төре, төлеңгіттер және қанжығалылар. Қанжығалы руының өкілдерінің жалпы саны- 270 шаруашылық, 1782 адам. Тереңкөл болысын уақтар, керейлер, қозғандар құраған. Бұлармен көршілес, қоныстас болған Қанжығалы руының 765 адамы (131 шаруашылық) санақ көрсеткіштерінде кездеседі.

Қанжығалы елінің көбірегі Ерейментау, Ақмоланың шығысында және теріскей шығыс бетіндегі далаларда шоғырланған. Петропавл уезінің құрамындағы 13 болыс ішінде Қанжығалы болысы да болды. Бұл болыс уездің батыс бөлігінде жайғасып Мезгіл ормандар деп аталатын жерлерде орналасқан, болыста 356 шаруашылық қоныс тепкен. Семей уезінің солтүстік-шығысында Аршалы болысы орналасқан. Болыс тұрғындарының басым көпшілігі керейлер болады, олармен қатарлас қанжығалылар да мекен етті, бұл Нарбота атасына жататындар.

1876 жылы Ереймендегі Қусақ көлінің басында Керей тайпасының шонжары әйгілі Сағынай бидің асында әр рудың ақындары өз елі мен жерін мадақтап айтысқанда, Ереймен қанжығалысы Боранбай атасынан шыққан ақыны Қуат Арабыданұлы (т.ж. 1802 - 1892 ж.ө.):

“Ақжарда би моласы тұрған жеке,
Жарқайын, Қараой менен Үлкен Теке,
Жарлықақ, Жантай-Ағаш, Жайылма мен
Майқайың, Ерейментау-жер береке.
Әр жерге қанжығалы тарағанда,
Бір болыс қалып қойған Обағанда,
Үш болыс Ерейменнің тап өзінде,
Үш болыс Керекуге қарағанда”, -

деп шырқап қоя берген екен. Қазан төңкерісі алдында Қанжығалы руы сегіз болыстықтан тұрды:

1. Обаған болысы (Торғай облысы, Қостанай уезі);
2. Сілеті болысы (Ақмола облысы, Ақмола уезі);
3. Ереймен болысы (Ақмола облысы, Ақмола уезі);
4. Қоржынкөл болысы (Ақмола облысы, Ақмола уезі);
5. Қанжығалы болысы (Ақмола облысы, Петропавл уезі);
6. Қызылағаш болысы (Семей облысы, Павлодар уезі);
7. Ақкөл болысы (Семей облысы, Павлодар уезі);
8. Шақшан болысы (Семей облысы, Павлодар уезі).

